The proposed taxonomy of digital reading exercises allows for the gradual development of reading skills at each stage, which transforms the learning process in an electronic environment from a traditional fragmented approach to a theoretically grounded system. From the point of view of Cognitive Load Theory, the model reduces extraneous cognitive load and creates conditions for effective management of intrinsic and germane load.

In practical terms, the model is suitable for implementation through LMS, MOOC and Web 2.0 platforms, which allows teachers to use the didactic potential of digital tools to the maximum. In addition, artificial intelligence and adaptive learning systems open up promising directions for further improvement of the model, allowing to adapt the educational material to the individual cognitive characteristics of the student.

In conclusion, the study contributes to the transformation of the process of teaching a foreign language in an electronic environment into a cognitively optimized, theoretically grounded and pedagogically effective methodological system. This model can be widely used in the future in the development of electronic learning programs, improving foreign language teaching methodologies, and in pedagogical practice. During the study, the cognitive and methodological foundations of the formation of reading skills in a foreign language in an electronic educational environment were comprehensively analyzed. The following summaries are presented as the results of the work:

Scientific novelty

Cognitive optimization: The problems of split-attention effect and working memory overload that arise during reading in an electronic environment were systematized for the first time from the perspective of Cognitive Load Theory (CLT).

Didactic model: An Electronic Reading Didactic Model consisting of three stages (pre, while, post-reading) was developed, which allows for the effective management of the cognitive resources of foreign language learners.

Theoretical integration: The interrelationship of the theories of Scaffolding, Hypertextuality, and Interactive Learning in working with electronic text was identified, and their role in educational platforms was substantiated.

Practical recommendations

Methodological consistency: When choosing digital tools, teachers are advised to focus not only on their technical capabilities, but also on specific pedagogical goals (for example, Word-cloud for vocabulary training, H5P for interactive learning), as shown in Table 2.

Load management: To reduce extraneous cognitive load in the learning process, it is necessary to use contextual aids (embedded vocabulary support) that are student-oriented, without overcomplicating the hypertext structure.

Development of autonomy: It is important to introduce more asynchronous tasks adapted to the individual learning pace of the student, using the capabilities of electronic platforms (LMS, MOOC).

In summary, the proposed model and typology of exercises allow for the transformation of foreign language learning in a digital environment from passive information collection to an active and deep semantic processing process. This approach will serve as the basis for further improving learning efficiency through the integration of artificial intelligence technologies in the future.

References:

[1] **Sweller, J.** (2011). Cognitive Load Theory. *Psychology of Learning and Motivation*, 55, 37-76. https://doi.org/10.1016/B978-0-12-387691-1.00002-8

[2] **Mayer, R. E., & Moreno, R.** (2003). Nine Ways to Reduce Cognitive Load in Multimedia Learning. *Educational Psychologist*, 38(1), 43-52. https://doi.org/10.1207/S15326985EP3801_6

[3] **Abisheva, S. K., & Tazhibayeva, S.** (2021). Digital Transformation of Language Education in Kazakhstan: Methods and Strategies. *Bulletin of the University of Karaganda*, 102(2), 112-120. https://doi.org/10.31489/2021Ped2/112-120

[4] **Yerkinbayeva, L., & Issabayeva, S.** (2022). Applying Cognitive Load Theory to Online EFL Reading Tasks. *Theory and Practice of Foreign Language Teaching*, 14(1), 22-35. https://doi.org/10.51889/2022-1.TPFLT.03

[5] **Coiro, J.** (2011). Predicting Reading Comprehension on the Internet: Contributions of Offline Reading Skills, Online Reading Skills, and Prior Knowledge. *Journal of Literacy Research*, 43(4), 352-392. https://doi.org/10.1177/1086296X11421979

[6] **Zhetpisbayeva, B. A., & Shelestova, T. Y.** (2019). Scaffolding in the context of CLIL: From theory to practice. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 22(4). https://doi.org/10.1080/13670050.2019.1574246

[7] **Kalyuga, S.** (2012). Interactive Multimedia Learning: Cognitive Load Theory Perspective. *Journal of Computer Assisted Learning*, 28(2), 107-115. https://doi.org/10.1111/j.1365-2729.2011.00416.x

[8] **Paivio, A.** (2014). Intelligence, Dual Coding Theory, and the Brain. *Intelligence*, 45, 36-43. https://doi.org/10.1016/j.intell.2013.07.008

[9] **Suleimenova, Z.** (2023). Adaptive Learning Strategies in LMS: A Case of Kazakhstan Universities. *Digital Education Review*, 43, 89-105. https://doi.org/10.1344/der.2023.43.89-105

[10] **Kushnir, Y., & Smirnova, A.** (2020). Improving Reading Comprehension in a Digital Environment: Cognitive Aspects. *Journal of Education in Kazakhstan*, 5(2), 45-58. https://doi.org/10.48081/KJED2020.05.02.04

[11] **Dillenbourg, P.** (1999). *Collaborative Learning: Cognitive and Computational Approaches*. Elsevier Science. https://doi.org/10.1016/B978-0-08-043082-9.X5000-7

[12] **Uteubayeva, G., & Berdibayeva, S.** (2021). Psychological Peculiarities of Students' Cognitive Processes in Distance Learning. *Eurasian Journal of Learning and Instruction*, 8(3), 154-162. https://doi.org/10.21522/EJLI.2021.08.03.015

[13] **Mayer, R. E.** (2014). Cognitive Theory of Multimedia Learning. *The Cambridge Handbook of Multimedia Learning*, 43-71. https://doi.org/10.1017/CBO9781139547369.005

[14] **Kirschner, P. A.** (2002). Cognitive load theory: Implications of cognitive load theory on the design of learning. *Learning and Instruction*, 12(1), 1-10. https://doi.org/10.1016/S0959-4752(01)00014-7

[15] **Nurbekova, Z., & Aimicheva, G.** (2020). Modern Information Technologies in Foreign Language Teaching in Kazakhstan. *International Journal of Emerging Technologies in Learning*, 15(12), 234-245. https://doi.org/10.3991/ijet.v15i12.14567

Түйін

Бұл теориялық зерттеуде шетел тілінде оқуды электрондық білім беру ортасында оқытудың әдіснамалық негіздері қарастырылады. Цифрлық дәуірде дәстүрлі тілдік оқыту Learning Management Systems (LMS), MOOC платформалары және Web 2.0 құралдарымен толықтырылуда, алайда оларды тиімді кіріктіруге арналған біртұтас педагогикалық модель жеткіліксіз. Зерттеуде тірек көрсету (scaffolding), гипермәтінділік және интерактивті оқыту қағидаттарына негізделген цифрлық оқуды ұйымдастырудың тұжырымдамалық моделі ұсынылады. Концептуалдық талдау мен модельдеу әдістері арқылы экрандық оқудағы когнитивтік жүктеме Cognitive Load Theory (CLT) тұрғысынан сараланады. Нәтижелер құрылымдалған мәтіналды тапсырмалар, интерактивті мәтінмен жұмыс және бірлескен мәтіннен кейінгі әрекеттер когнитивтік жүктемені тиімді басқаруға және түсінуді арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Ұсынылған модель мультимодальды мазмұнды, білім алушының дербестігін және кері байланыс механизмдерін біріктіріп, өзін-өзі реттейтін оқытуды дамытуға ықпал етеді.

Түйін сөздер: *шетел тілінде оқуды оқыту, электрондық білім беру ортасы, цифрлық білім беру платформалары (LMS, MOOC), когнитивтік жүктеме теориясы, цифрлық оқыту моделі.*

Резюме

В данной теоретической работе рассматриваются методологические основы обучения чтению на иностранном языке в электронной образовательной среде. В цифровую эпоху традиционное языковое обучение все чаще дополняется системами управления обучением (LMS), массовыми открытыми онлайн-курсами (MOOC) и инструментами Web 2.0, однако целостная педагогическая модель их интеграции остается недостаточно разработанной. В исследовании предлагается концептуальная модель цифрового обучения чтению, основанная на принципах поэтапной поддержки (scaffolding), гипертекстуальности и интерактивного обучения. На основе концептуального анализа и моделирования с применением теории когнитивной нагрузки (CLT) оцениваются когнитивные требования экранного чтения. Результаты показывают, что структурированные предтекстовые задания, интерактивная работа с текстом и коллаборативные послетекстовые упражнения способствуют оптимальному управлению когнитивной нагрузкой и повышают уровень понимания. Предложенная модель интегрирует мультимодальный контент, автономность обучающихся и механизмы обратной связи, способствуя развитию саморегулируемого обучения.

Ключевые слова: *обучение чтению на иностранном языке, электронная образовательная среда, цифровые образовательные платформы (LMS, MOOC), теория когнитивной нагрузки, модель цифрового обучения чтению.*

ӘОЖ 372.853

PHET СИМУЛЯТОРЫН ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Наметкулова Фарида Джанузаковна,
п.ғ.к., аға оқытушы
https://orcid.org/0000-0002-4245-9819
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Түйін. *PhET симуляторларын «Электр және магнетизм» бөлімінде қолдану оқушылардың концептуалдық түсінуін арттырып, абстрактілі ұғымдарды визуализациялауға және зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Circuit Construction Kit (DC) және Charges and Fields симуляциялары жоғары әдістемелік әлеуетке ие. Алайда виртуалды зертханалар дәстүрлі физикалық эксперименттерді толық алмастыра алмайды. PhET-ті нақты лабораториялық жұмыстармен үйлестіретін аралас оқыту тиімді шешім болады.*

Түйін сөздер: *PhET симуляторы, электр және магнетизм, виртуалды зертхана, физиканы оқыту әдістемесі.*

Халықаралық деңгейде білім беру саласына цифрлық технологиялар кеңінен енгізілуде. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ, 2019) мен UNESCO (2017) стратегиялық құжаттарында цифрлық сауаттылық пен ғылыми құзыреттілік білім беру жүйесінің негізгі басымдықтары ретінде айқындалған. Бұл үрдіс оқыту мазмұнын жаңғыртумен қатар, цифрлық білім беру құралдарын пәндік оқыту әдістемесіне жүйелі енгізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында STEM-тәсіл білім беру жүйесінің инженерлік-технологиялық трендінің талаптарына сәйкес жаңа парадигманың инновациялық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады [1]. Атап айтқанда, STEM білім берудің тұлғалық-іс-әрекеттік және құзыреттілік тәсілдерінің интеграцияланған форматын кеңейту мен жаңғыртуды көздейді. Осы стратегиялық бағыт физиканы оқытуда цифрлық модельдеу құралдарын, соның ішінде интерактивті PhET симуляцияларын әдістемелік тұрғыдан жүйелі енгізуге негіз қалыптастырады.

PhET симуляторлары физикалық құбылыстарды визуализациялау, эксперименттік модельдеу және концептуалдық түсінуді тереңдету мүмкіндігін береді. Цифрлық инфрақұрылымның дамуы PhET-ті сабақ барысында тек демонстрациялық құрал ретінде емес, зерттеушілік және тәжірибелік әрекетті ұйымдастыру құралы ретінде пайдалануға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында адами капиталды дамыту, жасанды интеллект негіздерін мектептен бастап оқыту және педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру қажеттілігі атап көрсетілді. Бұл бастама физика пәні мұғалімдерінің цифрлық педагогика элементтерін меңгеруін, соның ішінде PhET симуляцияларын әдістемелік тұрғыдан тиімді интеграциялауын талап етеді.

Жасанды интеллект пен цифрлық модельдеу технологияларының дамуы жағдайында PhET симуляторларын қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларын, модельдік ойлауын, деректерді талдау және интерпретациялау қабілеттерін, ғылыми гипотеза құру және тексеру құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Осы контексте физика пәнін оқытуда цифрлық құралдардың рөлі артып келеді.

Физика тәжірибелік ғылым болғандықтан, оны оқытуда эксперимент негізгі әдіс болып табылады. Дегенмен, көптеген мектептерде құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі, қауіпсіздік мәселелері және уақыт шектеулері зертханалық жұмыстардың сапасына әсер етеді. Осы мәселелерді шешудің бір жолы – виртуалды симуляцияларды, соның ішінде PhET симуляцияларын қолдану.

PhET симуляцияларын физиканы оқытуда қолданудың ғылыми негіздері халықаралық зерттеулерде жан-жақты қарастырылған. Бұл бағыттағы іргелі еңбектер PhET симуляторының білім алушылардың физика пәнінің оқу мазмұнын концептуалдық түсінуінді дамытудағы, олардың танымдық белсенділіктерін арттырудағы және зерттеушілік әрекеттерін қалыптастырудағы әлеуетін дәлелдейді.

Wieman, Adams және Perkins (2008) зерттеуінде PhET симуляциялары білім алушылардың концептуалдық түсіну деңгейін арттыруға бағытталған тиімді педагогикалық құрал ретінде сипатталады. Авторлар симуляциялардың тек көрнекілік қызметін атқармайтынын, олардың интерактивті және зерттеушілік сипаты оқыту сапасын айтарлықтай арттыратынын дәлелдеген. Зерттеу нәтижелері PhET ортасының танымдық белсенділікті қолдайтынын, білім алушыларды болжам жасауға және оны эксперименттік модельдеу арқылы тексеруге ынталандыратынын көрсетеді [2]. Симуляциялар «басқарылатын жаңалық (guided discovery)» қағидаты негізінде білім алушыға дайын ақпаратты қабылдамай, зерттеуші ретінде әрекет етуіне мүмкіндік береді. Бұл ұстаным әсіресе электр және магнетизм бөліміндегі Ом заңы, ток күшінің таралуы, электр өрісі сияқты жоғары абстрактілі ұғымдарды меңгеруде әдістемелік тұрғыдан маңызды болады.

Perkins және әріптестері (2006) виртуалды модельдердің күрделі физикалық құбылыстарды динамикалық және көрнекі түрде түсіндірудегі тиімділігін эмпирикалық тұрғыда негіздеген. Авторлардың негізгі тұжырымы бойынша, симуляциялар «көрінбейтін құбылыстарды көрінетін етеді» [3]. Электр және магнетизм бөлімінде бұл әсіресе маңызды, себебі электр өрісінің күш сызықтары, потенциал немесе магнит өрісінің таралуы сияқты құбылыстар тікелей бақылауға келмейді. Зерттеу нәтижелері PhET симуляцияларының танымдық жүктемені азайтатынын, визуалды модельдеу арқылы түсінуді жеңілдететінін және оқушылардың қате түсініктерін азайтуға ықпал ететінін көрсетеді. Бұл тұжырымдар PhET-ті абстрактілі электр құбылыстарын нақты модельдік деңгейде ұғындыру құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Компьютерлік симуляциялардың білім беру тиімділігін кешенді бағалау Rutten, van Joolingen және van der Veen (2012) жүргізген мета-талдауда көрініс тапқан [4]. 40-тан астам эмпирикалық зерттеуді қамтыған бұл жұмыс компьютерлік симуляциялар дәстүрлі оқытуға қарағанда жоғары нәтижелер беретінін көрсетеді. Алайда зерттеушілер аралас оқытудың тиімділігін өтеді. Олай болса, симуляцияларды нақты экспериментпен үйлестіру маңызды болып табылады. Бұл қорытынды PhET-ті дәстүрлі лабораториялық жұмыстың толық баламасы емес, оны толықтырушы құрал ретінде қарастыру қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Виртуалды орта өлшеу дәлдігі, құрал қателігі немесе эксперименттік мәдениет сияқты аспектілерді толық бере алмайды. Сондықтан, физиканы оқытуда модельдеуді және нақты физикалық экспериментті қатар қолдану әдістемелік тұрғыдан орынды болып табылады.

Hattie (2009) жүргізген кең ауқымды мета-талдаулар білім беру факторларының әсер ету деңгейін анықтауға бағытталған. Автор кері байланыс, визуализация және белсенді оқыту стратегияларының жоғары әсер көрсеткішіне ие екенін дәлелдейді [5]. Бұл тұрғыда PhET симуляциялары нақты уақыт режимінде визуализациялауды ұсынуы, физикалық шамаларды өзгерткенде нәтижені бірден көрсетуі, оқушының қателерін уақытылы байқауына мүмкіндік беруі арқылы тиімді кері байланысты қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, интерактивті әрекет оқушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыруға жағдай жасайды. Осылайша, PhET симуляцияларының интерактивтілігі пәнді оқыту процесінде белсенді оқытуды қолдаумен қатар, меңгерілетін оқу материалына да мазмұндық тұрғыда сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу нәтижесінде PhET симуляцияларының концептуалдық түсінуді арттыру, абстрактілі ұғымдарды визуализациялау арқылы меңгеруді жеңілдету, зерттеушілік әрекетті ынталандыру, кері байланысты қамтамасыз ету секілді артықшылықтарын анықталды. Сонымен бірге, зерттеулерде симуляциялар

дәстүрлі физикалық экспериментті толық алмастыра алмайтыны, виртуалды және нақты зертханалық жұмыстарды үйлестірген тиімді екенін ғылыми негізделген, деген қорытынды жасалды.

Осылайша, халықаралық зерттеулер PhET симуляцияларын физиканы, әсіресе электр және магнетизм бөлімін оқытуда ғылыми негізделген әдістеме ретінде қолданудың тиімділігін дәлелдейді. Бұл цифрлық құралдарды оқыту процесіне мақсатты және жүйелі кіріктіру білім алушылардың физикалық ұғымдарды терең түсінуіне, ғылыми ойлау мен зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

PhET симуляцияларының визуализациялық әлеуеті, атап айтқанда токтың бағытталған қозғалысын, потенциал айырмасын және электр өрісінің таралуын динамикалық көрсетуі, абстрактілі ұғымдарды нақты модельге айналдыруға мүмкіндік береді.

Perkins et al. (2006) көрсеткендей, визуалды модельдер когнитивтік жүктемені төмендетеді және оқушылардың жұмыс жадындағы шамадан тыс ақпарат өңдеуін азайтады. Біздің зерттеу нәтижелері бұл тезисті электр және магнетизм бөлімі аясында эмпирикалық тұрғыда растайды.

Жүргізілген салыстырмалы талдау PhET платформасындағы Circuit Construction Kit (DC) және Charges and Fields симуляцияларының «Электр және магнетизм» бөлімін оқытуда айтарлықтай әдістемелік әлеуетке ие екенін көрсетті [6].

Тізбекті құрастыру жинағының мүмкіндіктеріне талдау ұсынылып отыр**.** PhET платформасындағы Тізбекті құрастыру жинағы (*Circuit Construction Kit)* симуляторы айнымалы ток тізбектерін модельдеуге арналған интерактивті виртуалды зертханалық орта болып табылады. Бұл цифрлық құрал электротехника негіздерін, соның ішінде RLC тізбектерін, айнымалы ток заңдылықтарын, Кирхгоф және Ом заңдарын тәжірибелік-модельдік деңгейде меңгеруге мүмкіндік береді.





Симулятордың мазмұндық құрылымы айнымалы ток тізбектерінің теориялық негіздерін практикалық модельдеу арқылы түсіндіруге бағытталған. Оқушылар резистор, конденсатор және индуктивті катушка элементтерін пайдаланып RLC-тізбектерін құрастырады, айнымалы кернеу көзін қосады және ток пен кернеудің уақытқа тәуелді өзгерісін бақылай алады. Бұл тәсіл айнымалы ток пен тұрақты ток арасындағы айырмашылықты салыстырмалы талдау арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді.

Симулятордың негізгі оқу мақсаттары электр тізбектерінің тізбектей және параллель жалғану заңдылықтарын түсіндіру, амперметр мен вольтметр көрсеткіштерін тіркеу және өлшеу нәтижелерін теориялық тұрғыдан негіздеу болып табылады. Виртуалды ортада оқушылар схема бойынша тізбектерді жинақтап, өлшеулер жүргізіп, алынған нәтижелерді Кирхгоф заңдары және Ом заңы тұрғысынан талдайды. Бұл зерттеушілік әрекетті ұйымдастыруға және себеп-салдар байланыстарын анықтауға жағдай жасайды.

Айнымалы ток тізбектерінде конденсатор мен индуктивтілікті модельдеу ерекше әдістемелік маңызға ие. Симулятор ток пен кернеудің фазалық ығысуын, реактивті кедергінің жиілікке тәуелділігін және RC-тізбектің уақыт тұрақтысын эксперименттік жолмен анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, RLC-тізбегіндегі резонанс құбылысын модельдеу арқылы оқушылар жиіліктің өзгеруі амплитудаға қалай әсер ететінін бақылай алады. Бұл құбылыстарды нақты мектеп зертханасында толық көлемде көрсету күрделі болғандықтан, виртуалды модельдеу олардың концептуалдық түсінуін айтарлықтай жеңілдетеді.

Симулятордың маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның интерактивті өлшеу құралдарымен жабдықталуы. Виртуалды амперметр мен вольтметр көмегімен нақты уақыт режимінде өлшеулер жүргізіледі, бұл оқушылардың эксперименттік ойлауын және деректерді талдау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, тізбектерді схематикалық кескін бойынша құрастыру мүмкіндігі инженерлік ойлау элементтерін қалыптастырады.

Симулятор жалпы көрсету қызметімен жабдықталған. Бұл мүмкіндік ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу үдерісіне толыққанды қатысуын

қамтамасыз етеді. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, Тізбекті құрастыру жинағы симуляторы айнымалы ток тізбектерін зерттеуде модельдік және зерттеушілік тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол абстрактілі электротехникалық заңдылықтарды динамикалық визуализациялау арқылы концептуалдық түсінуді тереңдетеді. Дегенмен, симулятор идеалдандырылған орта болғандықтан, өлшеу қателігі мен нақты құрал-жабдықпен жұмыс дағдыларын толық қалыптастыра алмайды. Бұл нәтиже виртуалды модельдердің табиғи шектеулерін көрсетеді және Rutten et al. (2012) еңбектеріндегі «симуляциялар нақты экспериментті толық алмастырмайды» деген тұжырыммен үйлеседі. Сондықтан оны дәстүрлі лабораториялық жұмыстармен үйлестіре қолдану педагогикалық тұрғыдан тиімді болып табылады.

Осылайша, Тізбекті құрастыру жинағы электр тізбектерін виртуалды түрде құрастыруға, резисторлар мен батареяларды әртүрлі конфигурацияда жалғауға, ток күші мен кернеуді өлшеуге мүмкіндік береді. Бұл Ом заңын, тізбектей және параллель жалғауды түсіндіруде концептуалдық байланысты айқын көрсетеді. Симуляция параметрлерді жедел өзгертуге мүмкіндік беретіндіктен, оқушылар гипотеза құрып, оны бірден тексере алады.

Салыстырмалы талдау кестесі

Критерийлер	Дәстүрлі эксперимент	PhET симуляциялары	PhET + дәстүрлі эксперимент
Концептуалдық түсініктің қалыптасуы	Нақты құралдармен жұмыс арқылы қалыптасады, бірақ кейбір абстрактілі құбылыстар көрінбейді	Circuit Construction Kit (DC) ток, кернеу, кедергі байланысын динамикалық көрсетеді; Charges and Fields электр өрісін, суперпозицияны визуализациялайды	Терең және тұрақты концептуалдық түсіну қалыптасады
Өлшеу дәлдігі	Нақты өлшеу құралдары, бірақ өлшеу қателіктері бар	Идеал модель, өлшеу дәлдігі жоғары, қателік жоқ	Теориялық дәлдік пен практикалық өлшеу айырмашылығы түсіндіріледі
Қауіпсіздік	Қысқа тұйықталу, құрал зақымдану қаупі бар	Толық қауіпсіз орта, қауіпті жағдайларды модельдеуге болады	Қауіпсіздік мәдениеті мен теориялық түсінік қатар дамиды
Қолдану мүмкіндігі	Құрал-жабдыққа тәуелді, уақыт шектеулі	Интернет пен құрылғы болуы жеткілікті, көп нұсқалы модельдеу мүмкіндігі	Қолжетімділік артады, оқыту икемділігі күшейеді
Зерттеу дағдыларының қалыптасуы	Нақты эксперимент жүргізу, құралмен жұмыс дағдысы дамиды	Параметрлерді өзгерту, гипотеза тексеру, модельдік зерттеу жүргізу мүмкіндігі	Эксперименттік және модельдік зерттеу дағдылары біріктіріледі
Визуализациялау мүмкіндігі	Көп құбылыстар көзге көрінбейді	Электр өрісі күш сызықтары, зарядтар әсері, ток қозғалысы динамикалық көрсетіледі	Абстракция деңгейі төмендейді, түсіну жеңілдейді

Дегенмен, виртуалды эксперименттердің идеал сипаты өлшеу қателігі, құрал-жабдықпен жұмыс істеу техникасы және эксперименттік дағдыны қалыптастыру сияқты практикалық дағдылардың толық қалыптасуына бермейді. Осыған байланысты, дәстүрлі және виртуалды экспериментті біріктіретін аралас оқыту тиімді тәсіл болады. Оның барысында алдымен PhET арқылы модельдік түсіндіру жүргізіледі, келесі қадамды нақты эксперимент орындалады; соңында салыстырмалы талдау мен рефлексия ұйымдастырылады. Бұл тәсіл теориялық дәлдік пен практикалық тәжірибені үйлестіруге, концептуалдық түсіну мен эксперименттік дағдыларды қатар дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, PhET симуляцияларын дәстүрлі зертханамен ықпалдастыра қолдану физиканы оқыту сапасын арттырудың ғылыми негізделген және педагогикалық тұрғыдан тиімді бағыты болып табылады.

Теориялық тұрғыдан зерттеу барысы PhET ортасында параметрлерді еркін өзгерту, нәтижені бірден көру және заңдылықтарды өз бетінше анықтау арқылы білім алушының белсенді танымдық әрекеттеріне мүмкіндік беретіні дәлелденді. Бұл Hattie (2009) көрсеткен

жоғары әсер етуші факторлардың, яғни визуализациялау мен кері байланыстың тиімді жүзеге асуын дәлелдейді.

Практикалық тұрғыдан зерттеу нәтижелері мұғалімдерге келесі ұсыныстарды ұсынады:

1. PhET симуляцияларын алдын ала модельдеу және концептуалдық түсіндіру кезеңінде қолдану;
2. Симуляция нәтижесін нақты лабораториялық жұмыс арқылы тексеру;
3. Гипотеза құру және зерттеу тапсырмаларын енгізу;
4. Қателіктер мен модельдердің шектеулерін арнайы талқылау;
5. Концептуалдық бағалау құралдарын пайдалану.

Қорытындылай келе, PhET симуляторларын электр және магнетизм бөлімінде ғылыми-әдіснамалық негізде енгізу физиканы оқыту сапасын арттырудың басым бағыты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 28.03.2023 ж. № 249 қаулысы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249
2. Wieman, C., Adams, W., & Perkins, K. (2008). PhET: Simulations That Enhance Learning. PhysRevSTPER. DOI: https://doi.org/10.1103/PhysRevSTPER.4.010103 URI: https://journals.aps.org/prper/abstract/10.1103/PhysRevSTPER.4.010103
3. Perkins, K. et al. (2006). PhET: Interactive Simulations for Teaching and Learning Physics. PhysRevSTPER. DOI: https://doi.org/10.1103/PhysRevSTPER.2.010101 URI: https://journals.aps.org/prper/abstract/10.1103/PhysRevSTPER.2.010101
4. Rutten, N., van Joolingen, W., & van der Veen, J. (2012). The learning effects of computer simulations. Computers & Education. DOI: https://doi.org/10.1016/j.compedu.2011.12.003 URI: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0360131511003301
5. Hattie, J. (2009). Visible Learning. Routledge. DOI: https://doi.org/10.4324/9780203887332 URI: https://www.routledge.com/Visible-Learning/Hattie/p/book/9780415476188
6. PhET Interactive Simulations URL https://phet.colorado.edu/en/simulations/filter?subjects=physics&type=html

Резюме

Использование симуляторов PhET в разделе «Электричество и магнетизм» способствует развитию концептуального понимания, визуализации сложных понятий и формированию исследовательских навыков. Симуляции Circuit Construction Kit (DC) и Charges and Fields обладают высоким методическим потенциалом. Однако виртуальные лаборатории не заменяют полностью традиционные эксперименты. Наиболее эффективной является гибридная модель обучения.

Ключевые слова: *симулятор PhET, электричество и магнетизм, виртуальная лаборатория, методика преподавания физики.*

Summary

The use of PhET simulations in the "Electricity and Magnetism" section enhances conceptual understanding, supports visualization of abstract concepts, and promotes inquiry-based skills. Circuit Construction Kit (DC) and Charges and Fields demonstrate strong instructional potential. However, virtual labs cannot fully replace traditional experiments. A hybrid model combining simulations with hands-on laboratory work is recommended.

Keywords: *PhET simulator, electricity and magnetism, virtual laboratory, physics teaching methodology.*

ОӘК: 669-1

МЕТАЛЛУРГИЯДАҒЫ ТОТЫҒУ-ТОТЫҚСЫЗДАНУ РЕАКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАРЫ

Пәниева Айдана Шоқанқызы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті жаратылыстану факультетінің
2- курс магистранты, Ақтөбе, Қазақстан
aidanapaniyeva@gmail.com

Түйін. *Мақалада металлургия саласындағы тотығу-тотықсыздану реакцияларының теориялық негіздері мен олардың өндірістік маңызы қарастырылады. Металдарды кендерден алу, коррозия үдерістері, электрохимиялық жүйелер және энергия алмасу құбылыстары редокс реакцияларымен тығыз байланысты екені көрсетіледі. Әсіресе металл оксидтерін тотықсыздандырудағы термодинамикалық және кинетикалық заңдылықтарға, Қазіргі таңда экологиялық талаптардың күшеюіне байланысты дәстүрлі көміртекке негізделген технологияларға балама ретінде сутекпен тотықсыздандыру әдісінің артықшылықтары талданады. Сонымен қатар плазмалық және гибридті технологиялардың металл оксидтерін тотықсыздандырудағы тиімділігі, энергия шығынын төмендету мүмкіндігі және қоршаған ортаға әсерінің аздығы ғылыми деректер негізінде сипатталады. Зерттеу нәтижелері сутек пен плазмалық технологияларды металлургияның болашағы бар, экологиялық таза бағыты ретінде қарастыруға негіз болатынын көрсетеді.*

Түйін сөздер: *тотығу-тотықсыздану реакциялары, металлургия, металл оксидтері, сутекпен тотықсыздандыру, плазмалық технологиялар.*

Кіріспе

Тотығу-тотықсыздану реакциялары химия ғылымының негізгі ұғымдарының бірі болып табылады және металдардың химиялық қасиеттерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Металдар табиғатта да, өндірісте де көбінесе тотығу-тотықсыздану үдерістеріне қатысады. Коррозия, металл алу, электрохимиялық элементтердің жұмысы, металдардың қышқылдармен және тұздармен әрекеттесуі – барлығы редокс реакцияларымен тығыз байланысты.

Металдардағы тотығу-тотықсыздану реакциялары атомдар мен иондар арасындағы электрон алмасу арқылы жүзеге асады. Бұл үдерістер металдардың белсенділік қатарындағы орнын, олардың тотықтырғыш немесе тотықсыздандырғыш қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, белсенді металдар электрондарын оңай беріп, күшті тотықсыздандырғыш ретінде әрекет етеді, ал асыл металдар керісінше, химиялық тұрғыдан тұрақты болып келеді. Осы заңдылықтарды түсіну металдардың реакцияға түсу қабілетін болжауға және практикалық есептерді шешуге негіз болады.

Қазіргі таңда металдардағы тотығу-тотықсыздану реакцияларын зерттеу ерекше өзектілікке ие. Өйткені өнеркәсіпте металдарды өндіру мен өңдеу, коррозиядан қорғау, жаңа қорытпалар жасау, аккумуляторлар мен гальваникалық элементтердің тиімділігін арттыру сияқты маңызды мәселелер редокс үдерістерімен тікелей байланысты.

Металлургия саласында металдарды кендерден алу үдерістері негізінен тотығу-тотықсыздану реакцияларына сүйенеді. Бұл реакциялар металл оксидтерінің электрон қабылдау арқылы металдық күйге өтуін қамтамасыз етеді. Ғылыми әдебиеттерде редокс реакциялары металлургиялық технологиялардың теориялық өзегін құрайтыны және олардың термодинамикалық, кинетикалық заңдылықтарға бағынатыны кеңінен көрсетілген.

Металлургиядағы тотығу-тотықсыздану үдерістерін зерттеу тек дәстүрлі көміртекке негізделген технологиялармен шектелмей, қазіргі кезде экологиялық таза баламаларды, әсіресе сутек негізіндегі тотықсыздандыру әдістерін дамытуға бағытталып отыр.

Металлургия саласында металдарды кендерден алу үдерістері тотығу-тотықсыздану реакцияларына негізделген. Бұл реакциялар металл оксидтеріндегі металл иондарының электрон қабылдап, бос металдық күйге өтуі арқылы жүзеге асады. Химия ғылымында редокс реакциялары электрондардың берілуі мен қабылдануына байланысты түсіндірілсе, металлургияда олар өндірістік процестердің тиімділігі мен энергетикалық шығынын анықтайтын негізгі фактор болып табылады [1].

Металл оксидтерінің тотықсыздану қабілеті мен реакцияның жүру мүмкіндігі термодинамикалық заңдылықтармен тығыз байланысты екені ғылыми еңбектерде көрсетілген. Атап айтқанда, металлургиялық процестердің өздігінен жүруі жүйенің Гиббс бос энергиясының өзгеруімен анықталады, ал бұл көрсеткіш температураға және

қолданылатын тотықсыздандырғыштың табиғатына тәуелді [2]. Осы тұжырым металлургияда кең қолданылатын Ellingham диаграммасының теориялық негізін құрайды.

Сонымен қатар, тотығу-тотықсыздану реакциялары тек химиялық түрлену ғана емес, сонымен бірге өндірістік жүйелердегі энергия алмасудың маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Химиялық технология саласындағы зерттеулерде металл оксидтерін тотықсыздандыру кезінде электрондардың ауысуы пештегі жылу балансына және процестің энергетикалық тиімділігіне тікелей әсер ететіні атап өтіледі [3].

Заманауи зерттеулер металлургиядағы тотығу-тотықсыздану реакцияларын экологиялық тұрғыдан қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді. Кейбір авторлар дәстүрлі көміртекке негізделген тотығу-тотықсыздану үрдістері жоғары энергия шығынымен және көмірқышқыл газының көп бөлінуімен сипатталатынын атап өтеді, сондықтан балама тотықсыздандырғыштарды енгізу өзекті мәселе болып табылады [4]. Бұл тұрғыда сутек тотықсыздандырғыш ретінде ерекше назар аудартады. Сутекпен тотықсыздандыру барысында металл оксидтері электрон қабылдап, металлға айналады, ал жанама өнім ретінде су түзіледі, бұл процесті экологиялық тұрғыдан анағұрлым тиімді етеді

Ғалымдардың пікірінше, сутекпен тотықсыздандыру реакцияларының басты артықшылығы – реакция өнімдерінің қоршаған ортаға зиянсыздығы және процестің салыстырмалы түрде төмен температурада жүру мүмкіндігі.



Сутекпен тотықсыздандыру үдерістерінің теориялық және практикалық негіздері көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Асивенди Рукини (Asywendi Rukini) және Норхидайах Мат Юсоф (Norhidayah Mat Yusof) металл оксидтерінің кристалдық құрылымы мен бөлшек өлшемі реакция кинетикасына тікелей әсер ететінін және ұсақ дисперсті оксидтердің сутекпен тезірек тотықсызданатынын атап көрсетеді [5].

Бұл көзқарасты Бима Сатритама (Bima Satritama) және Антониус Ираван (Antonius Irawan) өз еңбектерінде толықтырып, сутекпен тотықсыздандырудың басты артықшылығы ретінде көмірқышқыл газының түзілмеуін және процестің экологиялық қауіпсіздігін көрсетеді [6]. Авторлардың пікірінше, сутек негізіндегі тотығу-тотықсыздану реакциялары металлургияны көміртексіздендіру жолындағы негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Ал Дональд Р сутекпен тотықсыздандырудың энергетикалық аспектілеріне назар аударады. Ол сутекті қолдану реакцияның өзінен гөрі, сутекті өндіру мен тасымалдауға жұмсалатын энергия шығынымен шектелетінін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, егер сутек жаңартылатын энергия көздері арқылы алынбаса, процестің жалпы тиімділігі төмендеуі мүмкін [7].

Сонымен қатар Хью Джеймс Тиллингхам (Hugh James Tillingham) диаграммасы негізінде сутекпен тотықсыздандырудың термодинамикалық мүмкіндіктерін талдай отырып, сутек көптеген металл оксидтері үшін жоғары температурада тиімді тотықсыздандырғыш бола алатынын көрсетеді. Алайда кейбір тұрақты оксидтер үшін қосымша энергия немесе плазмалық әсер қажет екені атап өтіледі [8]. Джэймин Ю (Jaemin Yoo) және оның әріптестері плазмалық ортада сутек қолдану металл оксидтерінің тотықсыздану температурасын едәуір төмендететінін дәлелдеген. Олардың зерттеулері бойынша, плазмалық сутек электрондардың белсенділігін арттырып, реакция жылдамдығын бірнеше есе өсіреді, бұл өнеркәсіптік процестер үшін маңызды артықшылық болып саналады [9]. Жоғарыда келтірілген ғылыми пікірлерді жинақтай отырып, сутекпен тотықсыздандыруды металлургияның болашағы бар бағыты деп бағалауға болады. Ғалымдардың басым көпшілігі бұл процестің экологиялық артықшылықтарын мойындайды, алайда оның кең көлемде қолданылуы энергетикалық және технологиялық мәселелермен шектелетінін көрсетеді. Сутекпен тотықсыздандырудың өнеркәсіптік деңгейде тиімді іске асуы сутекті өндірудің «жасыл» технологияларымен тікелей байланысты. Егер сутек жаңартылатын энергия көздері арқылы алынатын болса, онда бұл

әдіс металлургияда көміртекке тәуелділікті айтарлықтай азайтып, тұрақты даму талаптарына толық жауап бере алады. Сонымен қатар, плазмалық және гибридті технологияларды қолдану реакция температурасы мен энергия шығынын төмендетуге мүмкіндік береді, бұл бағыттағы зерттеулерді әрі қарай дамыту қажет деп есептеймін.

Металлургиядағы тотығу-тотықсыздану реакцияларын жетілдіру бағытында плазмалық технологиялар да зерттелуде. Плазмалық орта металдардың оксидтерін тотықсыздандыруда тиімді әдіс ретінде қарастырылатыны ғылыми зерттеулерде дәлелденген. Плазмалық технологиялардың артықшылықтарын атап өту үшін бірнеше ғалымдардың пікірін келтіруге болады: плазма жоғары температура мен иондық белсенділік арқылы реакцияны жылдамдатады [9]. Металл оксидтерінің бөлшек өлшемі мен кристалдық құрылымы реакцияның жылдамдығына әсер ететінін, ұсақ дисперсті оксидтердің сутекпен тезірек тотықсызданады [5]. Ал Бима Сатритама мен Антониус Ираван сутекпен тотықсыздандыру экологиялық таза процесс болып, көмірқышқыл газының түзілуін болдырмайтынын, плазмалық және гибридті технологияларда энергия тиімділігін арттыратынын көрсетті [4].

Металлургия саласында металдарды тотықсыздандыру мен өңдеудің тиімділігін арттыру мақсатында плазмалық технологиялар зерттелуде. Плазма — жоғары температура мен иондық белсенділігі бар арнайы орта, ол металл оксидтерінің сутекпен немесе сутек-плазма көмегімен тотықсыздануын жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Плазмалық ортадағы жоғары энергиялы электрондар мен иондар металдардың оксидтерімен әрекеттесіп, электрон алмасуды жеңілдетеді. Бұл реакция жылдамдығын арттырады және дәстүрлі пештерге қарағанда тотықсыздану температурасын едәуір төмендетуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде энергия шығыны азайып, өндірістік тиімділік артады.

Сонымен қатар плазмалық тотығу-тотықсызданау реакциялары экологиялық тұрғыдан тиімді болып табылады. Плазмалық сутек металдарды тотықсыздандыру кезінде көмірқышқыл газының түзілуін болдырмайды, бұл металлургияны көміртексіздендіру жолындағы маңызды қадам болып саналады. Плазмалық технологиялар арқылы сирек немесе қиын тотықсызданатын металдарды да өңдеуге болады, бұл жаңа қорытпалар жасау мен өнеркәсіптік процестерді жетілдіру үшін маңызды.

Зерттеулер көрсеткендей, плазмалық сутек қолдану мыс, темір, никель сияқты металдардың оксидтерін тотықсыздандыру тиімділігін бірнеше есе арттырады. Сондықтан плазмалық технологияларды дамыту металлургияда энергия үнемдейтін, экологиялық таза және өндірістік тиімді әдіс ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, тотығу-тотықсыздану реакциялары металлургия саласының теориялық және практикалық негізін құрайтыны анықталды. Металдарды кендерден алу мен өңдеу үдерістерінің басым бөлігі электрон алмасуға негізделген редокс реакцияларымен жүзеге асады, ал олардың тиімділігі термодинамикалық және кинетикалық факторларға тәуелді. Дәстүрлі көміртекке негізделген тотықсыздандыру әдістері жоғары энергия шығынымен және көмірқышқыл газының көп бөлінуімен сипатталатындықтан, қазіргі жағдайда экологиялық тұрғыдан балама технологияларды енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Сутекпен тотықсыздандыру металл оксидтерін экологиялық таза жолмен металға айналдыруға мүмкіндік беретін перспективалы әдіс ретінде бағаланады, өйткені бұл процесте жанама өнім ретінде тек су түзіледі. Ал плазмалық және сутек-плазмалық технологиялар реакцияның жүру температурасын төмендетіп, тотықсыздану жылдамдығын арттыру арқылы энергия тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, сутек пен плазмалық технологияларды қолдану металлургияны көміртексіздендіру, энергия үнемдеу және тұрақты даму талаптарына сай жаңа өндірістік жүйелерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы ғылыми зерттеулер мен технологиялық әзірлемелерді одан әрі дамыту металлургия саласының болашақтағы негізгі стратегиялық бағыты болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Pauling, Linus Carl. The Nature of the Chemical Bond. Cornell University Press, 1960.
2. Ellingham, Hugh James Tillingham. Reducibility of oxides and sulphides in metallurgical processes. Journal of the Society of Chemical Industry, 1944.
3. Richardson, Donald. Physical Chemistry of Melts in Metallurgy. Academic Press, 1974.
4. Satritama, Bima; Irawan, Antonius. Hydrogen-based reduction processes in modern metallurgy. Journal of Sustainable Metallurgy, 2024.
5. Rukini, Asywendi; Mat Yusof, Norhidayah. Metals production and metal oxides reduction using hydrogen: A review.
6. Satritama, Bima; Irawan, Antonius. Hydrogen plasma for low-carbon extractive metallurgy. Journal of Sustainable Metallurgy, 2024.

7. Sadoway, Donald Richard. Electrochemical pathways for sustainable metal production. MIT Press.
8. Ellingham, Hugh James Tillingham. Reducibility of oxides and sulphides in metallurgical processes. Journal of the Society of Chemical Industry.
9. Yoo, Jaemin; Lee, Seung-Min; Kim, Hyun-Suk. Plasma-assisted hydrogen reduction of metal oxides. 2021.

Резюме

В статье рассматриваются теоретические основы окислительно-восстановительных реакций в металлургической отрасли и их промышленное значение. Показано, что процессы получения металлов из руд, коррозионные явления, электрохимические системы и процессы энергообмена тесно связаны с редокс-реакциями. Особое внимание уделено термодинамическим и кинетическим закономерностям восстановления оксидов металлов. В условиях усиления экологических требований проанализированы преимущества метода восстановления водородом как альтернативы традиционным углеродсодержащим технологиям. Также на основе научных данных охарактеризована эффективность плазменных и гибридных технологий при восстановлении оксидов металлов, возможности снижения энергозатрат и уменьшения воздействия на окружающую среду. Результаты исследования показывают, что водородные и плазменные технологии могут рассматриваться как перспективное и экологически чистое направление развития современной металлургии.

Ключевые слова: *окислительно-восстановительные реакции, металлургия, оксиды металлов, восстановление водородом, плазменные технологии.*

Summary

The article examines the theoretical foundations of oxidation–reduction reactions in the metallurgical industry and their industrial significance. It is shown that metal extraction from ores, corrosion processes, electrochemical systems, and energy exchange phenomena are closely related to redox reactions. Particular attention is paid to the thermodynamic and kinetic principles governing the reduction of metal oxides. In response to increasingly stringent environmental requirements, the advantages of hydrogen reduction as an alternative to traditional carbon-based technologies are analyzed. In addition, the efficiency of plasma and hybrid technologies in the reduction of metal oxides, their potential for reducing energy consumption, and their lower environmental impact are described based on scientific data. The research results indicate that hydrogen-based and plasma technologies can be considered promising and environmentally friendly directions for the future development of metallurgy.

Keywords: *oxidation–reduction reactions, metallurgy, metal oxides, hydrogen reduction, plasma technologies.*

САНАЛЫ ҰРПАҚ

ОӘК: 371

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – КЕЛЕШЕКТІҢ КЕМЕЛ ФОРМУЛАСЫ



Жумагельдиева Гульдариха Жаппарқұлқызы
Педагогика ғылымдарының магистрі, математика пәні мұғалімі педагог-зерттеуші, Әл-Фараби атындағы №14 мектеп-гимназия КММ директоры, Кентау қалалық мәслихатының депутаты, Кентау қаласының «Құрметті азаматы», Ұлттық құндылықтар академиясының қауымдастырылған мүшесі

Түйін. *Ұлттық тәрбие – ұлттың рухани болмысын, мәдени кодын сақтайтын маңызды әлеуметтік құбылыс. Қазақ халқының тәрбиелік жүйесі көне түркі дәуірінен бастау алып, тарихи мұралар мен ғұламалардың еңбектерінде көрініс тапқан. Әбу Насыр әл-Фараби тәрбиесіз білімнің адамзатқа пайда әкелмейтінін атап өтсе, Абай Құнанбайұлы ұрпақ тәрбиесінің негізін адамгершілік пен ғылыммен байланыстырған. Орхон-Енисей жазбаларында елдік, ерлік, бірлік және әділдік идеялары арқылы жас ұрпақты тәрбиелеудің үлгілері көрсетілген. Қазақ дәстүрінде ұл мен қыз тәрбиесіне ерекше мән беріліп, олардың табиғи ерекшеліктеріне сай қоғамдық рөлдер мен жауапкершіліктер қалыптастырылған. Бүгінгі мектеп оқушылары – болашақ қоғамның тірегі болғандықтан, ұлттық тәрбиені жас ұрпақтың санасына сіңіру қоғам дамуының маңызды стратегиялық міндеті болып табылады.*

Түйін сөздер: *ұлттық тәрбие, мәдени код, рухани құндылықтар, Орхон-Енисей жазбалары, әл-Фараби, Абай Құнанбайұлы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық құндылықтар, мектеп оқушылары, қоғам дамуы.*

Тәрбиелеу дегеніміз-адамның
бойына білімге негізделген этикалық
құндылықтар мен өнер қуатын
дамыту.
Әбу Насыр әл-Фараби

Ұлттық тәрбие – ұлттың рухани болмысын айқындайтын, оның мәдени кодын сақтайтын маңызды әлеуметтік құбылыс және ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибені жас ұрпақтың бойына сіңіру үдерісі.

Орта ғасыр ғұламалары да тәрбие мәселесін басты назарда ұстаған.

Әбу Насыр әл-Фараби тәрбиесіз берілген білімнің адамзатқа пайда әкелмейтінін айтқан. Ал Абай Құнанбайұлы өз қара сөздерінде ұрпақ тәрбиесінің негізі – адамгершілік пен ғылым екенін ерекше атап өткен.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі көне түркі дәуірінен бастау алады. Елдік, ерлік, бірлік, намыс ұғымдары ежелгі жазба мұраларда көрініс тапқан. Соның бірі – Орхон-Енисей жазбалары. Бұл мұраларда жас ұрпақты елін сүюге, батыр болуға, әділдікке үндейтін тағылымды ойлар мол.

Қазақ халқы ұл мен қыз тәрбиесіне ерекше мән берген. “Ұл – ұлттың қорғаны, шаңырақ иесі» ал “Қыз – ұлттың көркі және отбасының ұйытқысы» деп бағалаған халқымыз әр баланың жынысына қарай табиғи ерекшеліктерін ескеріп, соған сәйкес тәлім-тәрбие берген. Бұл – гендерлік бөліну емес, керісінше, қоғамдағы жауапкершілік пен рөлдерді үйлесімді қалыптастырудың ұлттық моделі.Бүгінгі мектеп оқушылары – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азаматтар. Сондықтан ұлттық тәрбиені ұлдар мен қыздардың бойына сіңіру – қоғамның стратегиялық міндеті.

«Оқушы – ата-ананың айнасы» деген тіркес баланың мінез-құлқы, білімі мен тәрбиесі тікелей отбасындағы тәрбиеге, ата-ананың үлгісіне байланысты екенін білдіреді. Баланың жетістігі мен қателігі – ата-ана еңбегінің нәтижесі.

Кез-келген ата-ана ұл-қызының тәрбиелі, ұқыпты, адал болып өскенін қалайды.Тәрбие нәтижелі болып, бала өмірде өз орнын дұрыс тауып, сапалы өмір сүруі үшін ата-ананың ықпалы зор. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің!» деген халық даналығы ата-ананың бала үшін керемет үлгі көрсетуі қажеттігін меңзейді.Ұрпағының ұлықты болғанын қалайтын ата-ана отбасында тату-тәтті өмір сүру, жалған сөйлемеу, тиянақты, еңбекқор болу, адалдық принципін ұстануы шарт. «Бала - ата-ананы таңдамайды» , ендеше жауапкершілік тізгінін мықтап ұстау керек. Отбасылық тәрбие баланың – өмірлік азығы. Халқымызда ұл мен қызды тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері бар: “Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі” деп, ұл баланы әулеттің жалғасы, шаңырақ иесі деп таныған. Ұлға батылдық, намыс, адалдық, табандылық, сөзге беріктік қасиеттері сіңірілген. Батырлар жыры, тарихи тұлғалардың өмірі ұл тәрбиесінің рухани негізі болған. Мәселен, Бауыржан Момышұлы өз еңбектерінде тәртіп пен намыстың маңызын ерекше көрсеткен. Оның өнегелі өмірі – бүгінгі оқушы ұлдарға үлгі. “Тәртіпке бас иген құл болмайды”, «Намыс – ердің серігі», «Өлімнен ұят күшті», «Тізе бүгіп тірі жүргенше, тік тұрып өлген артық», «Ерлік – табиғат сыйы емес, ол – тәрбие мен ерік-жігердің жемісі», «Ер баланы — егеулі найзадай етіп тәрбиелеу керек. Оның жүрегінде Отанға деген от, білегінде қайрат, санасында ұлттық намыс болуы тиіс» деген қағидалары бүгінгі ұлдарға үлгі. Қазіргі мектептегі ұлдар: Отансүйгіш, еңбекке құрметпен қарайтын, салауатты өмір салтын ұстанатын, цифрлық мәдениетті дұрыс қолдана білетін бағытта тәрбиеленуі өзекті. Алайда, жаһандану дәуірінде ұл балалардың тәрбиесінде жаңа сын-қатерлер пайда болды: әлеуметтік желіге тәуелділік, жауапкершіліктің төмендеуі, ұлттық құндылықтарға қызығушылықтың азаюы. Осындай жағдайда мектеп пен ата-ана бірлесіп, ұлдарды спортқа, әскери-патриоттық клубтарға, ұлттық ойындарға баулу қажет. Көкпар, қазақша күрес, шешендік өнер, асық ату, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық спорт түрлері – тек ойын емес, мінез қалыптастыру мектебі. Мысалы, асық ату арқылы ептілік пен мергендікті, тоғызқұмалақ арқылы математикалық ойлауды, шешендік өнер арқылы ойды жүйелеуді үйрету – бұл заманауи коучингтен әлдеқайда жоғары тұрған әдістемелер. Жиренше шешен айтқандай: «Жігітке бірінші – білім,екінші - ғылым,үшінші- ұрым керек». Ал Қадыр Мырза Әли: «Шешендер сөйлегенде, қабырғалар құлағын түреді» деп шешендік өнердің қасиетін дәріптейді.

Қазақ халқында қыз тәрбиесіне ерекше мән берілген. «Қыз – ұлттың көркі, үйдің құты», “Қызға қырық үйден тыйым” деген сөз – оның тәрбиесінің жауапкершілігін білдіреді. Қыз балаға: инабаттылық, ұяңдық, әдептілік, ұқыптылық, мейірімділік, сабырлылық қасиеттері тән. Қыз – болашақ ана. Сондықтан оның тәрбиесі – болашақ ұрпақ тәрбиесі. Халқымыз қыздың тәрбиесіне бүкіл ауыл болып атсалысқан. Қазіргі қоғамда қыз балалар тек отбасы тірегі ғана емес, білімді, бәсекеге қабілетті маман болуы тиіс. Ұлттық тәрбие қыз баланың білім алуына кедергі емес, керісінше, оны толықтырады. Ыбырай Алтынсарин алғаш рет Торғай өңірінде 1864 жылы қазақ қыздарына арналған мектеп ашып, олардың білім алуына жол ашты. Бұл – ұлттық тәрбиенің прогрессивті қырының айқын дәлелі.

Хакім Абай «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» дегенде, болашақ ұрпаққа нәр беретін «жақсы ананың» қалыптасу жолын ең бірінші кезекке қойған. Қыз бала – болашақ шаңырақтың иесі, ұлттың тілі мен ділін сәбидің қанына сіңіруші ұлы күш. Сондықтан қыз баланың тәрбиесіне бейжай қарау – ұлттың тамырына балта шабумен тең. Ғұлама Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» дастанында қыз баланың ең басты қасиеті ибалылық пен білім екенін айта келе, оны әлемнің жарығына теңейді. Мұстафа Шоқай «Ұлттық мәдениеттен жұрдай болып өскен баладан ұлттық мүддені қорғайтын қайраткер шықпайды» дегенде, ең алдымен сол мәдениетті баланың санасына құятын ананың, яғни бүгінгі бойжеткеннің болмысын меңзеген еді. Қыз бала білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуы тиіс, бірақ сол білім оның ұлттық тәрбиесімен, ибасымен астасқанда ғана ол «тұлға» деген атқа лайық болады. Бауыржан Момышұлы «Өз тілін құрметтемеген адам – өз халқын да құрметтемейді» деген сөзін әйел затына да қатысты айтқан. Себебі, ана тілінің шұрайын, ән мен күйдің құдіретін сезінген ару ғана нағыз ұлттық тәрбиенің туын жықпайды.

Ұлттық тәрбие ең алдымен отбасында басталады. Әке – ұлға мінез үлгісі, ана – қызға өмір мектебі. Ұл мен қызға тең мүмкіндік бере отырып, олардың табиғи ерекшеліктерін ескеру – ұлттық тәрбиенің басты қағидасы. Дегенмен, қазіргі қоғамда ата-ана тек баласына ғана емес, ұл мен қыздың бір-біріне деген сыйластығын да қалыптастыруы керек. Ұл баланы қызға құрметпен қарауға, ал қыз баланы өзін бағалай білуге үйрету – ұлттық тәрбиенің маңызды қыры.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар ілімі» мен Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу – білім азығы, тәрбие – өмір қазығы» деген сөздері ұл мен қыз тәрбиесінің ортақ арнасын айқындап береді. Біз ұрпағымызды жаңа технологиямен қаруландырып, әлемдік тілдерді меңгерте отырып, олардың жүрегіне қазақылықтың ұлы нұрын құюымыз шарт. Егер

ұлдарымыз Бауыржан атамыздай намысты, қыздарымыз Домалақ анамыздай дана болса, жаһанданудың ешқандай желі біздің шаңырағымызды шайқалта алмайды. Ұлттық тәрбие – бұл тек мектептің немесе ата-ананың ғана міндеті емес, бұл – ұлттық қауіпсіздіктің басты шарты. Өркениеттің өлшемі – өндірілген өніммен емес, өсірілген ұрпақтың өресімен бағаланады. Сондықтан, ұлттың ұлы мұратын ұлықтап, текті ұрпақ тәрбиелеу ісіне бүкіл қоғамда барлық адам атсалысу керек.

Қорыта келгенде, ұлттық тәрбие – бұл өткеннің мұрасы ғана емес, бұл – болашақтың жобасы. Ұлы ғұламалардың өсиетімен сусындаған ұл мен қыз ғана ел тізгінін сенімді ұстай алатын кемел ұрпақ болып ержетеді. Тәрбие – ұлттың өміршеңдік формуласы, ал сол формуланы дұрыс шешу – бүгінгі буынның қасиетті борышы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әл-Фараби Ә. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат**.** – Алматы: Ғылым, 1975. – 320 б.
2. Құнанбайұлы А. Қара сөздер**.** – Алматы: Жазушы, 2002. – 176 б.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік**.** – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
4. Байтұрсынұлы А. Ақ жол**.** – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Атамұра, 1991. – 120 б.
6. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері. – Алматы: Ғылым, 2001. – 240 б.
7. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Мектеп, 1988. – 240 б.
8. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Жазушы, 1990. – 256 б.
9. Мырза Әли Қ. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Атамұра, 2001. – 320 б.
10. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қайнар, 1998. – 368 б.
11. Қалиев С., Қалиев Ж. Қазақ тәлім-тәрбиесі тарихы. – Алматы: Рауан, 1995. – 320 б.
12. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. – Алматы: Білім, 2007. – 280 б.
13. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
14. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 288 б.
15. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.

Резюме

Национальное образование — важное социальное явление, сохраняющее духовную сущность и культурный кодекс нации. Система образования казахского народа восходит к древнетюркской эпохе и нашла отражение в историческом наследии и трудах ученых. Абу Насыр аль-Фараби отмечал, что образование без образования не приносит пользы человечеству, а Абай Кунанбайулы связывал основы воспитания поколений с нравственностью и наукой. Орхон-Енисейские надписи демонстрируют примеры воспитания молодого поколения через идеи патриотизма, героизма, единства и справедливости. В казахской традиции особое внимание уделяется воспитанию мальчиков и девочек, а социальные роли и обязанности формируются в соответствии с их природными особенностями. Поскольку сегодняшние школьники являются опорой будущего общества, привитие национального образования уму молодого поколения является важной стратегической задачей социального развития.

Ключевые слова: *национальное образование, культурный кодекс, духовные ценности, надписи Орхон-Енисей, аль-Фараби, Абай Кунанбайюли, воспитание поколений, национальные ценности, школьники, социальное развитие.*

Summary

National education is an important social phenomenon that preserves the spiritual essence and cultural code of the nation. The educational system of the Kazakh people dates back to the ancient Turkic era and is reflected in historical heritage and the works of scholars. Abu Nasyr al-Farabi noted that education without education does not benefit humanity, while Abai Kunanbayuly linked the basis of generational education with morality and science. The Orkhon-Yenisei inscriptions show examples of educating the younger generation through the ideas of patriotism, heroism, unity and justice. In the Kazakh tradition, special attention is paid to the education of boys and girls, and social roles and responsibilities are formed in accordance with their natural characteristics. Since today's schoolchildren are the pillars of the future society, instilling national education in the minds of the younger generation is an important strategic task of social development.

Keywords: *national education, cultural code, spiritual values, Orkhon-Yenisei inscriptions, al-Farabi, Abai Kunanbayuly, generational education, national values, schoolchildren, social development.*

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

УДК: 80.811.111.3

ШЕТ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Дабылтаева Райхан Есбергеновна
к.п.н., қауымдастырылған профессор

Аңдатпа. *Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар біздің өмірімізде маңызды орын алады. Сондықтан, шет тілі сабақтарында компьютерлерді қолдану уақыт талабы болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жағымды мотивтердің және білім алушылардың танымдық белсенділіктерінің артуын, қабілеттерін есепке ала отырып жеке-даралап және саралап оқытуды, білім алушылардың білімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.*

Шет тіліне оқытудың басты мақсаты коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту, шет тілін тәжірибелік тұрғыда меңгеруді қалыптастыру болып табылады. Сабақтарда компьютерлерді қолдану оқытуды көрнекі ете отырып, оқу мақсатын жүзеге асыруда мол мүмкіндіктер береді. Жаңа ақпараттық технологиялар білім алушыларды қызықтыра отырып, олардың басты қызығушылықтары болып табылады, олар оқыту үдерісін белсендіруші, оқу үдерісін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін жетілдіруге бағытталады.

Түйін сөздер: *компьютерлік технологиялар, тәжірибе, шет тілі, технология, оқыту.*

Кіріспе

Шет тілі мамандықтарының студенттері аппараттық-бағдарламалық қамтамасыздандыру, компьютерлік техника және әр түрлі қосымша жабдықтармен жұмыс істеу процесінде жалпы даярлықта білім мен білік арқылы машықтанады, яғни алдын-ала аппараттық даярлықты қажет етеді. Бұл оқу барысында студенттерді даярлау, яғни компьютер сәулетіне оқытуды жетілдірудің ең маңызды шарттарының бірі болып табылады. Кез-келген кәсіби қызметке даярлауды жетілдіру арнайы білім беру арқылы орындалады. Сонымен болашақ шет тілі мамандарын ақпараттық тұрғыда кәсіби даярлау жүйесінде компьютер сәулетін оқытуда, компьютер құрылғылары мен аппараттық-бағдарламалық жабдықталуының мүмкіндіктерінің аз уақыт арасында жылдам дамуы мен олардың жоғары оқу орнында шет тілі мамандарының білім беру процесінде толығымен қарастырылмауы, практикалық сабақтардың жетіспеуі, шет тілі мамандарын кәсіби даярлау қажеттілігі мен бұл мәселенің педагогикалық теория мен тәжірибеде жеткіліксіз зерттелуі арасындағы қарама-қайшылықтар анық байқалады. Осы қайшылықтардың шешімін табу үшін бүгінгі күннің уақыт талабына сай болашақ шет тілі мамандарын кәсіби даярлауда компьютер құрылғылары мен аппараттық–бағдарламалық жабдықталуының мүмкіндіктерін пайдаланудың жолдарын жоғары деңгейде айқындау зерттеу өзектілігін айқындайды.

Негізгі бөлім

Ғалымдардың ой-тұжырымдарын жинақтайтын болсақ, білім беруді ақпараттандыру – білім беру саласының теориясы мен практикасына жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі болып табылады. Осыған сәйкес, И.В.Роберт [1] білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың мынадай педагогикалық мақсаттарын атап өтеді: студентті тұлғалық дамыту, ақпараттық қоғам жағдайындағы өмір сүруге дайындау, қазіргі қоғамның ақпараттануынан туындайтын әлеуметтік тапсырысты орындау, оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық деңгейін жеделдету.

Келесі зерттеуші В.Б.Поповтың [2] айтуынша, білім беруді ақпараттандырудың міндеттерін жүзеге асыру үшін студенттен бастап, білім беруді ұйымдастырушыға дейін компьютерлік технологияны пайдалануға дайындығы болулары тиіс. Олардың әртүрлі ақпаратты дербес компьютерде өңдеуге, қазіргі заманғы бағдарламалық мүмкіндіктерді

пайдалану іскерлігі мен дайындығын қалыптастыру міндеті өзекті бола түседі, яғни дербес компьютерді «пайдаланушыны» дайындау міндеті туындайды.

Ал Г.В.Лаврентьев жоғары оқу орындарында студенттердің білім деңгейінің көптеген жағдайда төмен болуы, ол оқытушылардың кәсіби тәжірибесінде ақпараттық технологиялардың қолданылмауын ең басты себебі ретінде көрсетеді [3]. Г.Н.Бояркин, Н.С.Жилин, В.К.Белошапка, А.С.Лесневский және т.б ғалымдар оқытушылардың ақпараттық дайындығында коммуникативті мүмкіндіктерінің сәйкес болмауы, ақпараттық техникалармен жұмыс дағдыларының болмауы және үйлерінде компьютерлері бар интернетке қосылған едәуір бөлігі жаңа технологияларды меңгеруге кедергі келтіретін оқытушылардың ерекше ойлау стилі, психологиялық кедергілер кездесетінін жазады [4, 5].

Осыған сәйкес ЖОО-да болашақ шет тілі мамандарына компьютерді оқытудағы алғашқы жағдайларын анықтау бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізілді.

Педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және анықтау кезінде біз зерттеу жұмысымыздың болжамына сүйендік. Зерттеу жұмысына барлығы 167 студент қатыстырылды. Эксперименттік топтағы студенттер саны -87, бақылау тобындағы студент саны – 80 болды. Педагогикалық эксперимент келесі кезеңдерден тұрады:

Айқындаушы кезеңінің мақсаты – болашақ шет тілі мамандарына компьютерді оқытудағы алғашқы жағдайларын анықтау.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің кәсіби даярлықтарын анықтау үш өлшем арқылы жүзеге асырылды: компьютер сәулетінің қажеттілігін түсінуі; компьютер сәулетінен теориялық білімдері; компьютер сәулетінен практикалық білімдері.

Студенттердің компьютер жүйелерімен кәсіби қызметке даярлығын: мотивациялық-бағалылық; мазмұндылық; ұйымдастырушылық компоненттері арқылы анықтадық.

Мотивациялық-бағалылық компоненті тұрақты мотивтердің жиынтығымен байланысты, студенттердің өздерінің білімдерін және біліктіліктерін арттыру және жаңарту мақсатына бағытталған. Бұл компонент өз мамандықтарында, компьютер сәулетін жетік меңгеруге деген дұрыс көзқарастарын қалыптастырады. Біздің көзқарасымыз бойынша ол аппараттық құрылғылардың бағалы қарым-қатынасы және аппараттық ресурстарды құрудан тұрады.

Оқыту процесінде студенттердің жан-жақты дамуы жүзеге асырылады. Бірінші кезекте, бұл даму тұтынушылық – мотивациялық аймағында: таным арқасында кәсіпқой қажеттілікте жүйелік білімде және білікте.

Бұдан басқа, тұлғаның дамуы ұйымдастырушылық процесте жүреді, қайта оқытуға бағытталған, ақпаратты беру, сондай-ақ аппараттық ресурстарды жасау және жобалау. Нәтижесінде, студенттің ақпараттық мәдениеті және шығармашылық ойлауы қалыптасады. Тәжірибелік жаттығу нәтижесінде студент сараптама жасау, салыстыру, жалпылауды және де мақсатты айқындауды, ұйымдастырушылық әдістерін, қорытындыны тексеруді және бағалауды үйренеді.

Мазмұндылық компоненті жүйелік білім аймағын өзіне қосады, сонымен қатар техникалық, бағдарламалық және аппараттық жүйелік жақтарын ұйымдастырады. Мазмұндылық компоненті кәсіби қыметіне даярлығының аппараттық-бағдарламалық тұрғыда білімін жетілдіреді, теориялық білімі негізінде компьютермен жұмыс істеуде ұйымдастырушылық мүмкіндігі артады. Білім біліктілікте байқалады.

Айқындау экспериментінің мақсатын жүзеге асыруда сауалнама, әңгімелесу тест, арнайы тапсырмалар жүйесі қолданып, жоғары оқу орындарында студенттердің компьютер арқылы оқыту бойынша білімдерінің бастапқы күйі анықталды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде компьютермен оқытуда студенттердің кәсіби даярлығын жетілдірудің мүмкіндіктері анықталып, мазмұны мен әдістемесі жасалды.

Айқындаушы эксперименттің нәтижесін талдау арқылы студенттердің компьютер жүйесінен теориялық және практикалық білімдері, эксперименттік және бақылау топтарының: төмен, орташа, жоғары деңгейлерінің мәні 1-суретте анықталып, диаграмма түрғызылды.



Сурет 1 – Айқындаушы эксперименттің нәтижелері

Айқындаушы эксперименттің нәтижесін талдау, бақылау барысында біз компьютер сәулеті бойынша студенттердің теориялық білімдері мен практикалық білімдері арасындағы деңгейлерінде белгілі бір крийтерилері бойынша жетіспейтіндігі байқалды.

Қалыптастыру экспериментінің мақсатына жетуі үшін біз арнайы курс бағдарламасын жасап, оны сынақтан өткіздік.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижесін талдау арқылы студенттердің компьютер сәулетінен теориялық және практикалық білімдері, эксперименттік және бақылау топтарының: төмен, орташа, жоғары деңгейлерінің мәні 2-суретте анықталып диаграмма тұрғызылды.



Сурет 2 – Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері

Екі эксперименттің нәтижелерін салыстыру арқылы компьютер негізінде шет тілін оқытуда студенттердің кәсіби даярлығын жетілдірудің артқаны байқалды. Оны 3-суреттен көруімізге болады.

Қалыптастырушы эксперименттің соңында айқындаушы экспериментпен салыстырғанда эксперименттік топтағы студенттердің білімі, білігі және машығы артқандығын көруімізге болады.

Педагогикалық зерттеулерде зерттеу нәтижелерін салыстыруда параметрлік емес әдістер қолданылды. Біз зерттеу жұмысымыздың топтар арасындағы айырмашылықты анықтау мақсатында χ^2 (К.Пирсон критерийі) әдісін қолдандық.



Сурет 4 – Компьютерлік технологиялар негізінде шет тілін оқыту бойынша студенттердің білімі, білігі, машығының өзгеру динамикасы

Қорытынды

Сонымен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдай отырып, оқу мазмұнын жетілдіруде пайдаланудың тиімділігін айқындап, біздің зерттеуіміздің ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдеп берді.

Жаңа компьютерлік-ақпараттық техника мен технологияларды игеруге қажетті білім мен дағдының жаңаруы болашақ шет тілі мұғалімдері алдында да жаңа міндеттер қойды, ол аталған сала бойынша болашақ түлектерге сапалы білім берумен, өз ісінің құзыретті маманы болуға негіз болады. Сонымен бірге бір жағынан, түрлі салалара қызмет жасауда жаңа технологияларды игеруге жағдай жасайды, екінші жағынан жаңа білімді таратушы ретінде жаңа мамандарды даярлайтын және қайта даярлайтын оқытушыларды даярлауда көкейкесті мәселе.

Тақырып бойынша зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі талапқа сай теориялық және практикалық қағидалармен, зерттеу тақырыбына сәйкес әдістерді қолданумен, бастапқы және соңғы нәтижелерді қорытындылаумен, ұсынылған арнайы курстың мазмұнын жоғары оқу орнының оқу процесіне енгізумен қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттер:

1. Беркінбаев К.М., Сыдықов Б.Д. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы. // Қазақстан мектебі. 2006, №11, 33-35 б.
2. Панина Т. С. Современные способы активизации обучения / Т. С. Панина, Л. Н. Вавилова. М.: Изд. Центр «Академия», 2008. 176 с.
3. Сыдықов Б.Д. Информатикалық пәндерді оқытудың педагогикалық технологиясы. // Қазақстан мектебі. 2007, №3, 43-45 б.
4. Роберт И.В. Новые информационные технологии в обучении: дидактическая проблема, перспектива использования // Информатика и образование. 1991, №4, 18-25 б.
5. Попов В.Б. Повышение качества образования через формирование элементов информационной культуры работников образования //Информатика и информационная культура в современной школе. Сб. материалов I и II Всероссийских научно-практических конференций (под. ред. Александрова Ю. В. Пугача В.И.). – Самара,1986. -С. 98-102.
6. Лаврентьев Г.В. Психолого-педагогические условия подготовки преподавателей для применения образовательных инноваций в вузе. Сайт http://enit.ulsu.ru/d/011.

Резюме

В настоящее время информационные технологии занимают все большее место в нашей жизни. Поэтому, использование компьютеров на уроках иностранного языка является потребностью времени. Информационно-коммуникативные технологии способствуют повышению положительной мотивации и познавательной активности учащихся, обеспечивают индивидуализацию и дифференциацию обучения с учётом способностей, совершенствованию знаний учащихся. Основной целью обучения иностранному языку является формирование и развитие коммуникативной компетенции, обучение практическому владению иностранным языком. Использование на уроках компьютеров, которые делают обучение наглядным, предоставляет учителю широкие возможности для реализации этой цели. Новые информационные технологии привлекают учащихся и являются одним из главных их интересов, они направлены на интенсификацию процесса обучения, совершенствование форм и методов организации учебного процесса.

Ключевые слова: *компьютерные технологии, эксперимент, иностранный язык, технология, обучение.*

Summary

Now information technologies take the increasing place in our life. Therefore, use of computers at lessons of a foreign language is requirement of time. Information and communicative technologies promote increase of positive motivation and informative activity of pupils, provide an individualization and differentiation of training taking into account abilities, to improvement of knowledge of pupils. Main objective of training in a foreign language is formation and development of communicative competence, training in practical foreign language skills. Use at lessons of computers which do training evident, gives to the teacher ample opportunities for realization of this purpose. New information technologies attract pupils and are one of their main interests, they are directed on a training process intensification, improvement of forms and methods of the organization of educational process.

Keywords: *computer technologies, experiment, foreign language, technology, training.*

ОӘЖ 510.62

ОҚУШЫЛАРДЫ ТЕҢСІЗДІКТІ ДӘЛЕЛДЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚИЫНДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУ

Амиралиева Гулжан Бахытқызы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, магистрант
Алматы қаласы, e-mail: amiralieva2002@mail.ru

Аңдатпа. *Мақалада теңсіздікті дәлелдеуге арналған қиындығы жоғары есептерді шешудің негізгі әдістері жүйелі түрде қарастырылады. Аналитикалық, синтетикалық, қарсы жору және математикалық индукция әдістерінің күрделі теңсіздік есептерін дәлелдеудегі теориялық негіздері мен логикалық құрылымы талданады. Әрбір әдіс нақты қиындығы жоғары есептер арқылы сипатталып, дәлелдеудің негізгі кезеңдері мен стратегиялары көрсетіледі. Ұсынылған материалдар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға, дәлелдеудің мәдениетін қалыптастыруға және жоғары деңгейдегі есептерді шешу дағдыларын жетілдіруге бағытталған.*

Түйін сөздер: *теңсіздіктерді дәлелдеу, қиындығы жоғары есептер, аналитикалық әдіс, синтетикалық әдіс, қарсы жору, математикалық индукция.*

Кіріспе

Қазіргі математиканы оқытуда есеп шығару нәтижесінен гөрі, дәлелдеу жолының логикалық негізділігіне ерекше мән беріледі. Әсіресе теңсіздіктерге арналған қиындығы жоғары есептер оқушылардың математикалық ойлау деңгейін тереңдетіп, стандартты емес тәсілдерді қолдануға үйретеді. Мұндай есептерде бір ғана формуланы қолдану жеткіліксіз болып, дәлелдеу стратегиясын дұрыс таңдау басты рөл атқарады. Қиындығы жоғары теңсіздік есептері көбіне бірнеше математикалық идеялардың тоғысуын талап етеді: өрнектерді бағалау, функция қасиеттерін талдау, белгілі тірек теңсіздіктерді тиімді пайдалану немесе логикалық қайшылыққа келтіру. Сондықтан мұндай есептерді дәлелдеудің негізгі әдістерін жүйелі түрде қарастыру – оқушыларды жоғары деңгейдегі математикалық ойлауға даярлаудың маңызды шарты болып табылады.

Осы мақалада теңсіздікті дәлелдеуге арналған қиындығы жоғары есептерді шешуде кеңінен қолданылатын аналитикалық, синтетикалық, қарсы жору және математикалық индукция әдістері қарастырылып, олардың қолданылу ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы ашып көрсетіледі.

Негізгі бөлім

1-әдіс. Аналитикалық әдіс

Аналитикалық әдіс – теңсіздіктің әрбір жағын аналитикалық түрлендіру арқылы зерттеуге негізделген тәсіл. Бұл әдісте теңсіздікті екі жақтың айырымын немесе функцияны қарастыра отырып шешуге тырысамыз. Мысалы, белгісіз санның функциясын құрып, оның монотондығын талдау немесе екі жақтың айырмашылығын есептеп, олардың нөлден үлкен екенін көрсету сияқты тәсілдер аналитикалық әдіске жатады. Сонымен қатар, аналитикалық әдіс теңсіздікті тікелей анықтамасы арқылы да дәлелдеуін қарастырады (мысалы, модульды өрнекті анықтамасы бойынша өрнектерді салыстыру).

Мысал 1. $x > 0$ үшін келесі теңсіздік орындалатынын дәлелдеңіз:

$$\frac{x^2+1}{x+1} \geq \sqrt{x}$$

Теңсіздікті эквивалент түрлендіргенде $x+1>0$ болғандықтан, теңсіздіктің екі жағын да $x+1$ өрнегіне көбейтеміз:

$$x^2+1 \geq \sqrt{x}(x+1)$$

Мұндағы x оң болғандықтан, теңсіздіктің екі жағын да квадраттауға болатындықтан оларды өзара квадраттап, барлық мүшелерді бір жаққа шығарамыз:

$$(x^2+1)^2 - x(x+1)^2 \geq 0$$

Қарапайым түрлендірулерден кейін бұл теңсіздік: $(x-1)^2(x^2+x+1) \geq 0$ түріне келетінін байқаймыз. $(x-1)^2 \geq 0$ барлық x үшін орындалады; $(x^2+x+1) \geq 0$ барлық x үшін (дискриминант теріс және $a>0$ сондықтан өрнектің оң екені белгілі) орындалады.

Теңсіздік дәлелденді.

2-әдіс. Синтетикалық әдіс

Синтетикалық әдіс – теңсіздіктерді дәлелдеуде қолданылатын классикалық тәсілдердің бірі. Оның мәні – берілген теңсіздікті тікелей түрлендірудің орнына, белгілі және бұрын дәлелденген тірек теңсіздіктерді пайдаланып, оларды белгілі бір жүйемен біріктіре отырып жаңа нәтиже шығару. Яғни, синтетикалық әдіс – белгілі фактілерді «синтездеу» арқылы жаңа қорытындыға келу.

Бұл әдістің ерекшелігі – есептің шешімі көбіне белгілі бір негізгі теңсіздіктерге сүйенеді. Мұндай негізгі теңсіздіктер қатарына арифметикалық орта мен геометриялық орта арасындағы теңсіздік, Коши-Буняковский теңсіздігі, Йенсен теңсіздігі және тағы басқа белгілі теңсіздіктер кіреді.

Синтетикалық әдісті қолданудың жалпы алгоритмі мынадай:

1. Берілген теңсіздіктің құрылымын талдау: қай тірек теңсіздікке ұқсас екенін анықтау;
2. Теңсіздікті сол тірек теңсіздікке сәйкестендіріп түрлендіру;
3. Бірнеше теңсіздіктерді біріктіру немесе қосу арқылы қажетті нәтижені алу.

Бұл әдіс оқушыларға үлкен логикалық икемділік береді, өйткені бір ғана берілген теңсіздікке бірнеше жол табуға болады. Синтетикалық әдістің маңызды ерекшелігі дәлелдеу процесі көбіне «алға» бағытталады, яғни берілген теңсіздікті белгілі теңсіздікке апарамыз. Оның аналитикалық әдістен айырмашылығы көбіне айырымды есептеу және функцияны талдау қолданылады.

Мысал 2. Барлық нақты a, b, c сандары үшін $a^2 + b^2 + c^2 + 12 \geq 4(a + b + c)$ теңсіздігін дәлелдеу керек.

Мұндағы 12-ні $4 + 4 + 4$ деп жазып, әр санға 4-тен қосамыз.

AM-GM теңсіздігі бойынша: $a^2 + 4 \geq 2\sqrt{4a^2} = 4a$, $b^2 + 4 \geq 4b$, $c^2 + 4 \geq 4c$.

Осыларды қосқанда алатынымыз:

$$(a^2 + 4) + (b^2 + 4) + (c^2 + 4) = a^2 + b^2 + c^2 + 12 \geq 4a + 4b + 4c = 4(a + b + c).$$

Демек, қажетті теңсіздік дәлелденді. Мұндағы синтетикалық әдіс AM-GM тірек теңсіздігін қолдану арқылы жаңа теңсіздікті құру болды. Бұл шешімде негізгі қадам әрбір мүшені AM-GM арқылы бағалай отырып, жалпы теңсіздікке қол жеткізу.

3-әдіс. Қарсы жору әдісі

Қарсы жору әдісі (лат. *Reductio ad absurdum* немесе қарсы жору арқылы дәлелдеу) – математикалық дәлелдеудің классикалық тәсілдерінің бірі. Бұл әдістің мәні дәлелдегіміз келетін тұжырымға қарама-қарсы пікірді уақытша дұрыс деп қабылдаймыз да, логикалық қадамдар жасау арқылы қайшылыққа (абсурдтық нәтиже) келеміз. Қайшылық шыққаннан кейін бастапқы қарама-қарсы жорамалымыз жалған болып, дәлелдегіміз келген тұжырымның шын екені анықталады.

Теңсіздіктерді қарсы жору әдісі арқылы дәлелдеу алгоритмі келесідей:

1. Дәлелденуі тиіс теңсіздікті қарастырамыз: $f(x_1, x_2, \dots, x_n) \geq g(x_1, x_2, \dots, x_n)$;
2. Оған қарсы жорамалды құрамыз: $f(x_1, x_2, \dots, x_n) < g(x_1, x_2, \dots, x_n)$;
3. Бұл шартты алгебралық түрлендірулер арқылы зерттейміз;
4. Егер логикалық қайшылық туса (мысалы, квадраттардың қосындысы теріс болып шығуы, оң санның теріс болуы), онда бастапқы теңсіздік дұрыс болып шығады.

Теңсіздіктер теориясында бұл әдіс ерекше қолайлы, себебі теңсіздікке қарсы жорамал жасағанда көбіне оң өрнектердің теріс шығуы немесе шектен тыс мәндерге әкелуі мүмкін. Бұл қайшылық дәлелдеудің сенімділігін арттырады. Әдістің негізгі артықшылықтары логикалық тұрғыдан мүлтіксіз, қысқа әрі нақты дәлелдеуге мүмкіндік беруі мен күрделі есептерде интуитивті қадамды формалды дәлелдеуге айналдыруы.

Мысал 3. a, b, c нақты сандары үшін $a + b + c = 1$ шарты орындалады. Келесі теңсіздікті дәлелдеңіз:

$$a^2 + b^2 + c^2 \geq \frac{1}{3}$$

Теңсіздіктерді қарсы жору әдісі арқылы дәлелдеу алгоритмі бойынша:

1. Дәлелденуі тиіс теңсіздік: $a^2 + b^2 + c^2 \geq \frac{1}{3}$
2. Оған қарсы жорамал: $a^2 + b^2 + c^2 < \frac{1}{3}$
3. Қарсы жорамалды алгебралық зерттеу:

Берілген қосымша шарт: $a + b + c = 1$. Осы теңдеудің екі жағын да өзара квадраттаймыз:

$$a^2 + b^2 + c^2 + 2(ab + bc + ac) = 1$$

Теңдеуді түрлендіргенде: $ab + bc + ac = \frac{1-(a^2+b^2+c^2)}{2}$

Жоғарыдағы өрнекті түрлендіреміз: $(a - b)^2 + (b - c)^2 + (c - a)^2 = 3(a^2 + b^2 + c^2) - 1$

Енді, қарсы жорамалды қолданамыз. Егер, $a^2 + b^2 + c^2 < \frac{1}{3}$ болса, онда $3(a^2 + b^2 + c^2) - 1 < 0$.

Сондықтан: $(a-b)^2 + (b-c)^2 + (c-a)^2 < 0$.

4. *Қарсы жорамалды тексеру: квадраттың қосындысы ешқашан теріс бола алмайды:* $(a-b)^2 \geq 0$; $(b-c)^2 \geq 0$; $(c-a)^2 \geq 0$

Үш теріс емес санның қосындысы да әрқашан теріс емес:

$$(\mathrm{a}-\mathrm{b})^2 + (\mathrm{b}-\mathrm{c})^2 + (\mathrm{c}-\mathrm{a})^2 \geq 0$$

Бұл біздің жасаған қарсы жорамалымызға айқын қайшылық, демек бастапқы теңсіздік дұрыс.

Теңсіздік дәлелденді.

4-әдіс. Математикалық индукция

Математикалық индукция – натурал сандарға тәуелді тұжырымдардың жалпылық сипатқа ие болуын дәлелдеуге арналған логикалық әдіс. Бұл әдіс натурал сандардың құрылымына тән рекуренттік қасиетке сүйенеді: егер белгілі бір арифметикалық немесе алгебралық қатынас бастапқы мәнде ақиқат болып, әрі ол қатынас кез келген n-ші деңгейде орындалғанда келесі n+1-ші деңгейде де сақталатыны көрсетілсе, онда тұжырым барлық $n \in N$ үшін ақиқат деп танылады.

Индукция принципі үш негізгі қадамнан тұрады:

1)Базалық қадам – $n = 1$ үшін тұжырымды тексеру.

Алдымен дәлелденетін теңсіздік натурал сандар қатарындағы ең кіші элементке қатысты қарастырылады. Бұл қадамда $n = 1$ үшін берілген тұжырымды тікелей есептеу немесе қарапайым түрлендіру арқылы растау қажет. Базалық жағдайдың дұрыстығы индукция процесінің басталуын қамтамасыз етеді және тұжырымның бастапқы негізін анықтайды.

2)Индукциялық жорамал $n = k$ мәнінде тұжырымның орындалатынын қабылдау

Индукциялық гипотеза деп аталатын осы кезеңде дәлелденетін қасиетті $P(k)$ түріндегі тұжырым үшін дұрыс деп уақытша жорамалдаймыз. Бұл жорамалда логикалық тұрғыдан ешқандай қарама-қайшылық болмауы тиіс, өйткені ол келесі деңгейдегі дәлелдеуді жүргізуге қажетті аралық буын қызметін атқарады.

3)Индукциялық көшу $n = k + 1$ үшін тұжырымды дәлелдеу

Индукциялық жорамалға сүйене отырып, келесі деңгейдегі тұжырымның $P(k+1)$ дұрыс екенін көрсету қажет. Бұл кезеңде $n = k + 1$ мәніне қойылған теңсіздік немесе формула алгебралық түрлендірулерден өткізіліп, $P(k)$ жорамалы оның ішкі құрылымына енгізіледі. Нәтижесінде $P(k) \to P(k+1)$ импликациясы орнаса, онда тұжырымның k-дан k+1-ге ауысып отыруы дәлелденеді.

Бұл логикалық байланыс натурал сандар қатарының шексіздігін қамтамасыз ететін рекуренттік механизмнің математикалық баламасы болып табылады.

Мысал 4. Барлық $n \in N$ үшін келесі теңсіздік орындалатынын дәлелдеңіз:

$$1 + \frac{1}{2} + \frac{1}{3} + \cdots + \frac{1}{n} \leq 2\sqrt{n}$$

1-қадам. Базалық жағдай n=1 үшін теңсіздікті тексеру:

$$1 \leq 2$$

Яғни теңсіздік n=1 үшін орындалады.

2-қадам. n=k түрінде алып жорамал жасаймыз.

Қандай да бір бекітілген $\mathrm{k} \in \mathrm{N}$ үшін $(\mathrm{k} \geq 1)$ төмендегі теңсіздік орындалады деп жорамалдаймыз:

$$1 + \frac{1}{2} + \frac{1}{3} + \cdots + \frac{1}{\mathrm{k}} \leq 2\sqrt{\mathrm{k}}$$

Бұл тұжырымды P(k): $\mathrm{H_k} \leq 2\sqrt{\mathrm{k}}$ деп белгілейік, мұнда $H_k = 1 + \frac{1}{2} + \cdots + \frac{1}{k}$ – гармониялық қатардың k-шы ішінара қосындысы.

Бұл – индукциялық гипотеза: біз оны дәлелденген факт ретінде емес, келесі қадамда пайдаланылатын логикалық алғышарт ретінде қабылдаймыз.

3-қадам. Индукциялық көшу: $n = k + 1$

Енді осы жорамалдан $n = k + 1$ жағдайы үшін тұжырымның орындалатынын шығаруымыз керек, яғни: $P(k) \to P(k+1)$.

$n = k + 1$ үшін гармониялық қосынды:

$$H_{k+1} = 1 + \frac{1}{2} + \cdots + \frac{1}{k} + \frac{1}{k+1} = H_k + \frac{1}{k+1}.$$

Индукциялық жорамал бойынша: $\mathrm{H_k} \leq 2\sqrt{\mathrm{k}}$, сондықтан

$$\mathrm{H_{k+1}} = \mathrm{H_k} + \frac{1}{\mathrm{k}+1} \leq 2\sqrt{\mathrm{k}} + \frac{1}{\mathrm{k}+1}$$

Енді индукциялық көшу аяқталуы үшін мына теңсіздікті көрсету жеткілікті:

$$2\sqrt{\mathrm{k}}+\frac{1}{\mathrm{k}+1}\leq 2\sqrt{\mathrm{k}+1}$$

Осы теңсіздікті зерттейік. Оң жақтағы $2\sqrt{\mathrm{k}+1}$ мүшені сол жақпен салыстыру мақсатында теңсіздікті келесі түрде жазамыз:

$$\frac{1}{k+1}\leq 2(\sqrt{k+1}-\sqrt{k})$$

Енді оң жақтағы өрнекті стандартты тәсілмен түрлендіреміз:

$$2\left(\sqrt{k+1}-\sqrt{k}\right)=2\cdot\frac{(k+1)-k}{\sqrt{k+1}+\sqrt{k}}=\frac{2}{\sqrt{k+1}+\sqrt{k}}$$

Яғни дәлелдеуіміз керек теңсіздік мынадай балама формаға келді:

$$\frac{1}{k+1}\leq\frac{2}{\sqrt{k+1}+\sqrt{k}}$$

Бұл теңсіздік орындалатынын көрсету үшін бөлімдерді салыстыру жеткілікті. Ал теңсіздіктің бөлімдерін бағалау арқылы дәлелдейміз. Барлық $k\geq 1$ үшін:

$$\sqrt{k}\leq k;\quad \sqrt{k+1}\leq k+1$$

Сонда:

$$\sqrt{k+1}+\sqrt{k}\leq(k+1)+k=2k+1\leq 2k+2$$

Осылайша,

$$\sqrt{k+1}+\sqrt{k}\leq 2(k+1)$$

Демек,

$$\frac{1}{k+1}\leq\frac{2}{\sqrt{k+1}+\sqrt{k}}$$

Бұл бізге қажетті теңсіздік еді, ол өз кезегінде

$$2\sqrt{\mathrm{k}}+\frac{1}{\mathrm{k}+1}\leq 2\sqrt{\mathrm{k}+1}\quad\rightarrow\quad \mathrm{H}_{\mathrm{k}+1}\leq 2\sqrt{\mathrm{k}+1}$$

Теңсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен, $P(k)\ \rightarrow\ P(k+1)$ индукциялық көшу қадамы орындалды.

Теңсіздік дәлелденді.

Қорытынды

Теңсіздікті дәлелдеуге арналған қиындығы жоғары есептер оқушылардың математикалық ойлауын дамытуда ерекше орын алады. Бұл мақалада қарастырылған аналитикалық, синтетикалық, қарсы жору және математикалық индукция әдістері күрделі теңсіздік есептерін дәлелдеудің әмбебап құралдары болып табылады. Әр әдіс теңсіздіктің құрылымын әр қырынан ашып, дәлелдеудің логикалық мәдениетін қалыптастырады. Қиындығы жоғары есептерді жүйелі түрде талдау оқушыларды стандартты емес ойлауға, дәлелдеу стратегиясын саналы түрде таңдауға және жоғары деңгейдегі математикалық дайындыққа жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсеков Ж. 9 сыныптағы оқушыларды математикалық олимпиадаға даярлау: жалпы білім беретін орта мектептің 9 сыныбына арналған факультативтік курс.-Шымкент, 2012.-316с.

2. Супрун В.П. Методы решения и доказательства неравенств. 400 задач с подробными решениями. Изд. стереотип. (2-му,доп.). М.: ЛЕНАНД, 2025. – 264с.

3. Искакова М.Т., (2019) Орта мектепте оқушыларды математикалық есептерді стандартты емес тәсілдермен шығартуға үйрету мәселелері // «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. 19 қазан 2019ж. 379-382бб.

Резюме

В статье систематически рассматриваются основные методы решения задач повышенной сложности на доказательство неравенств. Анализируются теоретические основы и логическая структура аналитического, синтетического методов, метода от противного и метода математической индукции при доказательстве сложных неравенств. Каждый метод иллюстрируется конкретными примерами, приводятся их теоретические основы и этапы доказательства. Представленные материалы направлены на развитие логического мышления учащихся, формирование культуры математического доказательства и совершенствование навыков решения сложных задач.

Ключевые слова: *доказательство неравенств, задачи высокой сложности, аналитический метод, синтетический метод, контр-интерпретация, математическая индукция.*

Summary

This article provides a systematic analysis of advanced methods for solving inequality proof problems. The theoretical foundations and logical structures of the analytical, synthetic,

method of contradiction, and mathematical induction methods in proving complex inequalities are examined. Each method is illustrated with concrete examples, demonstrating the theoretical foundations and key stages of the proof process. The materials presented aim to develop students' logical thinking, foster a culture of mathematical proof, and enhance skills for solving advanced-level problems.

Keywords: *proving inequalities, high-difficulty problems, analytical method, synthetic method, counter-interpretation, mathematical induction.*

UDC: 37.018.43

THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE TOOLS IN TEACHING ENGLISH

Nurlanbekova Yeriyakul
Candidate of pedagogical sciences, Scientific supervisor, Korkyt ata Kyzylorda university (Kazakhstan), nur.eriya@mail.ru
Makhayeva Gaziza
Master's student, Korkyt ata Kyzylorda university (Kazakhstan)
gazizamakhayeva@gmail.com

Abstract. *The use of Artificial Intelligence (AI) tools in teaching English has become increasingly common in modern education. This article examines the main advantages of integrating AI into English language learning, including personalized instruction, instant feedback, improved learner engagement, and support for developing writing, vocabulary, and grammar skills. However, despite these benefits, the article also discusses several challenges, such as ethical and privacy concerns, accessibility and inequality issues, curriculum integration issues. The article concludes that AI tools can be highly effective in English teaching when used appropriately and combined with traditional teaching methods.*

Keywords*: Artificial Intelligence (AI), English Language Teaching (ELT), AI tools, language learning, education, development.*

In recent years, Artificial Intelligence (AI) has become one of the most influential innovations in the field of education. The rapid development of digital technologies has changed the way languages are taught and learned, especially English, which remains a global language of communication, business, and academic purposes. As a result, teachers and learners increasingly rely on AI-based tools to improve the effectiveness of English language instruction.

One key advantage of integrating AI tools into English language teaching is their ability to enhance learning experiences by generating highly original outputs in response to human input. Text-to-image AI generators, such as DALL-E and Stable Diffusion, can support the teaching of technical and artistic concepts in arts and design, while text-to-text AI tools, including applications like ChatGpt, can aid students – particularly non-native English speakers – in brainstorming ideas and receiving feedback on their writing. Beyond classroom use, AI has proven valuable for research purposes, assisting with idea generation, information synthesis, and summarization of large datasets, thereby supporting data analysis and academic writing, as well as improving publication efficiency.

Moreover, AI tools can enhance students' engagement and motivation by creating interactive and stimulating learning environments. By enabling realistic conversational practice, these tools increase learners' involvement with lesson content while improving practical language use and situational skills. Tasks requiring repeated practice, especially for complex procedures, benefit significantly from AI support. AI tools also encourage students to take greater responsibility for their learning, strengthening teacher-student relationships and supporting individualized learning. As learners develop the ability to analyze language independently, AI fosters greater learner autonomy (Arhin, 2024). Furthermore, engaging in reflective interactions with AI promotes the development of critical thinking and analytical skills. Some studies also indicate that students develop an awareness of ethical technology use and demonstrate responsible engagement with AI tools (Vaccino-Salvadore, 2023).

Furthermore, AI tools deliver immediate and targeted feedback, which is crucial for language learning. This instant feedback enables students to correct mistakes promptly, reinforces positive learning behaviors, and supports improvements in areas such as grammar. Adaptive learning theories highlight that tailoring instruction to each learner's individual needs is essential for enhancing motivation and overall learning outcomes.

In addition, AI tools can effectively enhance students' writing skills. When focusing on grammar and sentence construction, AI platforms provide contextualized feedback on students'

sentences. These tools also offer problem-solving support, helping learners address language difficulties more independently, which reduces reliance on teacher guidance and frees up time for targeted online instruction. Studies have shown improvements in both grammar and vocabulary through AI use. Using interviews and classroom observations, Yan (2023) found that AI tools enhanced students' writing by providing interactive feedback, including suggestions for structure, stylistic improvements, and grammatical corrections. Similarly, Athanassopoulos, Manoli, Gouvi, Lavidas, and Komis (2023) reported that students produced more effective emails with richer vocabulary, more complex grammar, and greater linguistic variety after engaging with AI tools [1].

The use of AI in writing has primarily focused on vocabulary development and grammatical accuracy. For example, Lo (2023) reported that learners who used neural machine translation tools showed noticeable gains in vocabulary, particularly with specialized or clearly defined expressions. Another widely applied AI tool in writing is automated grammar checking. In a higher education study, Dizon and Gayed (2021) found that students who used the AI-based application Grammarly produced texts with fewer grammatical errors and greater lexical variety compared to those who did not use the tool.

In terms of pedagogy, the main focus in AI-assisted writing has been on supporting feedback. Research on teaching writing often highlights AI tools that provide guidance through spelling and grammar checkers, such as Dizon and Gayed's (2021) study with Grammarly. Similarly, Nazari et al. (2021) investigated Grammarly as a feedback tool for English learners and found positive effects, including increased behavioural, emotional, and cognitive engagement, as well as greater self-efficacy in writing.

Various AI tools have been applied to enhance writing skills, including grammar checkers, writing assistants, translation tools, and pattern analyzers. For example, Chon et al. (2021) investigated the use of machine translation for South Korean college learners' L2 writing. Their study found that Google Translate enabled less-proficient learners to achieve a level of writing comparable to that of more skilled peers. Additionally, the tool helped learners produce essays with a higher proportion of low-frequency, complex vocabulary and more sophisticated syntactic structures [2].

AI tools can adjust to individual learners' pace, learning styles, and preferences by offering personalized lessons and exercises (Barrera Castro et al., 2024). This customized approach ensures an appropriate balance of challenge and support, making learning both more effective and enjoyable. In addition, AI systems can detect specific areas of difficulty and deliver targeted practice to address learners' weaknesses. Pesovski et al. (2024) demonstrated this by providing learning materials in multiple formats, including traditional and pop-culture-inspired styles, which increased student engagement and time spent studying. The use of automatically generated multiple-choice quizzes also enabled learners to monitor their understanding and track progress [3].

The integration of Artificial Intelligence (AI) into education presents both remarkable opportunities and significant challenges. While AI has the potential to transform teaching, learning, and educational management, its rapid growth also raises concerns related to equity, policy, ethics, and regulation. To ensure that AI contributes positively to educational progress and sustainable development, several key challenges must be addressed.

Addressing the real-world challenges of applying AI tools in various educational environments is a key task. This involves ensuring technical compatibility, stable internet access, and equal availability of these tools for both students and teachers across different regions and socio-economic backgrounds. Another important objective is aligning AI technologies with existing educational standards and teaching approaches by integrating them into current curricula in a way that supports and strengthens traditional methods rather than replacing them.

In addition, it is necessary to consider the ethical and privacy-related issues linked to the use of AI in education. This includes protecting personal data, ensuring informed consent, and guaranteeing that AI systems remain unbiased while respecting cultural diversity. Ensuring inclusivity is also essential, meaning AI-based ELT tools should be accessible to all learners, including students with disabilities and those living in remote areas.

Finally, developing a framework for continuous evaluation and improvement of AI tools is crucial in order to maintain their effectiveness and relevance as both educational demands and technologies evolve. Addressing these challenges is vital for the successful integration of AI into ELT. Therefore, the problem statement not only focuses on exploring AI's potential in language learning but also emphasizes the importance of managing the scientific, practical, and ethical issues involved in this process [4].

Greater emphasis should be placed on student-to-student communication. As more learners engage with AI platforms, there is a risk that interactions may occur primarily with machines, potentially limiting the development of social communication skills. To address this, AI-based education programs can incorporate distance learning models that prioritize social interaction, enabling students to study online while engaging with peers in various collaborative and social activities [5].

In conclusion, the article highlights that Artificial Intelligence has significant potential to improve English Language Teaching by enhancing learners' motivation, supporting personalized learning, and providing instant feedback in areas such as writing, grammar, and vocabulary. However, AI should not be viewed as a replacement for teachers, but rather as a supportive tool that strengthens traditional teaching methods. The effective integration of AI requires careful planning, ethical awareness, and equal access to technology. Therefore, when applied appropriately and combined with teacher guidance, AI tools can become a powerful resource for improving the quality and effectiveness of English language education.

Reference:

1. Advantages and disadvantages of integrating AI tools to English Language Teaching: Systematic literature review. Almira S. Paraguas 126-127
2. Artificial Intelligence and English Language Teaching: Preparing for the future. Dr Adam Edmett, Neenaz Ichaporia, Dr Helen Crompton, Ross Crichton 19
3. Exploring advantages and innovativeness of using AI-based tools for English vocabulary learning Muakhmal Salam. 20-21
4. Integrating Artificial Intelligence in English Language Teaching: Exploring the potential and challenges of AI tools in enhancing language learning outcomes and personalized education. Iryna Kovalenko, Nataliia Baranivska 87-88
5. A Review on Artificial Intelligence in Education. Jiahui Huang, Salmiza Saleh, Yufei Liu 212-213

Түйін

Бұл мақалада ағылшын тілін оқыту үдерісінде жасанды интеллект (AI) құралдарын қолданудың артықшылықтары мен негізгі мәселелері қарастырылады. AI білім алушыларға жекелендірілген оқыту мүмкіндігін ұсынып, жедел әрі нақты кері байланыс береді, сондай-ақ жазу, грамматика және сөздік қорды дамытуға тиімді ықпал етеді. Сонымен қатар, интерактивті орта қалыптастыру арқылы оқушылардың мотивациясын арттырып, олардың дербестігі мен сыни ойлау қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Дегенмен, мақалада этикалық және құпиялылық мәселелері, технологияға қолжетімділік теңсіздігі, сондай-ақ AI құралдарын оқу бағдарламасына енгізу қиындықтары да талданады. Қорытындылай келе, жасанды интеллект дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіріліп, дұрыс және жауапты қолданылған жағдайда ағылшын тілін оқыту сапасын арттырудың тиімді құралы бола алады.

Түйін сөздер: *жасанды интеллект (ЖИ), ағылшын тілін оқыту (ELT), жасанды интеллект құралдары, тіл үйрену, білім беру, даму.*

Резюме

В статье рассматриваются преимущества и проблемы применения инструментов искусственного интеллекта (AI) в преподавании английского языка. Подчеркивается, что AI обеспечивает персонализацию обучения, предоставляет мгновенную обратную связь и способствует развитию письменной речи, грамматики и словарного запаса. Кроме того, использование AI повышает мотивацию обучающихся и способствует формированию автономности и критического мышления. Вместе с тем анализируются вопросы этики и защиты персональных данных, проблемы неравного доступа к технологиям, а также сложности интеграции AI в существующие образовательные программы. Делается вывод о том, что при грамотном использовании AI может эффективно дополнять традиционные методы обучения английскому языку.

Ключевые слова: *искусственный интеллект (ИИ), обучение английскому языку (ELT), инструменты искусственного интеллекта, изучение языков, образование, развитие.*

ОӘК: 510.8

МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУДА ЕСЕП НӘТИЖЕСІН ТАЛДАУ МЕН ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тойшыманова Гульзира Джаксыбековна
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Нұрғиса Тілендиев атындағы көпбалалы және аз қамсыздандырылған отбасы балаларына арналған мектеп-интернатының математика пәнінің мұғалімі

Түйін. *Мақалада математикалық сауаттылықты дамытуда есеп шығару нәтижесін талдау және оны өмірлік тұрғыдан бағалау дағдыларының рөлі қарастырылады. Оқушылардың математикалық әрекетінің соңғы кезеңі – алынған нәтижені интерпретациялау мен шешім қабылдау үдерісі негізгі нысан ретінде алынады. Бағалау мен түсіндіруге бағытталған тапсырмалардың функционалдық ойлауды дамытудағы мүмкіндіктері талданады. Ұсынылған тұжырымдар жалпы білім беретін мектептің математика пәні бойынша оқу тәжірибесінде қолдануға арналған.*

Түйін сөздер: *математикалық сауаттылық, есеп нәтижесін талдау, интерпретация, шешім қабылдау, функционалдық ойлау, математика.*

Қазіргі білім беру жүйесінде математиканы оқытудың басты мақсаты білім алушыларды тек есеп шығара алуға емес, алынған нәтижені түсіндіруге және оны нақты жағдайда қолдануға үйрету болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда математикалық сауаттылық ұғымы есептеу әрекетімен ғана шектелмей, талдау, бағалау және шешім қабылдау қабілеттерін қамтиды.

Халықаралық зерттеулерде білім алушылардың көпшілігі есепті техникалық тұрғыдан дұрыс шығара алғанымен, нәтижесін өмірлік тұрғыда түсіндіруде қиындық көретіні көрсетілген [1, 52–54-б.]. Бұл жағдай математикалық сауаттылықты дамытуда есеп нәтижесін интерпретациялауға бағытталған арнайы әдістемелік жұмыстың қажеттілігін дәлелдейді.

Математикалық сауаттылық құрылымындағы интерпретация кезеңі

Математикалық әрекет әдетте бірнеше кезеңнен тұрады: мәселені түсіну, математикалық модель құру, есептеу жүргізу және нәтижені интерпретациялау. Дәстүрлі оқыту тәжірибесінде соңғы кезеңге жеткілікті назар аударылмайды. Ал дәл осы кезең математикалық сауаттылықтың өзегін құрайды.

Интерпретация – алынған сандық нәтижені мәтінмен түсіндіру, оның мағынасын ашу және шынайы жағдаймен байланыстыру әрекеті. Ғылыми еңбектерде бұл кезең функционалдық ойлаудың негізгі көрсеткіші ретінде сипатталады [2, 68–70-б.]. Егер білім алушы нәтиженің нені білдіретінін түсіндіре алмаса, есептің практикалық құндылығы жойылады.

Есеп нәтижесін талдаудың дидактикалық мүмкіндіктері

Есеп нәтижесін талдауға бағытталған тапсырмалар білім алушылардың математикалық ойлауын тереңдетуге мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмаларда басты назар есептеу дәлдігіне емес, алынған нәтижені бағалауға аударылады. Мысалы, «нәтиже шынайы ма?», «басқа шешім болуы мүмкін бе?», «егер шарт өзгерсе, нәтиже қалай өзгереді?» деген сұрақтар қойылады.

Зерттеулерде есеп нәтижесін салыстыру мен талдау оқушылардың логикалық ойлауын және дәлелдеу дағдыларын дамытатыны атап өтіледі [3, 91–93-б.]. Сонымен қатар бұл тәсіл оқушыларды математикалық қателіктерді өздігінен анықтауға үйретеді, яғни рефлексиялық қабілеттерді қалыптастырады.

Шешім қабылдауға бағытталған тапсырмалардың рөлі

Математикалық сауаттылықты дамытуда шешім қабылдауға бағытталған тапсырмалар маңызды орын алады. Мұндай тапсырмаларда бір ғана дұрыс жауап болмай, бірнеше нұсқа ұсынылады және оқушы өз таңдауының себебін дәлелдеуі тиіс. Бұл тәсіл математиканы «жауап табу» пәнінен «таңдау жасау» пәніне айналдырады.

Шешім қабылдауға бағытталған есептер білім алушылардың жауапкершілік сезімін арттырып, математикалық білімді саналы түрде қолдануға үйретеді [4, 37–39-б.]. Сонымен қатар бұл тапсырмалар пікірталас, дәлелдеу және өз көзқарасын қорғау дағдыларын дамытады.

Математика сабағында қолдану жолдары

Есеп нәтижесін талдау және шешім қабылдауға бағытталған тапсырмаларды математика сабағының әр кезеңінде қолдануға болады. Жаңа тақырыпты меңгеру кезінде дайын шешімді талдау ұсынылса, бекіту кезеңінде бірнеше нәтиже нұсқасын салыстыруға арналған тапсырмалар беріледі. Ал қорытынды кезеңде оқушылардан есеп нәтижесінің дұрыстығын дәлелдеу талап етіледі.

Бұл тәсілдер білім алушылардың математикалық тілде сөйлеуін дамытуға да ықпал етеді. Себебі оқушы тек санды емес, ойды түсіндіруге үйренеді. Ғалымдар математикалық тілдің дамуы сауаттылықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін атап көрсетеді [5, 24–26-б.].

Функционалдық ойлауды қалыптастырудағы әсері

Есеп нәтижесін интерпретациялау және шешім қабылдау дағдылары функционалдық ойлаудың қалыптасуына тікелей әсер етеді. Мұндай ойлау түрі білім алушыға ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауға, сандық деректерге негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Математикалық сауаттылығы дамыған оқушы күнделікті өмірде ұсынылған ақпараттың дұрыстығын бағалай алады, сандық деректерді салыстырып, негізделген шешім қабылдайды. Бұл дағдылардың барлығы қазіргі қоғамда маңызды әмбебап құзыреттер қатарына жатады.

Армрестлинг сабақтарын жүйелі ұйымдастыру дене тәрбиесі сабақтарының мазмұнын байытады және оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырады. Бұл спорт түрі арқылы жасөспірімдердің физикалық қабілеттерін жетілдірумен қатар, патриоттық және моральдық қасиеттері де қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қуанышев А. «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі». – Алматы: Білім, 2019.
2. Искаков М. «Спорттық күрес түрлері». – Астана: Ұлағат, 2021.
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – 2017.
4. Армрестлинг федерациясының ресми әдістемелік нұсқаулығы, 2023.

Резюме

В данной статье представлена эффективная методика организации и проведения занятий по армрестлингу в школьной среде. Проанализированы биомеханические, психологические и педагогические основы армрестлинга, раскрыта его роль в формировании силы, выносливости, координации и спортивной культуры учащихся. На основе опыта автора предложена структура урока и правила техники безопасности.

Ключевые слова: *армрестлинг, методика, физическое воспитание, школьный спорт, мышечная сила, безопасность, организация соревнований.*

Summary

This article provides an effective methodology for organizing and conducting arm wrestling classes in a school setting. The biomechanical, psychological and pedagogical foundations of arm wrestling are analyzed, and its role in the formation of strength, endurance, coordination and sports culture of students is revealed. Based on the author's experience, the structure of the lesson and safety rules are proposed.

Keywords: *arm wrestling, methodology, physical education, school sports, muscle strength, safety, organization of competitions.*

ОӘК: 80



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕР

Мухтарова Ботагоз Абдраймовна
Түркістан облысы. Кентау қаласы
Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы білім беретін мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Түйін. *Бұл мақалада оқушылардың жазылым дағдысын жетілдірудің тиімді тәсілдері қарастырылады. Жазылым – тілдік дағдылардың ішіндегі ең күрделі әрі шығармашылықты талап ететін түрі болғандықтан, оны жүйелі түрде дамыту білім беру үдерісінің маңызды бағыты болып табылады. Мақалада оқушылардың жазу сауаттылығын арттыруда қолданылатын заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер, соның ішінде сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары, шығармашылық тапсырмалар, кері*

байланыс беру жолдары, модельдеу және үлгі арқылы жаздыру, сондай-ақ цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері талданады. Сонымен қатар жазылым барысында кездесетін негізгі қиындықтар айқындалып, оларды шешудің практикалық жолдары ұсынылады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмалар беру, қалыптастырушы бағалау жүргізу және ынталандыру әдістерін қолданудың маңыздылығы негізделеді. Зерттеу нәтижелері ұсынылған тәсілдердің оқушылардың тілдік құзыреттілігін, ойды жүйелі жеткізу қабілетін және сауатты жазу дағдысын дамытуға оң әсер ететінін көрсетеді. Мақала мұғалімдерге, әдіскерлерге және болашақ педагог мамандарға арналған.

Түйін сөздер: *жазылым дағдысы, тілдік құзыреттілік, функционалдық сауаттылық, сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық жазу, қалыптастырушы бағалау, кері байланыс, саралап оқыту, педагогикалық әдіс-тәсілдер, білім беру үдерісі.*

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – өзекті мәселелердің бірі. Соның ішінде жазылым дағдысы оқушының тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда, ойын жүйелі әрі сауатты жеткізуінде, шығармашылық қабілетін дамытуында ерекше орын алады. Жазу арқылы оқушы тек білімін көрсетіп қана қоймай, өз көзқарасын білдіруге, талдауға, салыстыруға және қорытынды жасауға үйренеді. Сондықтан жазылымды дамыту – тіл пәндерін оқытудағы басым бағыттардың бірі болып табылады.

Алайда тәжірибеде оқушылардың жазба жұмыстарында ойды жүйелі жеткізе алмау, сөздік қорының жеткіліксіздігі, грамматикалық және орфографиялық қателердің жиі кездесуі сияқты қиындықтар байқалады. Бұл мәселе жазылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдануды талап етеді. Мұғалімнің мақсатты ұйымдастырылған жұмысы, дұрыс таңдалған стратегиялар мен тапсырмалар оқушының жазу қабілетін айтарлықтай жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осы мақалада оқушылардың жазылым дағдысын жетілдірудің тиімді жолдары мен педагогикалық тәсілдері қарастырылады. Жазу үдерісін кезең-кезеңімен ұйымдастыру, сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын пайдалану, кері байланыстың рөлін арттыру, шығармашылық тапсырмаларды енгізу сияқты мәселелер талданады. Сонымен қатар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған оқыту мен қалыптастырушы бағалаудың маңыздылығы айқындалады.

Мақаланың мақсаты – жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тиімді әдіс-тәсілдерді саралап, оларды оқу үдерісінде қолданудың жолдарын ұсыну.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Осы тұрғыда тілдік дағдылардың, әсіресе жазылым дағдысының орны ерекше. Жазылым оқушының тек сауатты жазуын ғана емес, өз ойын жүйелі түрде жеткізуін, ақпаратты талдап, тұжырым жасауын қамтамасыз етеді.

Жазылым дағдысын дамыту – ұзақ әрі жүйелі жұмысты талап ететін үдеріс. Сондықтан мұғалім оқыту барысында тиімді әдіс-тәсілдерді орынды қолдана отырып, оқушылардың жазбаша тілін дамытуға бағытталған жұмыстарды тұрақты жүргізуі қажет.

Жазылым дағдысының теориялық негіздері

Жазылым дағдысы тыңдалым, айтылым және оқылым дағдыларымен тығыз байланыста қалыптасады. Бұл дағды оқушының когнитивтік қабілеттерін дамытып, сыни ойлауын жетілдіреді. Жазу барысында оқушы өз ойын жоспарлауды, тілдік нормаларды сақтауды және мәтінді логикалық құрылыммен ұсынуды меңгереді.

Ғылыми зерттеулерде жазылым үдерісі ойды жүйелеу, жоспарлау, мәтінді құрастыру және түзету кезеңдерінен тұратыны көрсетіледі. Осы кезеңдерді дұрыс ұйымдастыру жазба жұмысының сапасын арттырады.

Оқушылардың жазылым дағдысын дамытудағы тиімді тәсілдер

Мәтіндермен жұмыс. Сапалы мәтін үлгілерін талдау арқылы оқушылар мәтіннің құрылымын, стильдік ерекшеліктерін және тілдік құралдардың қолданылуын меңгереді. Эссе, мақала, хат үлгілері жазылым сапасын арттыруға ықпал етеді. Жазуды бастамас бұрын негізгі ойды, тірек сөздерді белгілеп, кіріспе – негізгі бөлім – қорытынды құрылымын сақтаған жөн.

Жоспарлау және құрылымдау. Жазылым алдындағы жоспар құру оқушының ойын жүйелі жеткізуіне көмектеседі. Кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыны дұрыс ұйымдастыру мәтіннің мазмұндық бірізділігін қамтамасыз етеді.

Шығармашылық жазба жұмыстары. Еркін тақырыпта эссе жазу, мәтінді жалғастыру, сурет бойынша әңгіме құрастыру оқушылардың қиялын дамытып, сөздік қорын байытады.

Бірлескен жазу әдісі. Топтық және жұптық жазу жұмыстары оқушылардың өзара пікір алмасуына, бір-бірінен үйренуіне мүмкіндік береді. Бұл тәсіл жазылыммен қатар коммуникативтік дағдыларды да дамытады.

Жоспарлы жазу жаттығулары. Оқушыларға нақты тақырып немесе сұрақ беріліп, сол бойынша хат, эссе, шағын шығарма жазуды ұсыну, ойын жүйелі жеткізуге, мәтін құрылымын сақтауға, артық сөз қолданбай, негізгі ойды ашуға бағыттайды.

Рефлексия және кері байланыс. Оқушы өз жұмысын талдап, жетістігі мен кемшілігін анықтап, өзіне баға беруі тиіс. Мұғалімнің нақты әрі ынталандырушы кері байланысы жазылым дағдысының дамуына оң әсер етеді.

Жазылым дағдысын дамыту – тұрақты, кезеңді, шығармашылыққа бағытталған **процесс. Ең тиімдісі –** жоспарлы жазу, модельдерді пайдалану, сөздік қорын кеңейту, кезең бойынша жазу және нақты кері байланыс беру**.**

Қорытынды

Қорыта айтқанда, оқушылардың жазылым дағдысын жетілдіру – жүйелі, мақсатты және үздіксіз жүргізілетін педагогикалық үдеріс. Жазу қабілетін дамыту оқушының тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, оның сыни ойлауын, шығармашылық белсенділігін және өзіндік пікірін сауатты жеткізу дағдысын қалыптастырады.

Жазылымды тиімді дамыту үшін жазу үдерісін кезеңдерге бөліп ұйымдастыру, үлгі көрсету, сараланған тапсырмалар беру, тұрақты кері байланыс ұсыну және қалыптастырушы бағалауды қолдану маңызды. Сонымен қатар шығармашылық сипаттағы тапсырмалар мен практикалық жұмыстар оқушының қызығушылығын арттырып, жазуға деген ынтасын күшейтеді.

Ұсынылған әдіс-тәсілдерді жүйелі қолдану оқушылардың сауатты, мазмұнды әрі құрылымды жазу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Демек, жазылымды дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық тәсілдер білім сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2016). Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік нұсқау хат. Астана.
2. Әбдікәрімұлы, Б. (2018). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Мектеп.
3. Байтұрсынұлы Ахмет. (1992). Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі.
4. Выготский Лев Семенович. (1991). Педагогикалық психология. Москва: Педагогика.
5. Блум Бенджамин. (1956). Taxonomy of Educational Objectives. New York: Longmans.

Резюме

В данной статье рассматриваются эффективные методы совершенствования навыков письма у учащихся. Поскольку письмо является наиболее сложным и творческим из языковых навыков, его систематическое развитие является важным направлением образовательного процесса. В статье анализируются современные педагогические методы и подходы, используемые для совершенствования навыков письма у учащихся, включая стратегии критического мышления, творческие задания, методы обратной связи, моделирование и написание на примерах, а также эффективное использование цифровых ресурсов. Кроме того, определены основные трудности, возникающие при письме, и предложены практические пути их решения. Обоснована важность дифференцированного подхода к заданиям, проведения формирующего оценивания и использования мотивационных методов с учетом возрастных особенностей учащихся. Результаты исследования показывают, что предложенные методы оказывают положительное влияние на развитие языковой компетенции учащихся, способности систематически излагать мысли и компетентных навыков письма. Статья предназначена для учителей, методистов и будущих специалистов в области образования.

Ключевые слова: *навыки письма, языковая компетенция, функциональная грамотность, критическое мышление, творческое письмо, формирующее оценивание, обратная связь, дифференцированное обучение, педагогические методы, образовательный процесс.*

Summary

This article considers effective methods for improving students' writing skills. Since writing is the most complex and creative of language skills, its systematic development is an important direction of the educational process. The article analyzes modern pedagogical methods and approaches used to improve students' writing skills, including critical thinking strategies, creative tasks, feedback methods, modeling and example-based writing, as well as the effective use of digital resources. In addition, the main difficulties encountered during writing are identified

and practical ways to solve them are proposed. The importance of giving differentiated tasks, conducting formative assessment, and using motivational methods, taking into account the age characteristics of students, is substantiated. The results of the study show that the proposed methods have a positive effect on the development of students' language competence, the ability to systematically convey thoughts, and competent writing skills. The article is intended for teachers, methodologists, and future educational specialists.

Keywords: *writing skills, language competence, functional literacy, critical thinking, creative writing, formative assessment, feedback, differentiated teaching, pedagogical methods, educational process.*

ОӘК: 371.2

ҚАЗІРГІ МЕКТЕП: ОҚУ МЕН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫ

Алиакбарова Ф.М.,
Алматы қаласы №206 мектеп гимназия директоры,
Айтбаева А.Б.,
№206 мектеп гимназия директорының орынбасары,
Мендіғалиева Г.Қ.,
п.ғ.к., ҚР ПҒА корреспондент мүшесі

Түйін. *Бұл мақалада қазіргі мектептегі оқу мен оқыту үдерісінің ерекшеліктері және білім сапасын арттырудың негізгі бағыттары қарастырылады. Жылдам өзгеретін қоғам жағдайында білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойылып, оқушылардың метапәндік құзыреттіліктерін, сыни ойлауын және өмірлік дағдыларын дамыту маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Мақалада білім беру үдерісін жаңғыртуда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану, оқыту мазмұнын жаңарту және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселелері талданады. Сонымен қатар білім беру сапасын қамтамасыз етуде мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы серіктестіктің рөлі, оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері және олардың нәтижеге бағытталғандығы сипатталады. Зерттеу нәтижелері қазіргі мектеп жағдайында білім сапасын арттыру үшін инновациялық педагогикалық тәсілдер мен технологияларды жүйелі түрде қолданудың маңыздылығын көрсетеді.*

Түйін сөздер: *қазіргі мектеп, білім сапасы, оқу үдерісі, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, педагогикалық инновациялар, метапәндік құзыреттілік.*

«Мәселені дұрыс қоя білудің өзі оны жартылай шешу деген сөз»
Д.И.Менделеев

Мақсатқа жету үшін мақсат еткен нәрсеңді айқын білуің, соның орындалатынына өзің сенуің керектігі барлығымызға мәлім.

Жылдам өзгеретін әлем, ақпаратты қабылдаудың жаңа тәсілдері, мәдени әртүрлілік, XXI ғасырдағы ортаны технологияландыру оқыту мақсаттарын білім алушылардың метапәндік және жеке тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуіне бағытталған. Олардың қабілеттері мен алған білімдерін қолдана отырып, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге дайын болуы үшін, білім беруде цифрлық технологияларды, ЖИ (жасанды интеллект) құралдарын оқу үрдісін оңтайландыруға қолдана отырып, өзекті ақпарат негізінде шешім қабылдауға баса назар аударуды қажет етеді. Осыған байланысты білім беру процесіндегі жетістіктер оған қатысушылардың – педагогтердің, білім алушылардың және олардың ата- аналарының оң және тұлғалық маңызды нәтижелер алуына қызығушылығы артуда. Қазіргі педагогикалық тәсілдер білім алушылардың дене дамуы мен эмоционалдық жағдайын қолдауға, олардың мүдделері мен жеке ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді. Бүгінде қазақстанның орта мектептерінің оқу бағдарламасы қайта өңделіп шықты десек те болады. Барлығымызға белгілі Қазақстанның жаңартылған білім беру бағдарламасы Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, Еуропадағы ынтымақтастық және даму ұйымы (ЕЫДУ) ұйымдастырған халықаралық PISA (Programma for International Student Assessment) оқушылардың білімін бағалау сынағы бойынша функционалдық сауаттылыққа қойылатын талаптар негізінде жасалған.

Функционалдық сауаттылық бұл балалардың терең ойлана білу, алған білімін күнделікті өмірдегі мәселелерін шешуге пайдалана алу қабілеті. Ойлардың қарапайым түрінен ең жоғарғыға дейін 6 сатысын бөліп американдық психолог Бенджамин Блум 1956 жылы «Таксономия» деген атпен жазып шыққан әдістемесі кең қолданыста. Ал осындай

жағдайда бүгінде сабақта оқушыларға білім беру әдіс тәсілдеріміз қаншалықты өзгерді? Ең бастысы барлық сатыда оқушының өзін белсенді әрекетке ұйымдастыра білу және жеке дербес өзіндік даму ой деңгейін анықтап бағалау. Бұл бағытта білім беру процесін және оның ішінде оқушылардың ойлау жүйесін зерттеу үшін Блумның ойлану таксономиясы идеяларын ғалымдар мен педагогтер басшылыққа алуда және оны талдап, білім беру саласына қарай жаңалауда. Соңғы қолданыстағы алты ойды дамыту деңгейлеріне тоқталайық. Олар (1) білу/жаттау, (2) түсіну, (3) колдану, (4) талдау, (5) бағалау және (6) жасампаздық. Бұл деңгейлер төменгі немесе ең қарапайым ойлаудан (Lower Order Thinking) жоғарғы дәрежедегі ойлау (Higher Order Thinking) сатылардан тұрады. Сабақты жоспарлағанда оқу мақсаттарын жазып, осы деңгейлерді негізге алып, жоғары дәрежедегі ойлауға жеткізуіне басымдық жасалып, оқушылардың ойлау жүйесін дамыту көзделеді. Бүгінгі таңда бұл таксономияны біздің елдегі мұғалімдерде өз тәжірибесінде түрлі әдістер пайдаланып сабақтарының мақсатын анықтағанда кеңінен қолданады. Мұндай әдісті мұғалім сабақта оқушылардың ойлау жүйесін төменнен жоғары деңгейге жетелеу үшін қолданады, анығында бұл таксономия сабаққа мақсат қойып, сол мақсатқа жету үшін көмектесетінін біздің мектеп гимназия мұғалімдеріміздің тәжірибесі де дәлелдеуде. Блум таксономиясындағы алты дәрежедегі ойлау және оларға байланысты дағдыларды дескрипторлар арқылы талдап көрсек, білім беру процесінде олардың барлығы керек екені анық. Бірақ қайсының дәрежесіне көбірек көңіл бөлу керек десек. Ол әлі көптеген зерттеулерді қажет ететіні анық. Бүгінде біздің қолданыстағы жаңартылған бағдарламамен білім беруде де оқушылардың осы Блум таксономиясы негізінде функционалдық сауаттылығын дамытып, әлемнің дамыған елдерінің балаларымен тең түсетін қарым-қабілетке жеткізу көзделеді. Ең бастысы барлық сатыда оқушының өзін белсенді әрекетке ұйымдастыра білу және жеке дербес өзіндік даму ой деңгейін анықтап бағалау десек. Онда ,біздің мектеп гимназияның мұғалімдерінің осы бағыттағы енгізіп отырған оқу үрдісіндегі өзгерістерінің гимназия білім беру сапасына тиімділік әсерін зерттеу үшін мектептің жылдық ғылыми әдістемелік жоспарына сай жүретін пән онкүндітерінің жұмысына тоқталып көрелік. Бұнда жоспарланған шаралар негізінде осы реформаны іске асыруға байланысты мұғалімдеріміздің даярлығы қай деңгейде екенін анық байқауға болады. Біріншіден, мектеп гимназиямыздың ашылғанына биыл төртінші жыл педагогикалық ұжымның 90 % жастар, алайда осы мерзімнің өзінде көптеген жетістіктерді атауға болады. Ең бастысы ұйымшылдықпен әр іске мақсатқа сай жұмылып кірісу бұл жағдайда корпоративті құндылыққа негізделген басқарудың ұстанымдары жақсы нәтиже беруде. Үздіксіз жыл бойы жүйелі бірізділік ұстанымы негізінде жоспарланған пәндік бірлестік онкүндіктерінде әртүрлі формада ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстарды көруге болады. Атап айтқанда: шебер сыныптар, ашық сабақтар, квесттер, интеллектуалды жарыстар, семинар, оқырман конференциялары, еліміздің танымал адамдармен кездесулер, олимпиадалар өнер конкурстар, көрмелер т.с.с. шаралар. Екіншіден, барлық шараларда оқушы басты субьект болғандықтан PISA халықаралық зерттеуінің талабына сай үш бағыттағы сауаттылықты : математикалық, ғылыми жаратылыстану, оқу сауаттылықтарын қалыптастырып дамыту көзделеді. Сондықтан бұл шараларда оқушыларды шығармашылық іс әрекетке баулу арқылы жоғары деңгейдегі нәтижелер алу бағытында заманауи технологиялар ұсынатын әдіс тәсілдерді педагогтар тиімді пайдаланады Үшіншіден, педагогтардың жылдан жылға біліктілік деңгейлерінің артып келе жатқанын анық мониторингілеуге болады. Биылғы жылдың өзінде бастауыш, информатика, физика пән мұғалімдері тек біздің ел курстары емес әлемнің дамыған елдері Жапония, Сингапур, Кореяда өз біліктіліктерін шыңдады. Ол жаңашылдықтарды өздері ғана игеріп қоймай онкүндіктер аясында басқа педагогтармен бөлісу бағытында түрлі деңгейдегі мектепішілік, аудандық, қалалық тәжірибе алмасу семинар, коучинг, тренингтерді нәтижелі өткізуде. Осындай шаралар мектептегі жас ұстаздарға көп кәсіби жолдарын қалыптастырып дамуына әкелетіні анық. Төртіншіден, сабақтың формасының өзгеруі, оқушыларды іс әрекетке бағытталған заманауи әдіс тәсілдерді сабақтарда, сабақтан тыс іс шараларда көбірек қолдану мысалы, кооперативтік оқыту аясындағы сабақ немесе жаттығу барысында мұғалім бағалаушы емес, бағыттаушы рөлін атқарады. Мұғалім оқушылардың әртүрлі шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіну арқылы проблеманы шешу дағдыларын дамытуына көмектесуге тырысады. Топ мүшелері жүргізуші, хатшы және спикер сияқты рөлдерді таңдау арқылы, мәселе шешу дағдыларын жетілдіруде. Мысалы, сыныпта шағын топтарға бөліп кооперативтік оқытудың бір классикалық түрі «Джигсо» (Jigsaw) әдісі туралы айтсақ, бұл тәсілді қолдану барысында оқушылар өздерінің бастапқы топтарынан шығып, белгіленген тақырып бойынша жиналған топқа сарапшы болып тағайындалады. Олар кейін сарапшы ретінде бастапқы топтарын жаңа идеялар мен білімге шоғырландырады. Сарапшы оқушылар бастапқы топтарында өздерінің жаңадан меңгерген білімін басқаларға жеткізу арқылы оларды ойлаудың анағұрлым жоғары деңгейіне тартады. Джигсо әдісі ортақ іске барлығының үлес қосуын көздейді, демек, әрбір жеке оқушының қосқан үлесі бағалы болып табылады. Міне, осындай және заманауи цифрлық пен жасанды интеллект технологияларды толық игерген шығармашылықты, ізденімпаздықты басты бағыт етіп ұстанған мұғалім қазіргі мектепте сұранысқа ие педагог.

Оқу үрдісінің, оқушының, ұстаздың оқыту әдіс тәсілдерінің оңтайлы бағытта өзгеруі қазіргі қойылып отырған білім сапасының талабына сай нәтиже беретінін тәжірибе дәлелдеуде. Осы жерде айта кетуге болады мектептегі оқу үрдісінің нобайы сапасы оқу сауаттылығына тікелей байланысты. Тәжірибе көрсеткенлей, сауатты оқуды үйренбеген адам басқа пәндер бойынша қажетті деңгейде білімді игере алмайды немесе қандай бір жоба, эссе, хабарламаны өз бетімен түсініп жаза алмайтыны анық. Сондықтан да балаға кітапты білім мен ақпарат көзі ретінде қолдануға үйретуді мектеп гимназияның қазақ тілі бірлестігі оқытушылары (жетекшісі Төлеуғали Құралай) кітап әлеміне оқушыларды тарту және оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ету мақсатында әртүрлі конференцияларды өткізуді жүйеге қойғандығы айтуға тұрарлық. Білім беру жүйесін реформалауда тілдік функционалдық сауаттылықты дамытудың өзектілігі барлығымызға аян. Ал, математика информатика бірлестігінің ұстаздары (бірлестік жетекшісі Ерғали Мөлдір) жаппай мектепке биыл қолданысқа берілген жаңа Codiplay құрылғыны игеріп бастауыш сыныптан бастап сабақтарда «ақылды үй,» «ақылды қалашық», «ақылды бағдаршам», «ақылды пианино» сияқты жобаларды цифрлық технология, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланып оқушыларды жасампаздыққа баулуда. Жаратылыстану бірлестігі оқытушылары (жетекшісі Ниязбекова Ақмарал) жобалық әрекетке тек оқушы емес Алматы қаласы оқытушылары арасында өткен сайстан «Алматы қаласының ауасын тазарту моделін» қорғап жүлделі бірінші орынға ие болды. Күні кеше Астана қаласында өткен, жеті елден бес мыңнан аса оқушы қатысқан Alem Tech Fest халықаралық жарысында біздің гимназияның Sirius командасы робототехникадан жүлделі үшінші орын алып АҚШ, Австралия, Мексика,Канада, Қытай, Турция елдеріне жолдама алды. Бұл әрине үлкен жетістік. Аталған азғана жетістіктер бір жылдың өзінде мектеп гимназия ұжымының бір орында тұрмай алға жылжу мүмкіндігі мол екенін дәлелдейді. Бұған мектеп гимназияның білім сапасын арттырудағы сапа менеджменті ұстанымдарының әсері сөзсіз тоқтала кетсек, олар сегіз:1.Тұтынушыға бағыттау.Жаңа білім парадигмасына сай білім компоненттерінің базалық, тұлғалық болып жіктелуіне байланысты тұлғалық компоненттің орындауға әлеуметтік ортаның сұранысын мейілінше ескере отырып күтілетін нәтижеден де жоғары деңгейде орындау. 2. Басшының көшбасшылығы. Басшы мектеп гимназия іс әрекетінің бағыттары мен мақсатының бірізділігін қамтамасыз етеді. Мектеп гимназия белгілеген міндеттерді толық іске асыру үшін қолайлы жағдай туғызады.3 Қызметкерлерді жұмылдыру. Мектеп гимназия басшысы өз қызметкерлерінің іскерлігін ескере отырып толық іске жұмылдырады.4. Үрдістік көзқарас. Егер қажетті ресурстар толығымен үрдіс ретінде басқарылатын болса, онда күтілетін нәтиженің тиімділігі арта түседі.

5. Жүйелі көзқарас. Бір біріне байланысты үрдістерді анықтауда, түсінуде басқаруды жүйе ретінде қарастырса оның нәтижелігі, тиімділігі, саналығы арта түседі. 6. Үнемі жақсарту. Үнемі жақсарту гимназияның іс әрекетінде өзгертілмейтін мақсат. 7. Шешім қабылдау.Мәліметті, ақпаратты талдау негізінде фактілерге сүйене отырып шешім қабылдау. 8. Әлеуметтік серіктестермен өзара тиімді байланыс. Алайда, алда әлі мектепте гимназияның білім сапасын қажетті деңгейге көтеруді шешуді кезек күтіп тұрған мәселелер баршылық. Олар, ресми ақпараттарға жүгінсек Қазақстан мектептерінде жүргізілетін барлығымызға белгілі ҰБТ нәтижесі ойландырады. 2026 қаңтарда өткен аралық ҰБТ ға 139 мың оқушы қатысып 69% ғана қажетті балл жинаған ол дегеніміз бес пәннен 64 балл жоғары балл 138. Бұл төмен сапа осының нәтижесінде ата аналар қосымша ақылы репетитор көмегіне жүгінуге мәжбүр ал ол материалдық шығынға ұшыратыны анық. Және әр ата ананың ондай мүмкіндігі болмауы мүмкін. Осыдан жастардың білім алу мүмкіндігі де шектеледі деуге болады. Әрине қоғам бізден бала тиісті білімді мектептен алу керектігін талап етеді. Ол дұрыс та. Енді білім сапасын көтеру мәселесіне келсек? Себебі неде? Осы сұраққа жауап іздеп біз мектеп гимназиямыздың тәжірибелі абыройлы математик Шойбек Анардың әңгімесін келтіргіміз келіп отыр: «Жаңартылған бағдарлама аясында 10-11 сыныптардың жаратылыстану-математика бағытындағы «Алгебра және анализ бастамалары» пәніне қосымша бірнеше тараулар қосылды.

Атап айтқанда, «Көпмүшелер», «Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары», «Комбинаторика элементтері және ықтималдылықтар теориясы», «Математикалық статистика элементтері», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер» тақырыбындағы тараулар енгізілу себебі түсініксіз. Себебі, біріншіден бұл тараулардың көпшілігі жоғарғы оқу орнында 1-курс студенттеріне қайта оқытылады, екіншіден кейбір тараулар 8-9 сыныпта өтілген, сондықтан оны қайталаудың қаншалықты қажеттілігі бар, үшіншіден бұл тараулара өтілетін тақырыптар мен шығарылатын есептердің көпшілігі Ұлттық тестлеу орталығының ҰБТ-ға арналған базасына енгізілмеген (бастапқыда енгізіліп, оқу жоспарына сай қысқартылыған бағдарлама болғандықтан ҰБТ базасынан алып тасталынған). 10-сыныптың «Алгебра және анализ бастамалары пәнінде 12 БЖБ, 4 ТЖБ жұмыстары осының дәлелі. Мұғалім бағдарламаны толық сыныпқа

меңгертуге, өтілген тақырыпты қайталауға уақыты жоқ. Бұл ҰБТ-ға дайындық курстарының көбейюінің бір себебі.

Сондықтан, 10-11 сыныптардың жаратылыстану-математика бағытындағы «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінің бағдарламасын қайта қарап, артық деп танылған тарауларды алып тастап, оның орнына білім алушы болашақ талапкерлерді ҰБТ-ға дайындап, қайталау жұмыстарын жүргізілуін ұсынамын».Бұндай ұсыныстар білім сапасына әсер ететіні анық. Негізі болашақта әдіскер, ғалым авторларынан мектептерде бағдарлама мен оқулықтың арасындағы қайшылықтарды зерттейтін ресми мониторинглеу тобы болғаны дұрыс сияқты деп ойлаймыз. Уақыт соны меңзейді. Ал, нақты іс әрекетке тоқталсақ. Бүгінде республикада мұғалімдердің кәсіби даму деңгейін бірнеше біліктілік санатпен анықтайды. Олар: модератор, сарапшы, зерттеуші, шебер. Онда берілген критерийлерге байланысты мұғалімнің біліктілік санаты анықталады. Бір қарағанда бәрі дұрыс сияқты. Ал, екінші жағынан қарағанда мұғалімнің уақыты жеткілікті ме? Ол күнделікті оқу үрдісі сыртында зерттеулерге қатысып белгілі бір әдістемелік жұмыстың ия оқулықтың авторы да болуға тиіс екен. Ол мүмкін бе? Өкінішке орай, біздің мұғалімдер де, әдіскерлер де, басшылар да осы мәселеде ақсап тұр. Керемет оқушымен нәтижелі жұмыс істеп жүрген шығармашыл мұғалім тиісті санатына осы критерийге уақыты жетпеуіне байланысты шыға алмай жүр. Ал, ол оның материалдық жағдайына кері әсерін тигізетіні анық. Себебі оқушымен дербес дара жұмысты күшейту даму мониторингін жүйелі жүргізіп шығармашылықпен әрекет жасап инновациялық әдіс тәсілдерді меңгеріп пайдалану дегеніміз не? деген сұраққа жауап іздесек міндетті түрде әртүрлі проблемалар бар екеніне көзіміз әбден жетеді. Мектеп басшылардың өзі жоғарыдан келетін нұсқаулар мен бұйрықтардың қатаң бақылаудың көптігі септігін тигізіп отыр. Олардың жұмыстары орталықтан келген формаларды толтыру болып отыр. Бұл ретте мұғалімдерді шығармашылықпен шабыттандырса жасандылықсыз қызықты өтер еді. Яғни мұғалімдердің әлі толық академиялық еркіндігі шектеулі екендігін мойындауымыз керек .Біздің ойымызша, халықаралық білімді бағалау бағдарламаларынан туындайтын ұсыныстарды дұрыс түсініп, іске асыра білуіміз маңызды. Бүгінде есепсіз, көп пайдасы жоқ семинар, конференция, жиындардың саны жоғарыдан түскен нұсқауларға байланысты өсіп кетті. Мысалы: мұғалім шебер, зерттеуші, сарапшы санаттарына өту үшін аудандық иә қалалық семинар өткізуге міндетті ал ондай талапкерлер бір мектепте қанша? Әрине бұл әр бірлестікке қаншама жүктеме сонда бір мектеп қанша аудандық иә қалалық семинар өткізбек? Саны көбейген сайын сапасы төмендейтіні анық. Бұл істі қажетті талдаулар арқылы басқаша формада реттеу қажет.Қорыта келе бүгінде мектепте тек шығармашыл академиялық еркіндігі жоғары жан жақты әліснамалық көмек ала алатын мұғалім ғана жақсы нәтиже бере алатыны анық. Сондықтан біздің басты жетістік формуламыз «Шығармашылық, жасампаздық, жаңашылдыққа мұғалімге жол ашу» сонда ғана көздеген сапаға жететінініміз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 20257

2. «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» (ҚР БҒМ23.06.2022 ж. №292 бұйрығы)

3. «XXI ғасырдағы ұлттық сана және білім беру: заманауи педагогтың көзқарасы ». Қалалық ғылыми тәжірибелік конференция. Алматы 2025.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности современного школьного учебно-воспитательного процесса и основные направления повышения качества образования. В условиях быстро меняющегося общества к системе образования предъявляются новые требования, и одной из важных задач является развитие междисциплинарных компетенций, критического мышления и жизненных навыков учащихся. В статье анализируются вопросы эффективного использования цифровых технологий и инструментов искусственного интеллекта в модернизации образовательного процесса, обновлении содержания образования и развитии профессиональной компетентности учителей. Кроме того, описывается роль партнерства между учителями, учениками и родителями в обеспечении качества образования, современные методы организации образовательного процесса и их ориентация на результаты. Результаты исследования указывают на важность систематического использования инновационных педагогических подходов и технологий для повышения качества образования в условиях современной школы.

Ключевые слова: *современная школа, качество образования, образовательный процесс, цифровые технологии, искусственный интеллект, педагогические инновации, междисциплинарная компетентность.*

Summary

This article examines the features of the modern school learning and teaching process and the main directions of improving the quality of education. In the conditions of a rapidly changing society, new requirements are imposed on the education system, and the development of meta-disciplinary competencies, critical thinking and life skills of students is one of the important tasks. The article analyzes the issues of effective use of digital technologies and artificial intelligence tools in modernizing the educational process, updating the content of education and developing the professional competence of teachers. In addition, the role of partnership between teachers, students and parents in ensuring the quality of education, modern methods of organizing the educational process and their focus on results are described. The results of the study indicate the importance of the systematic use of innovative pedagogical approaches and technologies to improve the quality of education in modern school conditions.

Keywords: *modern school, quality of education, educational process, digital technologies, artificial intelligence, pedagogical innovations, meta-disciplinary competence.*

УДК: 376



ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В КОРРЕКЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ У ДЕТЕЙ С ЗПР

Ахетова Ажар Сериковна
дефектолог
КГУ «ОШ № 2 имени Ахмета Байтурсынулы города Степногорск отдела образования по городу Степногорск управления образования Акмолинской области»

Аннотация. *В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты применения игровых технологий в коррекции познавательных процессов у школьников с задержкой психического развития (ЗПР). В условиях модернизации системы образования Казахстана особую актуальность приобретает организация инклюзивного и дифференцированного обучения, направленного на поддержку детей с особыми образовательными потребностями. Учащиеся с ЗПР характеризуются замедленным темпом психического развития, недостаточной сформированностью высших психических функций, сниженной учебной мотивацией, быстрой утомляемостью и трудностями в усвоении учебного материала. В работе обоснована эффективность игровых технологий как одного из результативных средств коррекционно-развивающего обучения. Показано, что использование игровых форм деятельности способствует активизации внимания, памяти, мышления и воображения, повышает познавательный интерес, формирует положительную учебную мотивацию и создаёт благоприятную эмоциональную атмосферу на уроке. Представлены методические подходы к организации педагогического процесса с применением игровых технологий, учитывающих психологические и возрастные особенности детей с ЗПР. Сделан вывод о том, что систематическое использование игровых методов способствует повышению эффективности обучения и развитию познавательной активности учащихся.*

Ключевые слова: *задержка психического развития, игровые технологии, коррекционно-развивающее обучение, познавательные процессы, инклюзивное образование, учебная мотивация, школьники.*

Современная школа Казахстана внедряет различные педагогические технологии, направленные на повышение качества обучения, развитие познавательной активности учащихся и обеспечение инклюзивного и дифференцированного обучения. Одной из актуальных задач является организация образовательного процесса для детей с задержкой психического развития (ЗПР) категории, для которых характерно снижение темпа психического развития, недостаточная сформированность высших психических функций, трудности в усвоении учебного материала, повышенная утомляемость, низкая учебная мотивация и слабый уровень познавательной деятельности. В таких условиях важна разработка и внедрение адекватных коррекционных и развивающих мероприятий, которые способствуют активизации внимания, памяти, мышления, восприятия, воображения, а также формированию учебной мотивации и познавательного интереса. Игровые технологии рассматриваются как одно из эффективных направлений коррекционной работы и обучения детей с ЗПР, поскольку игра как ведущий вид деятельности младшего

школьника может служить не только мотивирующим, но и развивающим, коррекционным средством. Применение игровых форм педагогической работы, адаптированных под особенности детей с ЗПР, представляется особенно востребованным: они создают благоприятную эмоциональную атмосферу, позволяют разнообразить учебную деятельность, повысить активность детей и облегчить процесс усвоения знаний. Цель данной статьи — раскрыть теоретические и практические аспекты использования игровых технологий в коррекции познавательных процессов у школьников с ЗПР рассмотреть специфику, задачи, методы, а также предложить рекомендации по организации педагогического процесса. Дети с задержкой психического развития характеризуются сниженным уровнем произвольного внимания, слабой устойчивостью внимания, трудностями в выполнении учебных операций, неустойчивой учебной мотивацией, ограниченными возможностями саморегуляции и планирования, недостаточной сформированностью мыслительных операций (анализ, синтез, обобщение) и ослабленной познавательной активности. Эти особенности приводят к тому, что традиционные формы обучения, рассчитанные на типичную динамику развития учащихся, часто оказываются малоэффективными: дети быстрее утомляются, теряют интерес, отстают в темпе, что требует от педагогов использования специальных коррекционных и развивающих методов.

В образовательной системе (включая как общеобразовательные, так и специальные классы или инклюзивные формы обучения) важно учитывать, что коррекционная работа должна быть интегрирована с учебным процессом, адаптирована к возможностям ребёнка, предусматривать поэтапное усложнение задач, дифференциацию, многообразие форм и методов. Игровые технологии в данном случае выступают как ресурс, способствующий формированию познавательных процессов, активизации учебной деятельности и повышению мотивации. Теоретическая база применения игровых технологий включает положения о том, что игра как форма деятельности ребёнка обладает мощным развивающим потенциалом: она создаёт эмоционально положительный фон, стимулирует самостоятельное действие, побуждает к поиску, экспериментированию и сотрудничеству. Более того, исследования показывают, что игровые технологии в коррекционно-развивающей работе с детьми с ЗПР и другими отклонениями позволяют активизировать мыслительные операции, повысить интерес к познавательной деятельности и улучшить результаты обучения.Игровые технологии включают разнообразные формы: дидактические игры, сюжетно-ролевые игры, деловые и проблемные игровые ситуации, подвижные игры, игровые приёмы и упражнения, а также современные цифровые игровые среды (например, обучающие компьютерные игры, интерактивные платформы) — при условии адекватной адаптации. Основные преимущества игровых технологий в работе с детьми с ЗПР таковы: во-первых, они повышают мотивацию ребёнка к учебной деятельности: игра воспринимается как интересное, неформальное действие, что снижает тревожность, снимает стресс, усиливает желание включаться в процесс. Во-вторых, игра создаёт ситуацию успеха: дети получают возможность многократно повторять задания, добиваться результата, что укрепляет уверенность и самооценку. В-третьих, игровые формы позволяют дифференцировать задания, подбирать уровень сложности, включать визуальные, аудиальные и моторные компоненты, что важно для детей с ЗПР, у которых нарушены разные психические процессы (например, внимание или восприятие). В-четвёртых, игра обеспечивает активное участие ребёнка, вовлечение его в практическую деятельность, что способствует развитию мышления, памяти, воображения и других познавательных функций. Как отмечает исследование: «Применение игровых технологий позволяет добиться решения не только образовательных задач, но сохранить работоспособность и повышать познавательную активность детей». Дефектолог или классный руководитель может использовать игровые технологии как интегральную часть учебного процесса: не просто как развлечение, а как функциональный инструмент коррекции и развития. При работе с учащимися с ЗПР с помощью игровых технологий можно выделить следующие ключевые задачи:

1. Развитие и коррекция внимания — тренировка устойчивости, объёма и переключения внимания; формирование навыков концентрации на учебном задании, умения удерживать внимание в ситуации усложнения.

2. Коррекция восприятия и образной памяти — развитие зрительного, слухового, тактильного восприятия, формирование пространственных и временных представлений, ориентировки в предметной и социальной среде.

3. Развитие памяти (оперативной, долговременной, логической) и мышления, формирование навыков анализа, синтеза, обобщения, сравнения, классификации, развитие причинно-следственных связей, умения ставить цель, планировать и контролировать действия.

4. Формирование учебных навыков и универсальных учебных действий (УУД) развитие познавательных действий, регулятивных и коммуникативных умений, что позволяет ребёнку работать более самостоятельно, включаться в коллективную деятельность, обретать уверенность.

5. Мотивация к учебной деятельности и формирование познавательного интереса, организация среды, где ребёнок испытывает положительный эмоциональный отклик, видит результат своих усилий, ощущает поддержку педагога и равенство с одноклассниками.

6. Социализация и развитие личностных качеств — игровые технологии создают условия для взаимодействия, сотрудничества, обмена ролями, что способствует развитию коммуникации, толерантности, ответственности, настойчивости, саморегуляции. Практика показывает, что игровые технологии следует интегрировать во все этапы учебной и коррекционной работы: на уроках, на занятиях с дефектологом/логопедом, в групповом и индивидуальном формате, а также во внеурочной деятельности и домашних заданиях. Ниже приведены примеры методических приёмов и игровых форм, применимых в работе с детьми с ЗПР.

• Дидактические игры. Например, карточные игры, лото, «конструкторы» заданий, игровые схемы, задачки-загадки, ребусы и кроссворды, которые адаптированы под уровень ребёнка. Они могут быть организованы по принципу соревнования, сотрудничества, индивидуального темпа. Такие игры развивают мышление, память, внимание и воображение.

• Сюжетно-ролевые и деловые игры. Например, моделирование жизненных ситуаций («магазин»,«школа», «путешествие»), распределение ролей, выполнение заданий в игровой форме. Эти формы способствуют включению детей в активную деятельность, развивают коммуникативные навыки, самостоятельность и мотивацию.

• Подвижные и психогимнастические игры. Коррекционная работа должна включать и

двигательные компоненты — пальчиковая гимнастика, дыхательные упражнения, релаксация, подвижные игры, физкультминутки. Это важно, поскольку моторика, координация и эмоциональное состояние напрямую связаны с познавательной активностью.

• Игры с визуально-сенсорными материалами. Учащиеся могут использовать практические материалы: геометрические фигуры, конструкторы, лото, сенсорные модели (например, песок,массажные коврики), наборы предметов для тактильного восприятия. Данный подход помогает детям с нарушениями восприятия и психомоторики.

• Игровая деятельность на уроках основных предметов. Например, интеграция игр при изучении математики, языка, чтения, окружающего мира: игровые ситуации по теме, деление класса на группы, соревнования, квест-задания, интерактивные задания с этапами, наклейками, жетонами, жетонами успеха. Это позволяет повышать познавательную активность и снижать утомляемость.

• Использование цифровых образовательных игр и интерактивных средств. Хотя конкретных отечественных исследований пока меньше, современная практика образования предусматривает использование обучающих приложений, интерактивных досок, компьютерных игр, адаптированных к уровню детей с ЗПР. Важно, чтобы эти средства были адаптированы, имели дозировку, учитывали моторику ребёнка, обеспечивали визуально-аудиальную поддержку и сопровождение педагога.

• Дифференциация, индивидуализация и постепенное усложнение задач. Игровая деятельность должна строиться с учётом возможности ребёнка: начинать с простых игровых заданий, постепенно повышать уровень сложности, обеспечивать успех на каждом этапе и давать возможность повторения. В рамках школы педагог может выстроить организацию учебной и коррекционной работы следующим образом: сначала проводятся диагностические мероприятия (например, с участием психолога, логопеда, дефектолога) для определения зоны затруднений ребёнка: внимание, память, мышление, восприятие, мотивация. Далее определяется индивидуальная программа развития (ИПР) или адаптированная образовательная программа с учётом игровых технологий и коррекционных задач. Затем на каждом уроке и занятии с ребёнком (или малой группой) предусматривается игровая деятельность: введение темы через игровую ситуацию, активная игровая часть (дидактическая или подвижная игра), закрепление материала через игру, рефлексия и итог игрового задания, переход к учебному заданию. Очень важно, чтобы педагог сам участвовал в игре, направлял её, создавал условия успеха, поддерживал ребёнка, подбирал игровое задание по уровню возможностей. В процессе важно соблюдать следующие методические условия: игра должна быть связана с целью урока и коррекционной задачи, задания должны быть понятны детям, игровая деятельность должна быть эмоционально привлекательной, материал красочным, доступным, должна быть возможность многократного повторения. При работе с детьми с ЗПР важны также паузы, смена деятельности, введение движений, релаксации, а не перегрузка урока игровыми формами без учёта общего состояния ребёнка. Домашние задания также могут включать игровые элементы: задания-игры, карточки, виртуальные игры, которые ребёнок может

выполнять под руководством родителя, что усиливает связь школы и семьи. Рассмотрим гипотетическую ситуацию в малом классе (1-2 классы) школы с группой учащихся, среди которых есть один-два ребёнка с ЗПР. Педагог, знакомый с особенностями учеников, планирует серию уроков по окружающему миру и чтению. Вводится игровая ситуация: «Мы отправляемся в необычное путешествие по стране знаний». Учащиеся получают маршрутные листы-карты, на которых отмечены станции («Станция внимания», «Станция памяти», «Станция мышления», «Станция весёлых заданий»). На каждой станции дети выполняют игровое задание — например, на станции внимания — игра «Летающие карточки»: разноцветные карточки с изображениями и словами, учащиеся по сигналу выбирают нужную карточку, обосновывают выбор. Для ребёнка с ЗПР игра начитается с простого уровня — два-три карточки с визуально-чётким изображением, затем усложняется: больше карточек, оттенки цветов, добавляется время. На станции памяти — игра-лото: найти пару слов-картинок, или на доске быстро показать слово, потом скрыть, ребёнок должен воспроизвести. На станции мышления — игра «Кто быстрее?» — из наборов слогов составить слово, затем предложение, затем придумать своё слово. Педагог сопровождает ребёнка, даёт подсказки, поощряет за участие. После каждой игровой станции проводится краткий мини-рефлексивный этап: «Что удалось? Где было трудно? Что нового узнали?» Это помогает ребёнку с ЗПР осознать свой результат, почувствовать успех, скорректировать свою деятельность. Далее материал закрепляется на уроке по чтению: дети читают небольшие тексты, ищут в них слова, изученные на станциях, выполняют мини-игру на карточках. Также дома ребёнку с ЗПР предлагается карточная игра- домашнее задание: родители вместе с ребёнком выполняют 5-7 карточных заданий «найди пару», «да- нет», «что будет дальше». В течение нескольких недель педагог отслеживает динамику: внимание ребёнка, его самостоятельность, интерес к заданиям, уменьшение количества ошибок, рост активности. При положительной динамике уровни заданий постепенно усложняются (добавляются время, конкуренция, самостоятельность). Описанный пример показывает, как игровые технологии могут быть встроены в учебный процесс и коррекционную деятельность: они не заменяют урок, но становятся органичной частью его структуры, способствуя достижению коррекционных и образовательных целей. В казахстанской системе образования особенности применения игровых технологий в коррекции познавательных процессов у школьников с ЗПР связаны с несколькими условиями. Во-первых, нормативно-правовая база и государственная политика ориентированы на инклюзию, адаптацию образовательных программ, поддержку специальных и коррекционных форм обучения. В таких условиях игровые технологии становятся ресурсом реализации принципов доступности, дифференциации и адаптации. Во-вторых, культурно-социальный контекст (многонациональность, двуязычие, переход к обновлённым программам обучения) предъявляет к педагогическим технологиям требования гибкости, адаптивности, учёта языковых, культурных, личностных особенностей. Игровые технологии при правильном подборе материалов могут учитывать языковую среду (русский/казахский), культуру ребёнка, темп его развития. В-третьих, ресурсы и кадровое обеспечение школ могут быть ограничены, особенно в сельской местности; это требует, чтобы игровые технологии были максимально простыми, доступными, могли реализовываться при минимальных материальных затратах, но с высоким педагогическим замыслом. Педагог может использовать простые карточки, логические игры, картон, конструкторы, что делает методику экономичной. Также важна профессиональная подготовка дефектологов, классных руководителей к использованию игровых форм, методическая поддержка и обмен опытом. В-четвёртых, система мониторинга и оценки должна учитывать не только успеваемость, но и динамику развития познавательных процессов у детей с ЗПР: игровые технологии дают возможность фиксации изменений (улучшение внимания, памяти, мышления, мотивации) и должны быть включены как часть системы оценки. Пятой важной особенностью является взаимодействие семьи и школы: игровые технологии легко трансформируются в домашние задания-игры, что способствует закреплению коррекционного эффекта вне урока и вовлекает родителей в образовательный процесс. Преимущества применения игровых технологий в коррекционной работе с детьми с ЗПР очевидны: они повышают мотивацию детей, создают эмоционально-комфортную среду обучения, позволяют адаптировать задания под индивидуальные возможности, обеспечивают повторение и практику, развивают познавательные процессы, способствуют социальной адаптации. Как отмечено в исследованиях: «Игра — мощный стимул в обучении. Посредством игры активизируется познавательный интерес, так как в игре мотивов больше, чем в учебной деятельности». Однако существуют и ограничения, которые необходимо учитывать. Во-первых, игровая деятельность не должна быть самоцелью, она должна быть связана с учебной и коррекционной задачей, иначе превращается в развлечение и теряет эффективность. Во-вторых, педагогический фактор, важна компетентность педагога: умение выбирать, адаптировать игру, вести её, подводить итоги, обеспечивать рефлексию. Без этого игровая деятельность может быть хаотичной и нецелевой. В третьих, внимание к уровню мотивации и состоянию ребёнка, у детей с ЗПР возможны быстрая утомляемость, снижение

интереса, эмоциональные срывы, необходимость частых смен деятельности и адаптации темпа. В четвёртых, необходимо системное применение, единичные игровые занятия не дают устойчивых эффектов, важна последовательность, регулярность, комплексность. В пятых, игровые технологии должны быть интегрированы с другими коррекционными средствами: логопедическими, психологическими, физиотерапевтическими (моторика, сенсорика), с учётом комплексного подхода ребёнка.Исходя из вышеизложенного, можно сформулировать ряд рекомендаций для дефектологов,учителей. Начинать с диагностического этапа, определить уровень познавательных процессов (внимания,памяти, мышления, восприятия) у ребёнка с ЗПР, выявить зону ближайшего развития и скорректировать индивидуальную программу.

Разрабатывать игровые задания с чёткой целью коррекции, игровая технология должна соответствовать конкретной задаче (например, улучшение объёма внимания, развитие логического мышления, тренировка памяти).

Обеспечивать постепенное усложнение игр: начиная с простого, понятного ребёнку задания, затем усложняя задания либо меняя форму игры, вводя элементы соревнования или самостоятельности.

Интегрировать игровые технологии в учебный процесс: игровая деятельность должна быть частью урока, коррекционного занятия, внеурочной работы и домашнего задания.

Учитывать двигательную активность, эмоциональное состояние и индивидуальный темп ребёнка: предусматривать паузы, смену видов деятельности, двигательные игры или релаксацию.

Сотрудничать с родителями: предоставить дома-игры, карточки, задания-игры, инструктаж для родителей, как поддерживать ребёнка, мотивировать его, создавать игровую среду дома.

Отслеживать динамику ребёнка: фиксировать изменения в внимании, памяти, мышлении,активности, самостоятельности; корректировать программы и игровые задания в зависимости от отклика ребёнка.

Проводить методическую работу среди педагогов: обмен опытом, разработка игровых материалов, адаптация под реальный контекст школы, учёт языковой и культурной специфики Казахстана (русский/казахский язык обучения).

Создавать банк игровых материалов, адаптированных под коррекционную работу с детьми с ЗПР, включая распечатки, карточки, магнитные конструкции, сенсорные наборы, простые электронные игры, чтобы минимизировать затраты и обеспечить доступность.

Оценивать эффективность применения игровых технологий не только по академическим успехам, но и по изменениям в познавательной активности, мотивации и самостоятельности ребёнка. В условиях современной образовательной системы применение игровых технологий в коррекции познавательных процессов у школьников с задержкой психического развития является эффективным и перспективным направлением педагогической работы. Игровые технологии позволяют создавать благоприятную эмоциональную среду, активизировать познавательную деятельность детей, адаптировать задания под их индивидуальные возможности и потребности, повышать мотивацию и учебную активность. Одновременно они требуют от педагогов достаточной методической компетентности, системности, интеграции с другими коррекционными средствами и постоянного мониторинга динамики развития ребёнка. При правильной организации игровая деятельность становится не только средством обучения, но и средством формирования мышления, памяти, внимания, самостоятельности, коммуникативных компетенций, что особенно важно для детей с ЗПР. Для максимально эффективного использования игровых технологий необходимо учитывать особенности системы образования Казахстана — двуязычие, культурную многообразность, ресурсные особенности школ, семейный контекст. При соблюдении таких условий игровые технологии способны значительно повысить качество коррекционно-развивающей работы и способствовать более успешной интеграции учащихся с ЗПР в образовательный процесс и общественную жизнь. В дальнейшем рекомендуется активное распространение и обмен опытом среди педагогов, создание адаптированных методических материалов, проведение эмпирических исследований для уточнения наиболее эффективных игровых форм и программ.

Список использованной литературы:

1. Эльконин, Д. Б. Психология игры. — Москва: Педагогика, 2017. — 352 с.

2. Говорина Е. М. «Использование игровых технологий в коррекционно-развивающих занятиях при обучении младших школьников с ЗПР и ТНР». Методическая разработка, опубликовано

18.02.2023.

3. Абдуллина, О. А. Игровые технологии в коррекционно-развивающем обучении детей с ЗПР:методическое пособие. — Алматы: Қазақ университеті, 2021. — 156 с.

4. Лубовский, В. И. Психология умственно отсталого ребёнка и ребёнка с задержкой

психического развития. — Москва: Просвещение, 2019. — 288 с.

5. Сеитова, А. М. Инклюзивное образование в Республике Казахстан: теория и практика. —Нур-Султан: Центр педагогических измерений, 2020. — 212 с.

Түйін

Бұл мақалада ақыл-ой кемістігі бар (АА) мектеп оқушыларының когнитивтік процестерін түзету үшін ойын технологияларын қолданудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға бағытталған инклюзивті және сараланған білім беруді ұйымдастыру ерекше өзекті болып келеді. АА бар оқушылар ақыл-ой дамуының баяу қарқынымен, жоғары ақыл-ой функцияларының жеткіліксіз дамуымен, академиялық мотивацияның төмендеуімен, тез шаршаумен және оқу материалын игерудегі қиындықтармен сипатталады. Мақалада ойын технологияларының түзету және дамытушылық білім берудің тиімді құралы ретіндегі тиімділігі негізделеді. Ойын түрлерін қолдану зейінді, есте сақтауды, ойлауды және қиялды белсендіруге ықпал ететіні, когнитивтік қызығушылықты арттыратыны, оқуға оң мотивацияны қалыптастыратыны және сабақта қолайлы эмоционалды атмосфера жасайтыны көрсетілген. АА бар балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын технологияларын қолдана отырып, педагогикалық процесті ұйымдастырудың әдіснамалық тәсілдері ұсынылған. Ойынға негізделген әдістерді жүйелі қолдану оқу тиімділігін арттыруға және оқушылардың когнитивтік белсенділігін дамытуға ықпал етеді деген қорытындыға келді.

Түйін сөздер: *ақыл-ой кемістігі, ойынға негізделген технологиялар, арнайы білім беру, когнитивтік процестер, инклюзивті білім беру, академиялық мотивация, мектеп оқушылары.*

Summary

This article examines the theoretical and practical aspects of using gaming technologies to correct the cognitive processes of schoolchildren with mental retardation (MR). In the context of the modernization of the education system in Kazakhstan, the organization of inclusive and differentiated education aimed at supporting children with special educational needs is becoming particularly relevant. Students with MR are characterized by a slow pace of mental development, insufficient development of higher mental functions, reduced academic motivation, rapid fatigue, and difficulties in assimilation of educational material. The paper substantiates the effectiveness of gaming technologies as an effective means of correctional and developmental education. It is shown that the use of game forms of activity promotes the activation of attention, memory, thinking, and imagination, increases cognitive interest, forms positive learning motivation, and creates a favorable emotional atmosphere in the lesson. Methodological approaches to organizing the pedagogical process using gaming technologies, taking into account the psychological and age characteristics of children with MR, are presented. It is concluded that the systematic use of game-based methods contributes to increased learning effectiveness and the development of students' cognitive activity.

Keywords: *mental retardation, game-based technologies, special education, cognitive processes, inclusive education, academic motivation, schoolchildren.*

ПСИХОЛОГИЯ

ОӘК: 159.9

СУИЦИДТІ НИЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Саттарова Гульнар Рахимовна
Алматы қаласы, Әуезов ауданы білім басқарма басшысы

Түйін. *Мақалада суицидтік мінез-құлықтың пайда болуына ықпал ететін психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторлар кешенді түрде талданады. Суицидтік ниеттің қалыптасуында депрессия, когнитивті қыңырлық, отбасылық дисфункция, әлеуметтік оқшаулану және мәдени құндылықтардың рөлі қарастырылады. Когнитивтік теориялар мен отбасылық жүйелер модельдері негізінде жасөспірімдер мен жастар арасындағы суицидтік тәуекелдің механизмдері сипатталады. Сонымен қатар, 2024–2025 жылдардағы Қазақстан бойынша ресми статистикалық деректер талданып, гендерлік және жас ерекшеліктері тұрғысынан динамикасы көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері суицидтің көпфакторлы құбылыс екенін және оның алдын алу үшін кешенді психологиялық-педагогикалық тәсілдердің қажеттілігін дәлелдейді.*

Түйін сөздер: *суицид, суицидтік мінез-құлық, депрессия, когнитивті қыңырлық, отбасылық фактор, мәдениет, жасөспірімдер, психикалық денсаулық, әлеуметтік қолдау.*

Өз-өзіне қол жұмсауға бейім адамдардың белгілі бір бөлігі психикалық бұзылыстары бар тұлғалар болғанымен, мұндай әрекетке психикалық тұрғыдан дені сау адамдардың да баратыны байқалады. Жасөспірімдер арасында суицидтік мінез-құлық кей жағдайда демонстративті сипатта көрініс беріп, айналасындағылардың назарын аудару немесе көмек алу ниетімен жасалуы мүмкін. А.Г. Амбрумованың пікірінше, суицидтік ойлар мен әрекеттер көбіне әлеуметтік-психологиялық дезадаптация жағдайында, яғни тұлға мен қоршаған орта арасындағы қақтығыс барысында туындайды. Мұндай жағдайда мазасыздық, фрустрация, қоршаған ортаның теріс қатынасы, өмір сүруге құштарлықтың әлсіреуі, әлеуметтік қолдаудың төмендеуі сияқты факторлар орын алады.

Жасөспірімдік кезең – эмоционалдық тұрақсыздықпен, құндылықтардың қайта құрылуымен және тұлғалық дағдарыстармен сипатталатын өтпелі шақ. Кейбір жасөспірімдер қорқыныш, махаббаттағы сәтсіздік, әлеуметтік қысым немесе қиындықтарға төтеп бере алмау салдарынан өмірден бас тарту туралы ойларға келуі мүмкін. Соңғы онжылдықтардағы деректер 15–24 жас аралығындағы суицид көрсеткіштерінің арту тенденциясын көрсетеді. Зерттеулер суицидтік әрекеттің кей жағдайда импульсивті, яғни алдын ала толық жоспарланбаған түрде жүзеге асатынын анықтаған, бұл әсіресе жас кезеңіне тән ерекшелік.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, аяқталмаған суицидтік әрекеттер саны аяқталған жағдайлардан әлдеқайда көп. Ер балалар арасында өлімге әкелетін әрекеттер жиірек кездессе, қыз балаларда демонстративті және аяқталмаған әрекеттер басым болады. Суицидтік мінез-құлықты толық әрі жан-жақты түсіндіретін әмбебап теория бүгінгі күнге дейін қалыптаспаған. Дегенмен, әртүрлі жас топтарында қауіп деңгейі әрқалай көрініс береді және қайталама әрекет ықтималдығы да жыныстық және жас ерекшеліктеріне байланысты өзгереді.

Суицидтік мінез-құлықтың алдын алуда қауіп факторларын анықтау маңызды болғанымен, бұл критерийлер жеке тұлғаға қатысты нақты болжам жасауға әрдайым жеткілікті бола бермейді. Мысалы, жас және жыныс көрсеткіштері белгілі бір әлеуметтік топтың тәуекел деңгейін бағалауда пайдалы, алайда жеке адамның мінез-құлқын дәл болжауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, қауіп факторларының тек болуы ғана емес, олардың өзара әрекеттесуі де шешуші рөл атқарады. Мәселен, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі кей жағдайларда маңызды қауіп факторы болса, белгілі бір психопатологиялық белгілер болған жағдайда оның әсері өзгеруі мүмкін. Сондықтан суицидтік мінез-құлық көпфакторлы құбылыс ретінде қарастырылып, биологиялық, психологиялық және әлеуметтік ықпалдардың кешенді өзара байланысында талдануы тиіс.

1.1 Психикалық бұзылыс, депрессиялық қобалжу

Психикалық бұзылыс, адамның сезімінде, ойында және мінез-құлқында ерекше ауытқулар мен қайшылықтардың болуы. Психикалық ауытқулар қоғамда жиі кездесетін денсаулық проблемасы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы психикалық ауытқулардың таралуын 24% деп жариялады және әрбір 4 адамның біреуі өмірінің белгілі бір уақытында психикалық ауытқушылықпен күрескенін мәлімдеді. Психикалық сау болу денсаулықтың маңызды критерийі ретінде мұқият қарастырылуы қажет. Психикалық денсаулық - бұл өзінің потенциалдық жағдайын білетін, күнделікті стресті жеңетін, өзіне тиімді және нәтижелі жұмыс жасай алатын және өз қоғамына үлес қоса алатын жеке тұлғаның жалпы жақсы жағдайы.

Депрессия — жабырқаңқы көңіл-күй: қуана алмау, ойлаудың бұзылуы, қозғалыстың тежелуі сияқты үш негізгі белгімен сипатталатын психикалық бұзылыс. Клиникалық белгілері:

- күні бойы жабырқаңқы көңіл-күй;
- қуану қабілетінен және ләззат алудан айрылу;
- тез шаршағыштық, ұзақ уақыт бойы (бірнеше апта) күш-қуаттың азаюы;
- зер салу мен көңіл аударудың азаюы, есте сақтау қабілетінің төмендеуі;
- өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, өз-өзіне сенімсіздік;
- өзін кінәлі сезіну, өзін пайдасыз көру, қорқыныш сезімі;
- өз болашағын жабырқаңқы елестету;
- ұйқысыздық немесе ұйқышылдық;
- тәбеттің болмауы;
- қалыпты тәбет кезінде дене салмағының төмендеуі;
- өз-өзіне қол жұмсау немесе өзіне зақым келтіру әрекеті.

Депрессиядағы суицидтік ойлардың қарқындылығы оның ауырлық деңгейіне тікелей пропорционалды екендігі анықталды. Депрессиядан болатын өлім көрсеткіші органикалық аурулардан дамитын өлім көрсеткішінен кем емес. Суицид құрбандарының 35-65% -ы депрессияға ұшырағандар, ал ауыр депрессияға ұшыраған науқастардың 15% -ы өз-өзіне қол жұмсаған. Суицидтік ойлардың ең қарқындылығы психогендік депрессияда яғни психикалық зақымдану нәтижесінде байқалды, экзогендік депрессия осы көрсеткіш бойынша екінші орында, эндогендік депрессия үшінші орында. Экзогендік немесе реактивті депрессия стресс немесе травмадан кейін болады. Эндогендік депрессия ішкі себеп деп айтылатын генетикалық және биологиялық факторлар салдарынан дамыйды. Депрессияға негіз болатын жағымсыз невротикалық факторлар:

- зорлық
- отбасы жағымсыз жағдайы немесе жақын адаммен тұрақты қақтығыс
- жақын адам өлімі
- ажырасу
- жұмыстан шығып қалу,
- қарттық жас кезеңі
- қатты эмоционалдық реацияны шақырған жағымды жағдайлар (жаңа жұмыс, үйлену, мектепті немесе жоғарғы оқу орнын бітіру).

Зорлықтың түрлерін ашатын болсақ балалық шақта болған зорлық, сексуалдық зорлық, соққылар, тұрақты жәбірлену, қорлау т.б. Депрессияны жанама әсер ретінде кейбір дәрі-дәрмектер, сонымен қатар маскүнемдік пен нашақорлық шақыруы мүмкін. Мазасыздық пен өзін кінәләу суицид қаупін арттыратын факторлар. Өз-өзіне қол жұмсау, психикалық аурулардың ең ауыр салдары ретінде, ішімдік, өмірлік жағдайлар немесе әлеуметтік оқшауланудың нәтижесі болуы мүмкін.

Депрессия емінде дәрігер тағайындаған дәріні қабылдау, дәрігерден дәрілердің мүмкін жанама әсері және бұл кезде не істеу қажеттігі туралы сұрау, депрессияның ушығуының ерте сигналдарын танып үйрену маңызды. Келесі әрекеттерді өзін жақсы сезінуге көмектесуі үшін қолдануға болады:

- Дене белсенділігіне көбірек уақыт бөлу
- Ұйқының дұрыс тәртібін қадағалау
- Қанағаттану сезімін әкелетін қызыметпен айналысу
- Сенетін адаммен әңгімелесу
- Өзіңізді бағалайтын, кең пейілді адамдардың арасында болу.

Республикада жүйке жүйесі бұзылғандар мен депрессияға шалдыққандарға қолдау көрсететін арнайы мекемелер де бар, бірақ өте аз. Олар осы мәселемен күресуді кешенді түрде қолға алғанмен, мұндай медициналық қызмет орындары, әсіресе ауылдық жерлерде жоқтың қасы. Мемлекетімізде жүйке ауруына шалдықпаған, яғни психикасы енді-енді сыр бере бастағандарды емдеуге бағытталған алғашқы психопрофилактика және психогигиена салаларын дамыту керек. Сөйткенде ғана психикалық бұзылулардың алдын алуға мүмкіндік туады және суицидтің саны да азаяр еді.

Маскүнемдік немесе анаша қолдануға үйір болудың басталуы депрессия жағдайын асқындыра отырып әлеуметтік қолдау және жақындарымен ара қатынасты бұзуы арқылы, екінші жағынан когнитивті функциялар мен көңіл-күйге кері әсерін тигізу арқылы суицидтік әрекетке негіз дайындайды [16, б.132-133]. Алкогольге тәуелділіктің суицид

деңгейі алкоголь қолданбайтындарға қарағанда 10 есе жоғары, ал есірткі тәуелділерінде 20 есе жоғары деген зерттеулер нәтижесі бар [17, б. 52]. Қоршаған ортамен қарым-қатынастағы қиындықтар, стрестік жағдайлар, физикалық аурулар, жалғыздық және үмітсіздік сияқты қолайсыз жағдайлардың жоғары деңгейі затқа тәуелді адамдарда суицид қаупін арттырады.

1.2 Когнитивті қыңырлық

Когнитивті қыңырлық (когнитивная ригидность) - ақыл-ой икемділігінің аз болуы нәтижесінде мақсатына жетуі үшін өзін жеткіліксіз сезіну мінез-құлқы және осыған байланысты нанымдарын өзгерте алмауы. Когнитивті қыңырлық (қаттылық), адекватты емес мінез-құлық үлгілерін құру арқылы мінез-құлық реттелуінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Бұл құбылыс нәтижесінде , шығу жолын таба алмай «тұрып қалу» сезімі дамиды. Когнитивті қыңырлық күнделікті өмірде де жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін, өйткені адам әр уақыт балама стратегия немесе шешім әзірлеуі қажет болатын көптеген жағдайларға тап болады. Когнитивті қыңырлықтың әртүрлі дәрежелері бар, өте төменгі деңгейі де күнделікті өмірдің сапасын бұзуға ықпалын тигізеді.

Неліктен кейбір адамдар когнитивті қыңырлықтан зардап шегеді? Адам миы бірқалыптылықты жақсы көреді және мүмкіндігінше тұрақсыздықтан аулақ тұрады. Когнитивті қыңырлық дәрежесі жоғары адам белгілі бір жағдайдың өзгеруіне бейімділік көрсетуі мүмкін, бірақ мінез-құлық немесе ойлау тәсілінің өзгеруіне бейімделе алмайды. Өзгерістерге бейімделу қиын болуы қалыпты жағдай, бірақ ақыл-ой икемділігі нашар адамдарда басқаларға қарағанда қиынырақ тиеді. Когнитивті қыңырлық немесе әлсіреген когнитивті икемділік, әдетте, миға байланысты жарақат алғандарда, шизофрения, аутизм, гиперактивтілік бұзылу, обсессивті-компульсивті бұзылыс, анорексия секілді нейропсихиатриялық бұзылуларда көрінеді.

Аарон Т.Бектің негізін салған когнитивтік теорияға сәйкес эмоция және мінез-құлқымызды анықтайтын оқиғалар емес, оқиғалар туралы ойымыз бен пікіріміз. Психологиялық мәселелердің негізінде дұрыс ойламау жатыр және оған үш когнитивті фактор кіреді: нанымдар, аралық нанымдар, автоматты ойлау. Бұл модельді суицидке байланыстырсақ балалық шақтың тәжірибесімен қалыптасқан нанымдар мен оларды мығымдайтын аралық нанымдар адамды суицидке бейімдейді, осыған сәйкес туындайтын автоматты ойлар қоздырғыш болып табылады. Когнитивті модель бойынша, ойлау жүйеміздегі қателіктер, бір жақтылық және дисфункционалды паттерндер психикалық проблеманың қайнар көзі болып табылады. Бек әріптестерімен жүгізген зерттеу жұмысында адамды суицидке итермелейтін және осыған байланысты дисфункционалды паттерндерді төрт топта жинақтады: когнитивті осалдық, жеңіс перфекционизмі, басқаларға әсер ету қажеттілігі және бастарту-тәуелділік. Соңғы жылдар зерттеулерінде суицидтік мінез-құлықта рөл ойнайтын когнитивті бұрмалауларда перфекционизм, шамадан тыс генерализация, "бәрі немесе ештеңе" қағидаты бойынша ойлау, катастрофизация, өзіндік қабылдау және таңдамалы абстракция қарастырылған. Осындай дисфункционалды құрылымдар суицидтік мінез-құлықты тудырады.

Когнитивті қыңырлығы бар адамдар проблемалармен қарсыласқанда қажетті икемділік көрсете алмай шешім табуда қиындыққа түседі. Бұл жағдай үмітсіздікті тудырады.

Когнитивтік теорияның негізгі элементтерінің бірі - когнитивті үштік деп аталатын құрылым. Бек көзқарасы бойынша, депрессия науқастарының ойлау тәсілі олардың өздеріне, өзгелерге және болашаққа деген жағымсыз ойлау құрылымдарынан тұратын «когнитивті үштіктен» тұрады. Депрессия мен суицидтік мінез-құлық арасындағы күшті байланыс бар. Депрессия мен өзіне-өзі қол жұмсау әрекетінің ойлану қателіктері де ұқсап келеді (Ескин, 2003). Когнитивті үштіктен болған «болашақ туралы жағымсыз ойлар» шын мәнінде «үмітсіздік» ұғымына қызмет етеді. Депрессия мен үмітсіздік қосылғанда, өзіне-өзі қол жұмсаудың ең күшті болжамы болып табылады.

Бас прокуратураның мәліметінше, былтыр тіркелген суицид фактілерінің 28%-інің негізгі себебі анықталмаған. 57%-і «басқалар» деп жазылған. Түсініксіз психикалық бұзылыстарымен сипатталатын ауыр депрессияның себебі анықталмағанымен бұл жерде ауыр депрессияның қоғамымыздағы орнын, жарасын көруге болады. Еліміздегі статистикалық анықтама бойынша ең көп көрінген суицид фактілеріне адамның жалғызсырауы, қоғамнан шеттетілуі, материалдық жағдайлар мен отбасыдағы кикілжіңдер жатқызылған. Бұл төрт факторды және басқадай суицид факторларын когнитивті көзқараспен қолға ала отырып шешуге болады. Психологтар проблем шешу жолдарын көрсету, коммуникативті қарым-қатынасты үйрету секілді жолдармен суицидпен күресте маңызды жауапкершілік алуда.

1.3 Отбасы факторы

Ата-ана мен мұғалімдер жасөспірімдерге ересектердің міндетін артады, балалардың құқығын шектейді. Бір тапсырманы орындамаса, «неге орындамадың, қашанғы

бала боласың?» дейді. Ал, жасөспірімдер бір нәрсеге ересектік талпыныс жасаса, «Сен әлі баласың» дейді. Ересектер баланың жаман жолға түсіп кетуінен сақтанады. Жасөспірімдер балалық кезеңнен өткеннен кейін, ата-анамен қарым-қатынастан құрбыларымен қатынасқа, ой бөлісуге көшеді. Ересектің пікірінен гөрі, құрбыларының пікірін артық санайды. тек жасөспірімдер бір-бірін түсінеді, себебі ортақ әңгіме, ортақ идел, ортақ кейіпкер, ортақ пікір, ортақ ойын, ортақ демалыс, ортақ сезім, ортақ мұң, ортақ қуаныш-бәрі ортақ. Сол ортақты бөліседі.

Жасөспірімнің өзіндік «мені» жоғары болады. Олар ересек адамдарға еліктегендіктен, солар сықылды қылықтар жасап, оны үлгі тұтады. Кейбір жағымсыз мінез-құлықты дұрыс деп санайды. Ересектер жасөспірімнің намысына тимеуі тиіс, олар өте намысшыл болады, оларға үнемі сенімділік артып, кішкентай сәл ғана жетістіктермен мадақтап, «Сенің қабілетің бар, сенің қолынан келеді, мен саған сенемін» т.б сөздерді қолданып, психологиялық тұрғыдан дені сау адам етіп шығару керек. Олар достыққа, жолдастыққа берілген болады. Досының, жолдасының алдында адал, сатқындықты көтермейді, кешпейді. Егер жасөспірім сенімді жолдас болып, басқаға дос бола берсе онда мақсатына жеткені. Ал, егерде достарының алдында күлкіге қалса, оппозицияға ұшырайды, өзінше топ құрып сыныптың, мұғалімнің беракесін алып, бұзық жолға түседі. Осыдан «қиын оқушы» туындайды. Егерде олар сыныптан, мектептен өз орнын таппаса, сол орынды сыртқы ортадан табады. Сыртқы орта оны түсінеді, сыйлайды. Жасөспірім келеңсіздікке ұшыраса, одан шығу өте қиын болады. Себебі бұзақылық тобынан шыққкан адам сатқын болады. Олар сатқындықты кешірмейді, қатаң жазалайды, өмірін де қиып жіберуі мүмкін.

Отбасындағы суицидтік оқиғалар – зерттеулердің көпшілігі балалар мен жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін отбасында болған суицидтік оқиғалар мен мінез-құлық нысандарымен байланысты екенін анықтады. Ата-аналардың психикалық ауытқу симптомдары – құлазу, ішімдік, есірткіні шамадан тыс пайдаланумен байланысты бұзықтықтар мен қоғамға жат қылық жолына түскен жағдайларды қоса алғанда, психикалық ауытқу симптомдары бар ата-аналары бар балалар арасында өзіне-өзі қол жұмсау және соған әрекеттену статистикасы жоғары. Осындай отбасыларында суицид 7 есе көп болатындығы анықталды. Ата-аналардың бөлек тұруы және ажырасуы, отбасындағы дау-жанжал, бала психикасының дамуына кері әсер етеді. Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынаста кей факторлар балалардың суицид жасау қаупінің өсуіне ықпал етеді, атап айтсақ, ата-аналар мен балалар арасындағы әлсіз қарым-қатынас немесе қарым-қатынастың болмауы, отбасындағы бұрыс қарым-қатынас дағдылары, сонымен қатар тәртіп мақсатымен ата-аналардың асыра бақылау шаралары, баланы төмен бағалау немесе асыра бағалау.

Отбасылық жүйелер теориясы бойынша, адамдардың психопатологиясы толығымен болмаса да, тұрып жатқан отбасылық жүйеден туындайды. Осы негіз бойынша жеке тұлғаның дамуы отбасылық факторларға байланысты. Жеке тұлғаның өмірден қанағаттануы, өз функциондарын тиімді атқаруы және әлеуметтік қоғамға лайықты тұлға болып өсіп-дамуы үшін ата-ана керекті функцияларды орындауы керек.

Циклдік отбасы модельде (Circumplex Model) отбасындағы өзара әрекеттесудің үш өлшемін сипаттайды. Бұл тұтастық, үйлесімділік және қарым-қатынас. Бұл модельде отбасылар тұтастық пен үйлесімділік негізінде қарастырылады, үшінші ерекшелік қарым-қатынас болса, қалған екеуін қолдайтын бүйірлік жағдайында. Жақсы қарым - қатынастың болуы, отбасы мүшелерінің қажеттіліктері мен қалауларының білдірілуі жағынан маңызды. Жеткіліксіз қарым-қатынас, отбасы жүйесіндегі тұтастық пен үйлесімділік деңгейіне өзгеріс енгізу мүмкіндігін азайтады.

Бивер отбасы моделінде өз функцияларын орнымен орындайтын отбасылар үшін функционалды отбасы; түрлі себептермен өз міндеттерін орындамағандар үшін дисфункционалды отбасылар ретінде қарастырады. Фунционалды отбасы мүшелері бір-біріне жақын болғанымен жеке айырмашылықтарды құрметтейді, бір-бірін қолдайды, өзара жауапкершілікпен ашық қарым – қатынаста, қатаң ережелері жоқ және тәжірибеге, пікір алмасуға ашық отбасылар.

Мс Master отбасылық функция моделіне негізделген танымда отбасы, жүйелер ішінде жүйелерден тұратын және басқа жүйелермен байланыста болатын ашық бір құрылым ретінде қарастырылған. Отбасының өз заңдылықтары, нақты ережелері бар, мүшелері бір-бірінің мінез-құлқын басқарара алады. Модельдің құрылымдық заңдылықтарын түсіну үшін келесі өлшемдерге тоқталу керек:

1. Проблема шешу: отбасы функцияларының бірі проблемаларды шеше білу. Бұл үшін отбасылар белгілі бір кезеңдерден өтеді. Біріншіден, проблема анықталады сосын шешу жолдары қарастырылып бір шешімге тоқталады, әрекетке өтеді, кейін жағдай бағаланады. Проблемамен жұмыс қабілеті, отбасының ұйымдылық деңгейін көрсетеді.
2. Қарым-қатынас функциясы: отбасы мүшелері арасындағы ақпарат алмасу түрінде қарастырылады. Ашық, тікелей және өзара дұрыс қарым-қатынас жасау олардың бұл функцияны дұрыс орындай алатынын білдіреді.

3. Рөлдер: жауапкелшіліктің қалай бөлініп орындалатынын анықтайтын мінез-құлық үлгілері. Модельде отбасы ресурстарын пайдалану, күтім, қолдау, жеке даму, отбасы жүйесін қадағалау сияқты мәселелердегі мінез-құлық үлгілері, оңтайлы рөл бөлісімі, рөлін қабыл көруі, міндеттері, рөлдер арасындағы шекаралар қарастырылады.

4. Эмоциялық жауап: отбасы мүшелерінің әр түрлі түрткілерге тиісті сапада және дозада жауап беру қабілетін қамтитын функция. Отбасы мушесі сүйіспеншілік, қабылдау және ләззат сияқты жағымды сезімдермен бірге қайғы, ашулану сияқты эмоцияларды да көрсете алуы керек. Эмоциялық жауаптар вербальды және вербальды емес түрде білдірілуі мүмкін. Функционалды отбасында эмоциялық жауаптар өз қарқында болса, дисфункионалды отбасында эмоция шектелуі немесе керісінше асыра көрсетілуі мүмкін.

5. Назар аудару: бұл фунцияға отбасы мүшелерінің бір-біріне көрсеткен қамқорлық және сүйіспеншілік кіреді. Отбасындағы эмоционалды қатынас әр түрлі деңгейде болуы мүмкін, интеллектуалды, нарцистик, эмпатиялық, симбиотикалық қатынастарды көруге болады.

6. Мінез-құлықты бақылау: бұл функцияда отбасы мүшелерінің мінез-құлық стандарттарын белгілеу және тәртіпті қамтамасыз ету тәсілдері қамтылған. Сонымен қатар, отбасында қолданылатын қарым-қатынас формалары көрсетілген.

Отбасы құрылымының жеке адамдарға әсерін қарастыратын зерттеулер, негізінен жасөспірімдер популяцияларымен жүргізілді. Отбасы функцияларын дұрыс қабылдамаған жасөспірімдерде стрестік жағдай жиілігі, проблемаларды шешу дағдыларында жөнсіз жолдардың таңдалуы көрінеді.

Зерттеулерде отбасы тұтастығы мен қолдауын сезінген жастарда депрессиялық симптомдар мен өзін-өзі өлтіру ойлары аз деп білдірілген. Дисфункционалды отбасындағы жеке тұлға психикасы үшін креативті ойлауды қалыптастыру, дұрыс қарым-қатынас модельдері секілді тұлға сана-сезімін жан-жақты дамытатын психикалық даму жолдарын қолдану арқылы мәселені шешімуге болады.

Ата-ана, ұстаз әр баланы керемет рухани күш иесі деп қарап, оның шетсіз шексіздікті үйренсем деген ұмтылысына уақытында көңіл бөліп, демеу жаса-сақ, қуаттандырсақ жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, жерін, тілін, отбасын, жалпы өмірді сүйетін, еңбекқор, адал адам тәрбиелеп шығарымыз сөзсіз.

Жас адамдарды өмірді бағалауға тек махаббат, түсіністік және қолдау көрсету көмектеседі. Жас адамдарды қатерлі қадамнан тек өзін тыңдайтын, түсіністікпен қарайтын адаммен сөйлесу мүмкіндігі ғана құтқара алады. Шетелдік ғалымдардың айтуынша, шын мәнінде, өзіне-өзі қол жұмсауды ой-лаған адамдар өмір сүргісі келіп, көмек іздеп шарқ ұратын көрінеді. Әрине, өмір деген тәтті ғой шіркін. Бағалай білген адам оның әрбір сағаты мен минутын алтын берсе де айырбастамас еді. Өйткені, өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Өлшеніп берілген ғұмырды өкінбестей өткізу адамға парыз. «Ашу дұшпан, ақыл дос» деп бұрынғылар дұрыс айтып кеткен. Сондықтан, кез-келген нәрсеге сабырмен қарап, әр қимылыңды жеті рет өлшеп, бір рет қиған ләзім. Мұндайда ойдағы әзәзілден, бойдағы шайтан қылықтан, жүректегі кірден ақыл мен иман ғана құтқара алады.

А.Е. Личко, жасөспірімдер арасында суицидтердің ең жиі кездесетін себептері:

- сүйікті адамын жоғалту;
- шектен тыс қалжырау жағдайы;
- өзіндік-қадір қасиетін осал сезіну;
- алкогольді, психотропты дәрілерді және есірткіні пайдалану нәтижесінде пайда болатын жеке бастың қорғаныш тетігінің бұзылуы;
- өзін-өзі өлтірген адаммен өзін теңестіру;
- әртүрлі сылтаулар бойынша туатын қорқыныш, ызалану мен жабырқаудың әр алуан формалары.

Отбасындағы ахуал мен ата-аналармен текетіреске байланысты суицидтер себептерінің негізінде әрқашан да өз ұрпағына деген көңілдің аударылмауы жатады. Өкінішке орай, қазіргі оқу-білім дәуірінде ата-аналар өз қызметтерін барынша материалдық құндылықтарға бағыттап, рухани құндылықтарды ұмытып кетіп жатады. Соның салдарынан бала өтпелі кезеңде өзіне қажетті ата-ана қолдауынсыз қалады. Сондықтан оның құндылықтар жүйесі отбасында және ата-анасының ықпалымен емес, көше мен ғаламтордың ықпал етуімен қалыптасады. Ертеректе жеке адам барлық ақпаратты мұғалімдерден немесе айналасындағы жалғыз ғана жақын адамдары арқылы қабылдап келген еді. Жастық кезеңде ол өзінше пайымдауды үйренеді, дербес ұстанымы мен мінез-құлық үлгісін қалыптастырады. Абыройы мен құндылықтарының бағдарын өзгерту де дәл осы кезеңде жүреді. Ересектердің өтпелі кезеңге дұрыс қарауы қажет. Бұл кезеңнің жоғарғы сезімшіл реакциялардың, балалық ұшқарылықтың аса сезімталдықтың бірігуі, өзінің дұрыстығына, өзін-өзі білдіру мен бостандық құқына деген сөз өтпейтіндей сенімділіктің кезеңі екендігін түсіну қажет. Осы жерден олардың ересектер тарапынан

болатын кез-келген шектеулерді өзінің бостандығына қол сұғушылық деп қабылдауы басталып, бұл суицидке еліктеп жасауға әкеп соқтыруы мүмкін.

Қандай жағдай болса да жасөспірімдерде суицид көрінісінің алынуына ересектер жауапты. Суицидке бағытталған қандай да болмасын әрекеттерге, айтылатын сөздерге үлкен жауапкершілікпен қараған жөн. Жан айқайымен зарлаған бала өзіне көмек іздегенде ересектерден жауап күтетініне күмән келтірмеген жөн. Өйткені, оның жалғыздық дағдарысына ең жақын адамы - ата-анадан басқа ешкімнің араласуға мүмкіндігі жоқ. Білім беріп жүрген ұстаздар, мектеп психологы, достары және т.б. қасында жүрген жандар жеткіншекпен ата-анадай көп уақыт бірге бола алмайды, бірақ та олар қандай да бір өзгерісті сезсе баланың ата-анасына жеткізгені жөн.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және халықаралық сараптамалар бойынша, Қазақстан 2025 жылғы рейтингтерде әлем елдерінің ішінде суицид көрсеткіші бойынша шамамен 19–20-орында тұр, яғни әрбір 100 000 адамға шамамен 18,9 адамнан суицидтік өлім келеді, бұл Дүниежүзілік орташа көрсеткіштен жоғары болып қала береді.

Ресми статистика көрсеткендей, 2024 жылы Қазақстанда жалпы 3400-ден астам тұлға өзіне-өзі қол жұмсаған, ал 2025 жылдың алғашқы алты айында жалпы 1639 аяқталған суицидтік жағдай, сонымен қатар 1 677 суицидтік әрекет тіркелді, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда аяқталған оқиғалар саны бойынша шамамен 10,7 % төмендеу және әрекеттер саны бойынша 21,7 % төмендеу екенін көрсетеді.

Сол уақыт аралығында суицидтік жағдайлардың көпшілігі – ересек азаматтар арасында, ал олардың басым бөлігі – ерлер. Мамандардың дерегі бойынша, 2025 жылдың алғашқы айларында тіркелген 234 суицидтің 82 %-ы ер азаматтарға тиесілі, көбісі 35–54 жас аралығындағы тұлғалардан құралған.

Сонымен қатар, 2024–2025 жылдары жасөспірімдер арасындағы суицидтік көрсеткіштерде кейбір өсу трендтері байқалады. Бір деректер бойынша, 2024 жылы Қазақстанда 2389 суицидтік оқиға тіркелген, оның ішінде 128 жағдай 5–18 жас аралығындағы балаларға қатысты, ал 2025 жылы жасөспірімдер арасында 432 жағдай тіркелгені туралы ақпарат бар, бұл жас буынның психикалық қолдауға қажеттілігін айқын көрсетеді.

Қазақстандағы осы динамика суицидтің алдын алу мен психикалық денсаулықты нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың, әлеуметтік-психологиялық қолдау бағдарламаларының және ақпараттандырудың әсерін көрсетеді. Төмендеу үрдісі – белгілі бір нәтижелердің көрінісі болса да, жасөспірімдер мен жыныстық белсенді жас топтар арасындағы тәуекел факторлары әлі де маңызды болып қала береді, сондықтан кешенді алдын алу шараларын одан әрі күшейту қажет.

1.4 Өзіндік құрылым

Мен – тұжырымдамасында мәдениет негізгі факторлардың бірі. Өзіндік құрылым (самоконструирование), мен-тұжырымына мәдениеттің үлесі ретінде қарастырылған. Сингелис (1994) өзіндік құрылымды, жеке тұлғаның басқа адамдармен қатынасы және оны басқалардан өзгеше қылатын өзіне тән ойларының, сезімдерінің және іс-әрекеттерінің жиынтығы ретінде түсіндірді.

Мәдениет, ұрпақтан ұрпаққа ақтарылған, бөлісілген құндылықтар, мінез-құлық, нанымдар. Мәдениет құндылықтары, бір мәдениеттегі адамдардың ұстанымдары, сенімдері және мен-тұжырымдары ретінде анықтаған (Триандис, 1996). Біздің әртүрлілігіміз қабілеттеріміздің әртүрлілігінен емес, әлеуметтік жағдайларымыздың әртүрлі болуында. Жеке тұлғаны әлеуметтік және мәдени контекстінен бөлек бағалау мүмкін емес деген пікір көптен бері айтылып келеді. Жеке тұлғаны түсіну үшін адамның өмір сүрген ортамын түсіну қажет (Брислин 1983). Тұлға даму үдерісі де адам-мәдениет өзара әрекеттесуі аясында қарастырылуы керек ұғымдардың бірі.

Мәдениеттер арасы өзгешеліктер болып келетін мәдениет қағидалары, дарашылдық және ұжымдық болып екі категорияда қолға алынады (Хофстеде, 1980). Әр екі категорияда адамдардың өзіндік түсініктері де бөлек болып келеді. Жүргізілген зерттеулерде мәдениеттің дарашылдық немесе ұжымдық тенденцияларына сәйкес қалыптасқан өзіндік құрылымдар және осы өзіндік құрылымдар қалыптастырған мінез-құлық үлгілері қарастырылған. Қоғамдағы егемен дарашылдық немесе ұжымдық құндылықтар, өзіндік құрылымындағы айырмашылықтардың маңызды себебі болып табылады. Дарашыл қоғамдағы топтар эмоционалды тәуелсіз болуды, ұжымдық қоғамда отбасы, туыстар, топ мүшелеріне және кей әлеуметтік жүйелерге тәуелділікті білдіреді (Хофстеде, 2001).

Мәдениеттің өзіндік рөлін психологтар мен антропологтардың көпшілігі атап көрсеткенімен, жалпы қабылданған ұғым, мен – тұжырымының тәуелсіз, өзін-өзі қамтамасыз ететін, автономды, ішкі директивті әрекеттер мен өзарекшелікті болып табылатын «**тәуелсіз өзіндік құрылым**». Маркус пен Китаяма тәуелсіз өзіндік құрылымға балама ретінде «**өзара тәуелді өзіндік құрылым**» терминін енгізе отырып, мәдениеттің өзіндік құрылымды құрайтынын, әр түрлі өзіндік құрылымның әр түрлі эмоционалды, когнитивті және мотивациялық тенденцияларға ие болатындығын айтып өткен. Сондай-ақ,

өзіндік құрылымның екі түрінің де бірге жүретінін қабылдай отырып, біреуі екіншісіне үстемдік етеді деп көрсеткен.

Мәдениет неғұрлым дарашыл болса, соғұрлым қоғамда **автономды өзіндік құрылым** болмақ, керісінше мәдениет қаншалықты ұжымдастырылған болса, соншалықты **қарым-қатынасты өзіндік құрылым** болмақ. Алайда соңғы зерттеулерде бұл екі жолдың да адамның негізгі қажеттіліктеріне негізделгенін және автономиялықпен қатынастық құрылымдардың қарама-қарсы емес екенін көрсетеді (Кросс және Мэдсон 1997). Автономиялық және қарым-қатынастық бір-бірін толықтыратын екі бөлек құрылым болып табылады.

Г. Хофстеде, әлеуметтік психолог, 64 түрлі елде дарашыл немесе ұжымдық мәдениет зерттеулерінде, АҚШ дарашыл мәдениетте алдынғы орында болғанымен жасөспірімдер арасында жасалған зерттеу бойынша қарым-қатынас құрылымы бойынша ұжымдық мәдениетке қарағанда алдыға шыққан. Жүргізілген зерттеуде шығыс пен батыстың мәдени қағидаларының айырмашылығына назар аударылған, азиялық мәдениетте тәуелді өзіндік құрылымның басымдылығы көрсетілген. Сонымен қатар, батыстық мәдениеттен айырмашылығы ретінде азиялық мәдениетте, мен-тұжырымының әлеуметтік қарым-қатынаспен пішімделгені көрінген. Дарашыл мәдениет тұлғалары қоғамдық мақсаттарға қарағанда жеке мақсатына мән береді, олар жеке қажеттіліктері мен құқықтарын қамтамасыз етумен айналысады. Ұжымдық мәдениеттегі тұлғалар қоғам мақсаттарын жеке мақсаттарынан жоғары ұстай отырып қарым-қатынасқа ерекше мән береді.

Психоаналитикалық теория бойынша Фрейд жасөспірім кезеңін өмірдің алғашқы кезеңдеріне назар аудара отырып түсіндіреді. Анна Фрейд болса, балалық шақпен бірге жасөспірім кезеңін де дамуда маңызды рөл атқаратынын білдірген. Анна Фрейдтің пікірінше, жасөспірімдер эдипалдық эмоцияларға байланысты ата-аналарынан алшақтай бастайды. Жасөспірімдердің отбасымен қақтығысы, болашақта өз сезімдері, ойлары мен мінез-құлық жауапкершіліктерін ала алатын автономды тұлғалар болуы үшін қажет деп есептелген.

Ересек адамды түсіну үшін Фрейд адам өмірінің алғашқы кезеңдеріне назар аударса, Эрик Эриксон керісінше, даму үдерісі өмір бойы жалғасады деп тұжырымдай отырып **психоәлеуметтік даму теориясын** алға тартты, осыған сәйкес сегіз даму кезеңін белгіледі:

1. Базалық сену-сенбеу, 0 – 1 жас шамасы
2. Автономия – ұят және күдік, 1 –3 жас шамасы
3. Бастамашылдық, 3 –6 жас шамасы
4. Еңбекқорлық – толымсыздық, 6 – 12 жас шамасы
5. Эго-ұқсастық – ұқсастықтың алмасуы, 12 – 19 жас шамасы
6. Интимділік – оқшаулану, 20 – 25 жас шамасы
7. Өнімділік – тоқырау, 26 – 64 жас шамасы
8. Эго-интеграция – қажу, қарттық кезең.

Өзіндік құрылым және суицид. Өз-өзін өлтіру немесе өз-өзін өлтіруге әрекет жасау саны қоғамнан қоғамға, тіпті бір қоғамның әртүрлі бөлгелерінде өзгеше болып ерекшеленеді. Суицид, адамның өзін-өзі өлтіруі ретінде түсіндіріледі, алайда суицид өзіне-өзі қол жұмсау оқиғасы ғана емес, адамды осы шешімгі әкелген жалпы уақыт тізіміні құрайды. Бұл тұжырым, М. Ескин моделі бойынша, өзіне-өзі қол жұмсау ойынан бастап өліммен аяқталғанға дейінгі мінез-құлық тізімі ретінде түсінуді қажет етеді. Адамның суицидтік мінез-құлқын түсіндіру үшін биологиялық және психологиялық ерекшеліктерді, сондай-ақ жағымсыз өмірлік тәжірибелерді, әлеуметтік мәдени жағдайларды ескеру қажет. Сонымен қатар, суицидтің және суицид жасаған кісіге деген ұстанымның, мәдени құндылықтардың суицид процесіне тікелей әсері жоқ, бірақ жанама түрде жан ауырсынуын бастан кешірген адамның өзін-өзі өлтіру туралы шешім алуына ықпалы болатындығы білдірілген.

Суицидтің қоғамда қалыптасқан түсінігі, сол мәдениетте өмір сүретін адамдардың суицидке және суицид жасаған адамға деген көзқарасына әсер етеді (Ескин 2003). Суицид зерттеушілерінің пікірінше қоғамда суицидтік фактордың қабыл көрмеуі, суицидтік мінез-құлықты төмендететін себеп болып табылады (Stack and Kposowa 2008). Суицидті мінез-құлықты қабылдаған мәдениеттерде, адам жан күйзелісі кезеңінде, суицидті оңай есіне түсіруі мүмкін. Сонымен қатар, жан ауырсынуына байланысты үмітсіз әрі шарасыздықпен өзін-өзі өлтіруге талпыныс әрекетінен кейінгі айналасындағы адамдардың теріс реакциялары, онда кінәлілік сезімін де ойятуы нәтижесінде кісі қайтадын суицидке талпыныс көрсетуі мүмкін (Ескин 2003). Негізінде суицидке талпыныс көрсеткен кісінің қоғамда қабылдануы, айналасындағы адамдармен суицидтік мінез-құлық туралы сөйлесуіне икемділік танытады, бұл жағдай айналасындағы адамдардың оған, суицидтің

дұрыс емес екенін, проблемалар бұл жолмен шешілмейтінін айтып түсіндіру мүмкіндігін беруі мүмкін.

Мәдениетте қалыптасқан суицидтік көзқарасқа байланысты жүргізілген бір зерттеуде, діни білімнің суицидке ықпалы зерттелген. Ыстанбулдағы орта мектеп жоғары сынып оқушылары мен діни мектеп оқушыларының суицидке байланысты ұстанымдары қарастырылған. Зерттеуге орта мектептен 214 оқушы, діни мектептен 206 оқушы қатысқан. Орта мектепте оқитын оқушылар діни мектептегі оқушыларға қарағанда суицид туралы көп ойлайтындары және суицидке көзқарастары қабылдаушылық көрсеткен. Діни мектептегі оқушыларда суицидтік ой аз көрінген, суицидтік талпыныс болса да бұны жасыратындарын айтқан, суицидке теріс көзқарас білдірген, өзіне-өзі қол жұмсағандар о дүниеде жазаланатынына сенетіндерін және суицидті ниеті бар жолдастарына қарсы қабылданушы рөл көрсеткен.

Маркус пен Китияма (1991), ұжымдық мәдениеттерді дарашыл мәдениеттен айыратын негізгі ерекшелік, кісі өзіні бір топтың бөлігі ретінде көруі және жеке мақсаттарыны қоғамның мүддесіне сәйкестендіру қайғысын тасыйды, дарашыл мәдениетте кісі жеке мақсатын жоғары бағалай отырып, оны қоғамның нормдарына сәйкестендіру қайғысымен бөліспеуі деп тұжырымдайды.

Қарым-қатынастық өзділікте, автономды өзділіктегі «мен» сезімінен бұрын «байлану» сезімі басымдық көрсетеді. Ұжымдық мәдиниетте өмір сүретін қарым-қатынастық өзділіктегі жеке тұлға өзіні кісілер арасы қарым-қатынастың бір бөлігі ретінде көргендіктен жан куйзелісі жағдайында болса да өзіне қол жұмсау ықтималы төмен. Сондай-ақ басқа адамдардан проблемалары керегінше көмек сұрауы арқылы әлеуметтік қолдау алу ықтималдылығы жоғары. Әлеуметтік қолдауы бар адамдар суицидтік әрекетке аз баратындығы анықталған. Дарашыл құндылықтары егемен мәдениеттегі тұлғаның қоршаған ортамен орнатқан шектеулі қарым-қатынас шеңберінде, адамдар бір-бірімен шектеулі түрде жағдайларын бөліседі. Сондықтан, проблема туындаған кезде, жақын адамдарына өздерінің проблемаларын айту немесе бөлісу ойы оларға келмеуі де мүмкін. Сол сияқты дарашыл қоғамдарда жеке адамдар қиындыққа тап болған біреуді көргенде, олар шекараларын қорғау үшін немесе қарсындағы адамның шекарасына кедергі келтірмеу үшін көмек көрсетпейді. Осы себептерге байланысты автономды тұлғалардың қарым-қатынастық өзділіктегі тұлғалармен салыстырғанда суицидтік мінез-құлық көрсету ықтималы жоғары.

Гендерлік айырмашылықтар тұрғысынан әйелдер балалық шақтан бері қарым-қатынасты өзділікпен, ал ер адамдар автономды өзділікпе тәрбиеленгендері зерттеулермен дәлелденген (Dennis және т.б. 2012). Кросс пен Мэдсонның (1997) зерттеуінде де ерлер әйелдерге қарағанда автономды екенін білдірген. Сонымен қатар, қыздар үшін өз-тиімділік, жан күйзеліске қарсы қорғауда ықпалы аз болғандықтан, маңызды фактор ретінде көрсетілмеген. Гонконг пен Америкада 2044 жасөспірімді қамтыған мәдениеттер арасы зерттеуде екі мәдениетте де өз-тиімділіктің суицидтік ойларға әсері өте төмен еткені анықталды (Стюарт және т.б. 2005). Зерттеуде, әйелдер көбіне қарым-қатынасты өзіндік көрсетсе, еркеклер жеке жетістіктер проблемасымен жүздескенде суицидтік мінез-құлық көрсету мүмкіндігі көрінген.

Суицид бойынша еркектердің әйелдерге қарағанда жоғары көрсеткіш көрсетуі, еркектердің дарашыл, автономды құрылымда болу деңгейінің әйелдерден жоғары болуымен түсіндіруге болады және ер адамдарда жеке жетістіктер проблемасын шешуде осалдық көруге болады.

Эккерсли мен Дйер (2002) зерттеуінде дамыған елдерде 15-24 жас аралығындағы ересектердің суицид көрсеткіші мен дарашыл ерекшеліктері қатынасы қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде еркектердің өзіне-өзі қол жұмсау деңгейі мен жеке бақылау және бостандығын қоса алған дарашыл көрсеткіш арасында жоғары деңгейде оң байланыс болған, әйелдердің суицид көрсеткішімен дарашыл көрсеткіші арасында өте төмен деңгейде байланыс анықталған.

Ғылыми әдебиеттерге шолу барысында республикамызда кездесетін әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздықтың, қоғамның рухани дағдарысының өсуі жағдайында жастар арасында аутоагрессивті мінез-құлықтың өсуі байқалады. Жастарды әлеуметтік қорғау инфрақұрылымының нашар дамығандығы жағдайды қиындатады. Бұл мәселе психологиялық-педагогикалық қызметті ұйымдастыруға, элективті курстарға, студенттерге арналған профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу барысында маңызды болып таылады. Өкінішке орай, отандық суицидологияның салыстырмалы түрде қысқаша тарихы бар. Белгілі болғандай, КСРО-да бұл мәселеге тыйым салынған болатын, ал оның құлдырауынан кейін бұрынғы республикалардың аумағында суицид деңгейі әлемдегі ең жоғарғылардың бірі болды. Осыған байланысты отандық әдебиетті сипаттауда аутоагрессивті мінез-құлықтың әлеуметтік-педагогикалық және клиникалық-психологиялық аспектілеріне байланысты зерттеулерді ажыратуға болады. Қарастырылған әдебиеттерде суицидтік мінез-құлықтың қалыптасуына қоршаған ортаның ықпалы анықталған.

Сонымен, адамдардың өзіне-өзі қол жұмсауына олардың өмірден түңілуі – басты себеп. Ал өмірден түңілу күйзелісі – кез келген адамның басында, әйтеуір бір, болатын құбылыс. Сана иесінің терең түңіліп, осындай психологиялық жағдайға қарсы тұра алмауына не себеп деген сауал көкейде тұрады. Өзін-өзі өлтіру ешқашан кездейсоқ әрекет болған емес. Адамның, жалпы, күйзелісі оқшауланған психологиялық қажеттіліктерден туындайды. Өз-өзіне қол жұмсау қадамына барудың себептері өте көп. Оның бастылары – махаббаттағы бақытсыздық, жақын адамының өлімі, жалғыздық, жұмыс барысында туындаған проблемалар. Кейде жазылмайтын ауруға душар болғандар мен материалдық-тұрмыстық қиындыққа ұшырағандар да өз өміріне балта шауып жатады. Тіпті кей жандарға қызмет лауазымының өзгеруі де ықпал етеді. Бірақ жоғарыда айтылған проблемалардың бірі кездескен адамның барлығы бірдей өз өзіне қол жұмсамайды ғой. Неге? Себебі оның өмір сүруіне оң ықпал ететін бірнеше факторлар болады. Ол – тату-тәтті отбасы, махаббат, ата-ана қамқорлығы, дұрыс тәрбие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амбрумова А.Г. Суицидальное поведение: клинико-психологические аспекты. – М.: Медицина, 1991.
2. Ескин М. Суицидальное поведение: психология и профилактика. – М.: Академический проект, 2003.
3. Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. – СПб.: Речь, 2001.
4. Beck A.T. Cognitive Therapy and the Emotional Disorders. – New York: International Universities Press, 1976.
5. Beck A.T., Brown G.K., Steer R.A. Hopelessness and eventual suicide: A 10-year prospective study. – American Journal of Psychiatry, 1989.
6. Cross S.E., Madson L. Models of the self: Self-construals and gender. – Psychological Bulletin, 1997.
7. Dennis J.P., et al. Self-construal and suicide ideation. – Journal of Social and Clinical Psychology, 2012.
8. Eckerley R., Dear K. Cultural correlates of youth suicide. – Social Science & Medicine, 2002.
9. Hofstede G. Culture’s Consequences: International Differences in Work-Related Values. – Beverly Hills: Sage Publications, 1980.
10. Hofstede G. Culture's Consequences (2nd ed.). – Thousand Oaks, CA: Sage, 2001.
11. Markus H.R., Kitayama S. Culture and the self: Implications for cognition, emotion, and motivation. – Psychological Review, 1991.
12. Singelis T.M. The measurement of independent and interdependent self-construals. – Personality and Social Psychology Bulletin, 1994.
13. Triandis H.C. Individualism and Collectivism. – Boulder, CO: Westview Press, 1996.
14. Stack S., Kposowa A.J. Religion and suicide acceptability: A cross-national analysis. – Journal for the Scientific Study of Religion, 2008.
15. World Health Organization. Suicide worldwide: Global health estimates. – Geneva: WHO, 2023.
16. Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы. Қазақстандағы психикалық денсаулық жағдайы туралы есеп. – Астана, 2024.
17. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет мәліметтері. – Астана, 2024–2025.
18. Maslow A.H. Motivation and Personality. – New York: Harper & Row, 1954.
19. Freud A. The Ego and the Mechanisms of Defence. – London: Hogarth Press, 1936.
20. Erikson E.H. Identity: Youth and Crisis. – New York: Norton, 1968.

Резюме

В статье комплексно анализируются психологические, социальные и культурные факторы, влияющие на формирование суицидального поведения. Рассматривается роль депрессии, когнитивной ригидности, семейной дисфункции, социальной изоляции и культурных ценностей в возникновении суицидальных намерений. На основе когнитивной теории и системных семейных моделей раскрываются механизмы суицидального риска среди подростков и молодежи. Приводится анализ официальных статистических данных по Республике Казахстан за 2024–2025 годы с учетом возрастных и гендерных особенностей. Делается вывод о многофакторной природе суицида и необходимости комплексного психолого-педагогического подхода к его профилактике.

Ключевые слова: *суицид, суицидальное поведение, депрессия, когнитивная ригидность, семейный фактор, культура, подростки, психическое здоровье, социальная поддержка.*

Summary

The article provides a comprehensive analysis of psychological, social, and cultural factors influencing the development of suicidal behavior. The role of depression, cognitive rigidity, family dysfunction, social isolation, and cultural values in the formation of suicidal intentions is examined. Based on cognitive theory and family systems models, the mechanisms of suicidal risk among adolescents and young people are described. Official statistical data from the Republic of Kazakhstan for 2024–2025 are analyzed, highlighting age and gender differences. The findings emphasize the multifactorial nature of suicide and the necessity of an integrated psychological and educational approach to prevention.

Keywords: *suicide, suicidal behavior, depression, cognitive rigidity, family factors, culture, adolescents, mental health, social support.*

ОӘК: 159.9

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘСІЛДІ ДАМЫТУ БОЙЫНША ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Жабалиева Динара Ерназарқызы
«Q University» 7М03102-Психология білім бағдарламасының 2-курс магистранты

2. Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте. – М.: Педагогика, 2008. – 464 с.
3. Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Смысл, 2005. – 1136 с.
4. Дубровина И.В. Психология образования. – М.: Академия, 2010. – 272 с.
5. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 2002. – 384 с.
6. Ильин Е.П. Психология общения и межличностных отношений. – СПб.: Питер, 2009. – 576 с.
7. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Смысл, 2005. – 352 с.
8. Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2011. – 352 с.
9. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – М.: Прогресс, 1994. – 480 с.
10. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2002. – 720 с.
11. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 2010. – 312 б.
12. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. – Алматы: Білім, 2007. – 280 б.
13. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
14. Northouse P. Leadership: Theory and Practice. – Thousand Oaks: Sage Publications, 2016.
15. Yukl G. Leadership in Organizations. – New York: Pearson Education, 2013.

Түйін

Бұл мақалада әйел мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін эксперименттік зерттеу нәтижелері қарастырылады. Білім беруді жаңғырту жағдайында бүгінгі таңда білім беру процесінің тиімділігін арттыруда педагогикалық көшбасшылықтың рөлі барған сайын маңызды болып келеді. Мұғалімдер тек білім иелері ғана емес, сонымен қатар оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырушылар, мотиваторлар және оқушыларға тәлімгерлер ретінде де әрекет етеді. Сондықтан мұғалімдердің көшбасшылық дағдыларын дамыту ерекше маңызды. Зерттеудің мақсаты әйел мұғалімдердің көшбасшылық дағдыларының деңгейін анықтау және олардың дамуына әсер ететін факторларды анықтау болды. Зерттеуде сауалнамалар, психологиялық тестілеу және статистикалық деректерді талдау қолданылды. Экспериментке жалпы білім беретін мектептердің әйел мұғалімдері қатысты. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің көшбасшылық дағдыларының деңгейі кәсіби тәжірибемен, коммуникативтік дағдылармен және кәсіби өсуге ынталандырумен байланысты екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері білім беру мекемелерінде педагогикалық көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын енгізу қажеттілігін растайды.

Түйін сөздер: *көшбасшылық, педагогикалық көшбасшылық, әйел мұғалімдер, кәсіби даму, педагогикалық қызмет, көшбасшылық дағдылары, білім беру ортасы.*

Summary

This article examines the results of an experimental study of the leadership qualities of female teachers. In today's context of educational modernization, the role of pedagogical leadership is increasingly important for enhancing the effectiveness of the educational process. Teachers act not only as holders of knowledge but also as organizers of learning activities, motivators, and mentors for students. Therefore, developing teachers' leadership skills is particularly important. The aim of the study was to determine the level of leadership skills in female teachers and identify the factors influencing their development. The study utilized questionnaires, psychological testing, and statistical data analysis. Female teachers from comprehensive schools participated in the experiment. The results of the study showed that the level of leadership skills in teachers is associated with professional experience, communication skills, and motivation for professional growth. The findings support the need to implement pedagogical leadership development programs in educational institutions.

Keywords: *leadership, pedagogical leadership, female teachers, professional development, pedagogical activity, leadership skills, educational environment.*

ОӘК: 371.8

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУ

Тұрсұнбаева Алтынай Алтайқызы
«Q University» 7М03102-Психология білім бағдарламасының 2-курс магистранты

Түйін. *Мақалада кәсіби бағдар беру жүйесінде білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығы қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың болашақ мамандықты саналы таңдауы олардың жеке психологиялық қасиеттеріне, қабілеттеріне және құндылық бағдарларына тікелей байланысты. Кәсіби бағдар беру процесінде әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық факторлар маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік факторларға білім алушының өмір суретін ортасы, мектептің орналасуы, ата-анасының кәсібі мен әлеуметтік мәртебесі, сондай-ақ мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысының ұйымдастырылуы жатады. Сонымен қатар бұл сыртқы факторлардың әсері оқушылардың ішкі субъективті ерекшеліктерімен, яғни жас ерекшелігімен, жынысымен, темпераментімен, қабілеттерімен және тұлғалық қасиеттерімен тығыз байланысты. Мақалада кәсіби бағдар беру барысында оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына және болашақ мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететіні ғылыми тұрғыдан негізделеді.*

Түйін сөздер: *кәсіби бағдар беру, тұлғалық ерекшеліктер, білім алушылар, кәсіби өзін-өзі анықтау, қабілет, темперамент, құндылық бағдарлар, психологиялық факторлар, кәсіби таңдау.*

Кәсіби бағдар беру жүйесінде әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық факторлардың ықпалы зор болып табылады. Әлеуметтік жағдайлардың негізгі фактордың сыртқы объективті факторларды (мекен-жайы, мектептің орналасуы, ата-анасының қызметі мен мамандығы, мектептегі кәсіптік бағдар ерекшеліктері) жатқызуға болады. Бұл сыртқы факторлардың әсері субъективті ішкі себептер: табиғи қасиеттері (жасы, жынысы, темпераменті, қабілеті), оқушылардың тұлғалық индивидуалды қасиеттері және құндылық бағдары арқылы өзгертіліп отырады.

Сондықтан да кәсіби бағдар жүйесінің психологиялық негізі ішкі алғышарттардың жай тең әсерлері түрінде емес, субъектінің сыртқы әлемімен үздіксіз қарым-қатынас процесінде қалыптасады және ол жеке адам дамуынан бөлінбейтін күрделі де ұзақ процес болып табылады. Кәсіби бағдар беру жүйесі оны сыртқы факторлармен байланыстыратын субъект іс-әрекетінің пайда болуы, ұлғаюы, тереңдеуімен байланысты.

Сонымен қатар, кәсіби айқындаудың өзі сол әрекетті бағыттайтын, күштейтін, түзейтін, оны өзгертетін, яғни оның өту сипатын функционалды түрде анықтайтын компоненті ретінде қарастырылады. Мектептегі жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби бағдар беру жүйесін ұйымдастырғанда жоғарыда айтылған жеке адамның индивидуалды ерекшеліктерімен санасып отыру қажеттігі басым болады [1].

Мектептегі кәсіби бағдар беру жүйесінің жеке тұлғалық маңызы алғышарттарының барысын негізгі екі топқа жинақтауға болады. Бірінші топқа мамандық таңдау мәселесін ойдағыдай шешуді қамтамасыз ететін, бірақ ол процесті жандандыруға қатыспайтын жеке адам ерекшеліктері жатады. Мұндай ерекшеліктерге еңбекқорлық, кәсіби және өмірлік тәжірибенің болуы, адамның жалпы өмірлік және әлеуметтік кемелдену деңгейі жатады (Л.И.Божович, И.С.Кон, В.А.Крутецкий, т.б.).

Екінші топқа мамандық таңдау процесін жандандыратын және кәсіби бағытталудағы талғампаздықты тудыратын жеке адам бағыттылығының компоненттері: қажеттілік, кәсіби мотив, кәсіби қызығулар мен бейімділіктер, сенім, бағдарлар, құндылық бағдары, қабілет ерекшеліктерін жатқызуға болады. Еінші топтың негігі компоненттері: кәсіби айқындалуға қажеттілік, мотив және кәсіби қызығулар.

Кәсіби айқындалуға қажеттіліктің тууы – жастық шақ үшін дамудың жаңа, маңызды қайнар көзінің пайда болуын көрсетеді. Ол жеке адамның кәсіби айқындалуының қозғаушы күштері болатын түрлі қарама-қайшылықтардың тууына әкеледі. Жалпы түрде оларды оқушыда пайда болған қажеттілік пен болашақ мамандығының талаптарының және сол кәсіпті игеруге қажетті білім мен іскерліктер арасындағы қарама-қайшылықтар түрінде көрсетуге болады.

Кәсіби айқындалуға қажеттіліктің ерекшелігі оның сол қажеттілік затын “табудан бұрын пайда болатындығы. Мұндай жағдайда қажеттілік берілген обьектіден “озін табу үшін қосымша жағдайларды талап етеді.

Басқа сөзбен айтқанда, қажеттілік пен оның затының арасында аралық звено бар, ол қызығулар болып табылады. Субьектімен заттық әлем арасында нақты әрекетті

байланыс тууының қажетті алғы шарты кәсіби қызығудың болуы. Осы жағдайда жоғары сынып оқушыларының әртүрлі іс-әрекетке байланысты туған көптеген қызығулары, жоғарыда айтылған сыртқы факторлар мен жеке адам арасындағы қарым-қатынастың потенциалды мүмкіндігінің пайда болуына әкеледі [2;3].

Н.Д.Хмель класификациясына сәйкес, іс-әрекеттің негізгі бес түрін негізге алуға болады. Олар: еңбек (ой, дене, қоғамдық, тұрмыстық т.б.) ойын, қарым-қатынас,табиғатты қорғау және көркемдік.

Бұларды субъекті мен іс-әрекет обьектісінің мүмкін байланыстарының түрі, қоршаған ақиқатты және өзін-өзі тану процестері, еңбек, табиғат, өнер және қарым-қатынас әлемінде жеке адамның өзін-өзі іздеуі іске асырылады.

Кәсіби еңбекте өз күштерін жұмсай алатын саланы таңдауға байланысты, жеке адам іс-әрекетінің тереңдігі үрдістері, шын мәнінде мүмкіндік пен ақиқат, социум мүддесі мен жеке адам қызығулары, бейімділіктеріарасындағы нақты қарама-қайшылықты шешуге тіреледі. (Укке Ю.В. О психологических основах професионалной ориентации. М.,1981,95 бет) Мұндай жағдайда, болашақ маманның кәсіби қалыптасу процесі осы қарама-қайшылықты шешу болып табылады [4].

Сонымен қатар теориялық-практикалық тұрғыдан оқушы оларды қалай түсінетіні де маңызды. Адамға әсер ететін барлық факторлар әрқашанда түсінікті бола бермейтіні белгілі, ал олардың адамның шешімі мен қылықтарына обьективті әсерлері тіптіде дұрыс бағалана бермейді: Көбінесе, адам қылықтарының мотивтерін өзіндік түсіну, әсер етуші факторлардың нақты әрекетімен теңестіріледі. Осыған орай, мотивациялық сфераның психологиялық заңдылықтарын білу, жеке адам іс-әрекетіне елеулі түрде әсер етуге мүмкіндік береді.

Мамандық таңдаудың мотивтеріне әсер ете отырып оқушы жастардың кәсіби айқындалуын белгілі дәрежеде басқаруға болады.

Мамандық таңдаудың мотивациясын зерттеуге көптеген еңбектер арнаған (С.П.Крягжде, Т.В.Кудрявцев, А.М.Кухарчук, А.Б.Ценциппер т.б.) Бұларда кәсіби айқындаудың мотивациялық сферасының ирархиялы құрылысын қарастырылады. Мұндай ирархияның шыңында, жеке адамның бағыттылығын анықтайтын,оның қоршаған еңбек әлеміне қатынасын көрсететін жалпы мотивтері орналасады. Жетекші мотивтер ретінде, кәсіби бағытының мотивтері,олрдың құрылымы мен мазмұны болашақ маманның жеке адамның негізгі сипаттарын анықтайды [5; 6].

Мамандықты саналы түрде таңдау немесе саналы кәсіби айқандалу күрделі іс-әрекет болғандықтан,мотивацияның ұзақ мерзімді болуын шамалайды, ол мотвитер күресінсіз іске аспауы мүмкін. Мектептегі кәсіби бағдар жүйесінде мамандық таңдау кезінде оқушылар пән мұғалімдері немесе өзі үшін ерекше тартымды көрінетін мамнға еліктеуді жие басшылыққа алады, көбіне мамандық талаптарын ескермейді.

Көп жағдайда мамандық мазмұнының ерекшеліктерін оған өз бойындағы тұлғалық индивидуалды қасиеттерінің сәикестігін ескермей , оның тек сыртқы жағы мен қоғамдық-әлеуметтік беделіне көңіл аударады. Психологияда жүргізілген бір қатар зерттеулер бойынша, мамандық таңдауда неғұрлым көп кездесетін мотив еңбек мазмұнына қызығу,екінші-еңбектің қоғамдық маңыздылығы, үшінші - материалдық қызығушылық, төртінші –адамгершілік, ізгілік, романтика т.б. мамандық ерекшеліктері, бесінші-мамндық болашағы мен әлеуметтік беделі, алтыншы - жеке адамның бейімділігіне сәйкестілігі анықталған. Міне, осы жайттың өзінен-ақ кәсіби бағдар беру жүйесінде оқушылардың жеке адамдық тұлғаның- индивидуалды ерекшеліктеріне мән берудің маңызының зор екенін көреміз. Жалпы алғанда мамандық таңдау мотивтері, оқушылардың жеке-дара және жастық ерекшеліктеріне байланысты күрделі құрлымды болу керек. Бұл мотивтер, көбіне, отбасы, мектеп және құрбы-құрдастар ұжымының талаптарына тәуелді [7].

Білім алушылардың кәсіби айқындалу мотивациясының өзгеру динамикасын құрастыру жастық шақта таңдаған мамандыққа қызығу мотиві жетекші орын алатынын көрсетеді. Екінші орында үй жағдайының мотивтері, мамандықтың қоғамға маңыздылығы тұрады есейген сайын, мамандыққа деген қызығу, жеке адамның өз басының индивидуалды қасиеттерін бағалауы күшейе түседі. мамандық таңдауға әсер ететін мотивтер жүйесін анықтауды С.П.Крягжде қолға алған. Ол қала және ауыл оқушыларын зерттеу нәтижесінде, кәсіби айқындалуға әсер ететін жалпы заңдылықтарды анықтаған.

Білім алушылардың кәсіби айқындалуына әсер ететін негізгі себептер-қызығулар, бейімділіктер және қабілеттер екені анықталған. Жоғарғы сынып оқушыларында жиі кездескен басқада себептерді: жақсы табыс, мамандылықтың қоғамға маңыздылығын, өз бетінше жұмыс жасау достарымен жақсы қарым-қатынаста болу, денсаулық жағдайлары т.б. ажыратқан [8].

Сонымен, білім алушылардың кәсіби айқындалуы кәсіби бағыттылық негізінде де, және онсыз да іске асырылуы мүмкін екені айқындалады. Оның болашақта дамуы

немесе ЖОО-ның оқу-тәрбие процесіндегі психологиялық-педагогикалық жағдайларға байланысты.

Демек, мамандық таңдау мотиві болған кезде де,кәсіби айқындаудың табыстылығы туралы толық кепілдік беруге болмайды. Жоғары сынып оқушыларында мамандыққа деген тұрақты оң көзқарасты қалыптастыру, тек қана, оқу-кәсіптік немесе кәсіби іс-әрекет барысында жасалады.

Осы орайда кәсіби айқындалу мектеп түлектерінің мамандық таңдауға даярлығын талдау немесе таңдаудың өзімен ғана шектелмейтіндігін атап өткен жөн.

- Біріншіден, мамандық, кәсіп таңдау, оны анықтау адамның еңбек ету барысында қайта-қайта алдынан шығып отырады.
- Екіншіден, көптеген орта мектеп түлектері мамандықты кездейсоқ түрде, өз таңдауларын толығымен негіздемей-ақ таңдай береді.

Сонымен, жоғарғы сынып оқушыларындағы мамандық таңдау – кәсіби айқындалудың келесі кезеңіне өткендігінің ғана айғағы, одан кейінгі даму динамикасы басқа жаңа факторлармен анықталады. Мектептегі кәсіби бағдар жүйесінде кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды, мотивациялық сферасынан басқа, эмоциялық- еріктік және танымдық, тұлғалық, индивидуалды-саналы қасиеттер сферасының маңызы зор [9].

Кәсіби бағдардың эмоциялық еріктік компоненті, ең алдымен, мамандыққа деген эмоциялық қатынасын мамандыққа қанағаттануымен болашақ мамандыққа даярлығынан көрінеді. Кездескен қиындықтарға қарамай, іс-әрекетте табысты нәтижелерге жете білу бейімділігі өзінің іс-әрекетке қабілеттілігін жете түсініп, соған дайындығын көрсетеді.

Кәсіби бағдардың танымдық компоненті іс-әрекет объектісіне бағыттылық, өзінің болашақ кәсіби және қазіргі оқу іс-әрекетінің мақызы мен қажеттілігін саналы түрде түсінуіне байланысты. Ол мамандық туралы хабардар болу деңгейімен, оқушылардың кәсіби жоспарларынан, таңдалатын мамандықтың қоғамға маңыздылығын түсіну деңгейінен болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындық кезеңінде салалы пәндерді оқу мақсатын түсінуден көрінеді [10].

Мамандық таңдау барысында жүргізілетін жұмыстардың табыстылығы жеке адамның тұлғалық индивидуалды саналы және кәсіби маңызды қасиеттерінің болашақ тақдалынатын кәсіпке сәйкес келуімен сипатталады.

Мұндай маңызды қасиет сапалары қатарына қабілет, мінез, темперамент, жоғарғы жүйке жүйесі, т.б. жатқызуға болады. Біз енді осы саланың, қасиеттердің психологиялық табиғатына кеңінен тоқталайық.

Кәсіп таңдауда қабілеттіліктің мәні ерекше. Қабілеттің іс-әрекеттері мен түрлерін игерудегі, жүйріктік, тереңдік және біріктілігінде көрінеді [11]. Туа біткен қабілеті, қабілеттім құрамы мен деңгейі кәсіби жетістікке жету үшін белгілі бір байланыста болуы шарт. Егер адамда бір жұмысқа деген қабілеттіліктер болса, онда ол жақсы жетістікке жетеді, ал қабілеттік болмаса, оның еңбек етуі қиындықтарға толы болады. Психологияда қабілеттіліктердің мынадай ерекшеліктері қабылданған:

1. Қабілеттіліктер әрқашан іс-әрекеттердің белгілі бір түрімен байланысты, олар тек нақты іс-әрекеттерде көрініс береді. Сондықтан да қабіліттілікті тек нақты іс-әрекетті талдау кезінде анықтауға болады;
2. Қабілеттіліктер дамиды және өзгереді. Олар іс-әрекетте көрініс беріп қана қоймайды, сонымен қатар олар жұмыс барысында өзгеріске ұшырайды;
3. Адам өмірінің белгілі бір кезеңдерінде қандай да бір қабілетті дамытуға ыңғайлы жағдайлар тундайды. Баланың даму заңдылықтарымен оқу және тәрбиенің сәйкес келуі үшін, оның қабілеттіліктерін ашу және қалыптастыру үшін сенсетивті кезең өте қажет;
4. Іс-әрекеттердің жеңістілігі көп жағдайда бір ғана қабілет түріне емес, қабілеттер комплексіне және олардың әртүрлі комбинациясына тәуелді. Сондықтан қабілеттілікті анықтау және бағалау үшін біздер олардың түрлерін біліп тадай білуіміз керек, қабілеттіліктер еңбек барысында және нәтижесінде көрінетін адамның жекелеген қасиеттері. Қабілеттілік түрлері іс-әрекет түрлері тәрізді өте көп. Қабілеттілікті жете түсіндіру үшін оларды классификациялауға немесе белгілері бойынша топқа бөлуге талпыныс болады.

Осындай бір талпыныстың нәтижесі мына классификациядан көруге болады [12].

Физикалық қабілеттіліктерге күш, реакция жылдамдығы, төзімділік, икемділік жатады. Кәсіптік бағдарда бұл категорияларда әрдайым есте ұстап отыру керек. Физикалық қабілеттіліктердің дамуы туралы мектеп дәрігерінің, дене тәрбиесі мұғалімінен немесе еңбек пәнінің мұғалімінен сұрап өз кезінде былай жіктейміз. Жеке немесе элементарлы қабілеттіліктер өз мәні жағынан психикалық процесс болып табылады. Оны ұсақ құрамдас бөліктерге бөлу мүмкін емес, себебі олардың мазмұны өте тар.

Кәсіптік жарамдылық тұрғысынан бұл қабілеттіліктер өте көп мағынаға ие. Арнаулы қабілеттіліктер қатаң түрде бір ғана іс-әрекет саласында, нақты мамандық саласында қолданылады. Балаларды бақылайтын болсақ, олардың біреулері бұйрық беруді

ұнатады, ал басқалары әрдайым атқарушы ролінде ойнайды. ұйымдастырушылық қабілеті біздің өмірімізде өте қажетті болып табылады. Бұл зерттеу біздерге ұйымдастырушылық қабілет құрамын жасайтын бірінші ерекшелікті айқындап береді.

1) Басқа адамдарды өз энергиясымен әсер ету, оларды белсендіру қабілеті;
2) Әрбір адамға өз ерекшеліктерін қолдана білу қабілеттілігі;
3) Басқа адамдар психикасыны" дұрыс түсіну қабілеттілігі;
4) Істегі жетіспеушілікті көрсете білу немесе сыншылық.
5) Психологиялық факт немесе басқа адамдардың психикалық ерекшеліктеріне сай және жағдайына қарай қатынас орната білу қабіліеттілігі;
6) Интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі;
7) Творчествалық және орындаушылық бастама;
8) Қызметкерлерден талап ете білу;
9) Ұйымдастырушылық жұмысқа бейімділік;
10) Практикалық ақыл немесе өз білімінің практикалық өмірде тез әрі икемді қолдана білу қабілеттілігі;
11) Өзін-өзі билеушілік, тәуелсіздік;
12) Бақылағыштық;
13) Жолдастық сезім;
14) Өзін-өзі ұстай білу , сабырлық ;
15) Жігерлілік;
16) Жеке активтілік;
17) Жұмысқа қабілеттілік;
18) Өзіндік ұйымдастырушылық қабіліеттілігі және концентрация; [13;14].

Психикалық жалпы қабілеттер жалды даму деңгейі туралы жоғары оқуға баратынкезде есепке алу керек. Жоғарыда айтылғандай интеллект комплекстік қабілеттерді білдіреді және бірнеше құрамдас бөлшектерден тұрады. Осындай примарлы қабіліттіліктер мынадай:

- Тілдің түсіну қабіліеттілігі. Сөз мағынасын түсіну тілдік байланыстар тілідк материалдардың мәнісін табуға талап қойылған да өте қажетті;
- Тілдің жатық болу қабілеті, қажетті сезімді таба білу;
- Сынау қабілеті, осыны математикалық қабілетпен шатастырмау керек;
- Логикалық ойлау және пайымдау қабілеттілігі. Алғышарттары негізгі қорытындылау жасайды;
- Қабылдау қабілеті материалды тез ара қабылдауда көрінеді;
- Ке"істікті ойлау немес көлемдік ара қатынасты түсіне білу қабілеті;
- Есте сақтап қалу қабілеті. Естің көлемін, тұрақтылығын білдіру;

Кәсіп таңдағанда тұлға қабілеттерінің сапасына ерекше назар аудару керек. Кәсіпті таңдауда темпераментпен мінезінің ролі. Кәсіп таңдауды өте қажетті болатын қабілеттермен бірге пән мінездің маңызды психикалық мінездер болып табылады [15].

Адамның қай салада тамаша нәтижеге жететін жұмысының жетісті болуы оның қабілетіне байланысты, ол адамның қалай әрекет жасайтыны, оның іс-әрекетінің ерекшелігі қандай екені темпераментпен мінезі тәуелді. Қабілеттерді топтарға теңестіруге болады, ал темпераментпен мінез осы мотор жұмысына қажетті жанармай деуге болады. Адамның темпераменті жеке адамды оның динамикалық ерекшеліктері жоғарыдан бейнелейтін психикалық әрекетінің динамикасын білдіретін жекелеген психикалық ерешеліктерді құрайды [16].

Тұрақты және негізгі психикалық ерекшеліктердің жекелеген комбинациясы (қиылысулы) мінез болады. Ол адамның шындыққа қатынасына көрінді. Темпераментпен мінез тұлғаның өздігінше екі бөлік қасиеттері болса да, олар бір бірімен тығыз байланысты және белгілі бір дәрежеде өзара сәйкес келіп отырады.

Темпераменттің сангвиникалық типі энергиялы және жұмысқа үлкен қабілеті бар. Темпераменті мұндай типті адамдар өзіне сәйкес мамандықты тез игеру, оған әртүрлі жағдайлар, әрдайым оған жаңа тапсырмалар, міндеттер қойып отыратын жұмыстар сәйкес келеді. Сангвиникалық даусы қатты тез, анық, дұрыс әрі нақты интонация қойып сөйлейді. Ол адамдармен араласқанда сөздері ым және мимикаға толы болады. Жұмыс жасай отырып ол бір жұмыстан келесісіне оңай ауысып кетеді, бірақ бөлшектеріне дейін иене алмайды және бірыңғайлықты ұнатпайды.

Холерик адамдармен қарым-қатынасқа түсе отырып күгелек және өлікпе мінез көрсетеді, ол өте кішкентай мән бермейтін жағдайларға тез көңіл аударады. Пікір талас, айтыстарда біреуден асып түсуге тырысады, ашуланады және өз-өзінен шығып кетеді. Жұмысты бар күшін салып энергиялы түрде өз іс-әрекеті мен толық жай беріп отырып атқарады. Оларға ериодты түрде үлкен шиеленісті талап ететін, және тыныш жұмыспен кездесіп оттыратын циклды іс-әрекет сәйкес келеді. Темперамент ерекшеліктеріне

байланысты холерикке кезеңді түрде энергия жоғалтуды талап ететін, шиеленіспен және қауіп-қатер мен байланысты жұмыс істегенді қалайды [17].

Флегматик байсалды өзін-өзі ұстай біледі,ал қажымайтын және тырысушы жұмысшы. Қозғаласы сөйлеуі жай, ол бәрін де біртіндептереді. Оған көптүрліктігі ерекшеленетін жұмыс келмейді. Бірақ бірқалыпты жұмыстар (мысалы күзетші жұмысы) оған қиындық келтірмейді.

Меланхолик сыртқы тітіркенулерге өте сезімтал келеді қатты уайымшыл болғандықтан да тез ренжиді, кішкене нәрсеге бола көзіне жас алады. Дауысы жай, қозғалысы ұстамды, мимикалары айқын емес. Меланхоликтің жұмысқа қабілеттілігі төмен, ал өзін жауапкершілік алудан бас тартады. Себебі, оның орындай алмайтынын деп қорқады. Меланхолик зейінді, шиеленісті талап етеді, күтпеген жағдайлармен және қиындықтармен байланысты жұмыс сай келеді [18;19].

Интровентті немесе интроверттенген адам өз ойымен тереңге кеткен тұлға, ол өзінің ішкі әлемімен өзіндік ойлармен елестермен байланысты жасаудан қолы босамайды. Ол тұйық және адамдармен тіл табысқыш емес оған тыныш өмір ұнайды. Ол алдында тұрған міндетті ойланыстырады және жоспарлайды интрвентті адамға физикалық жұмыстардан гөрі интеллектуалды жұмыс сәкес келеді.

Экстровертті немесе экстроверттенген адам өте үйірсек, көшпіл. Адамдар қоғамын бағдарлайды және әрекет еткенді ұнатады. Оған көп түрлі жұмыс ұнайды, ал бірыңғай, біркелкі іс-әрекет ашуландырады. Оған жиі жиі адамдармен араласатын, олармен байланыста болатын жұмыс қажет.

Адамның мінезі өмір жағдайларының әсерінен жасалған мінеқұлық нормаларын білдіреді. Мінез оның белгілерінен құралады. Мінездің иректік белгілері негізгі өзегі, басты құрамдас бөлшегі болып табылады. Осған мақсатқа, бағыттаушылық, шешімге келгіштік, табындылық, батылдық т.б. белгілері болады. Мінездің кейбір белгілері адамның қоғамға және адамдарға қатынасында байқалса (ұйымшылдық, адамгершілік), басқалардың еңбекке қатынасын бейнеленеді (еңбекті сүю, қарыс сезімі, жалқаулық), үшіншісі өзіне-өзінің қатынасы (өзіндік даңқ сезімі, жасқыншақтың ұмытшақтық).

Егер кәсіп таңдауға мінездер ролінің маңызы туралы айтатын болсақ, онда сенімді түрде былай деуге болады: мінез-құлықтың жақсы қасиеттері әрбір жұмысқа қажет, ал нашар жақтары, керісінше ешқандай мамандыққа жарамайды. Табандылық, тәртіпшілік, парыз сезімі, инабаттылық тәрізді мінез-құлық қасиеттеріс-әрекеттерінің барлық түрлерінде де қажет. Принципсіздік, қырсықтық, эгоистік, жалқаулық, менсізбеушілік бұлар барлық кәсіпке жарамсыз болып табылады [20].

Кәсіпті таңдауға ынталану. Ынта тұлғаның белгілі бір объектілігі немесе іс-әрекетке деген активті көрсеткіш қатынасы.

Ынта- адамның активті қатынасы және бұл оның іс-әрекетке дем береді. Ынта адамды өз қызығатын объектімен бірнеше сағаттар бойы шаршағанды білмей айналысуға, өзі қызығатын нәрселерде терең білім жинауына көмектеседі. Қазіргі кезде психологиясы ынтаны тұйықталған категория ретінде қарастырмайды керісінше, оны тұлғаның негізгі қатынастары мен қажеттіліктерінің өзара байланысы, олардың тұтас құрылымы деп түсінеді [21].

Г.Шуница кеңес психологияның көзқарасын қорытындылай отырып, а) қоршаған әлемнің объектісімен құбылыстарына адамның психикалық процестерінің таңдамалы бағытталуы; б)тұлғаның бір ғана құбылыстар шеңберлері мен айналысу қажеттілігін қанағаттандыру тенденциясы; в)тұлғаның сихикалық процестерін тез әрі күшті жүргізуге іс-әрекетін жемістікылуға әсерін тигізетін себепті; г)қоршаған ортаға, оның объектісіне, құбылыстарына және процестеріне таңдамалы қатынас жасау екендігін атап көрсетті.

Ынта бейімділікке және сәйкес қабілеттіліктерге ауысқан кезде тек есепке алар лық көрсеткіш ретінде болады. Бйімділіктің қандай да бір іс-әрәекеті қажет ететініне белгілі. Егер жасөспірімдер сол іс-әрекетке қажетті сапалар болса, онда ол сәйкес жетістіктерге жетеді. Бұл оның бйімділігін беките түседі. Бірақта бейімділіктің өзіне сай қабілеттіліксіз дами алмайтынын біздер білеміз ынта мен қабілетінің немесе бейімділікпен қабілетнің сәтті қосылысы келіп таңдауда санасуға тұрарлық жағдай. Ынта және жасөспірімді қандай да бір кәсіп таңдауға итермелеуші фактор болып табылады [22].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, жасөспірімнің өзінің ерекшеліктері көп қырлы және күрделі. Бірақта оларды ашып алмайынша кәсіптік кеңес беруге болмайды. Жасөспірімнің барлық негізін тұлғалық сапалары (қабілет, ынта, бейімділік, мінез және темперамент) оның мінезінде, оқудан да, қылығынан да көрініс береді.

Мұғалімдер мен ата-аналарда осы сапалардың қалай көрінетінін бақылауға мүмкіндіктер көп. Тек біздің жасаған қорытындыларымыз объективті және шындыққа сәйкес келуі қажет екенін есте сақтау керек. Ата-аналар өз баласының тек жақсы жақтарын ескеруі қателеспеуі керек. Ал мұғалімдер оқушыларының бір қасиетін, мысалы, тәртіптілігін абсалюттендірмеу керек. Ата-аналар мен мұғалімнің байланыста болуы өте қажетті. Оқушының үйіне келе отырып мұғалім оның бойына мектеп жұмысында көзге

ілінбеген жаңа ынталар және әуестіктер табуы мүмкін. Үй тәрбиесінің тәжірибесі негізінде ата-анаға кейбір қабілеттерді, мысалға, кеңестіктің ойлау қабілетін көру қиын, ал геометрия және пәннің мұғаліміне бұл оңайға түседі. Ата-аналар баласымен бірге кәсіптік кеңес алып, болашақ оқуы және жұмыс жөнінен толығырақ мәлімет алуына болады [23].

Кәсіптік кеңес орталығында баланың психикалық ерекшеліктерін дәл анықтауға көмектесетін тесттер мен анкеталарбар. Жасөспірімнің барлық өзінің ерекшеліктері оның мінез-құлқында, оқуында, қылығында көрінеді. Әрдайым олардың көрінуін қадағалау керек.

Мектеп пен отбасының тығыз байланысы баланы жақсы көмектесетін екі жаққа да маңызды ақпарат көзі қажеттілік туындағанда кәсіптік кеңестен немесе отбасына кеңес алуға болады.

Қазіргі таңдағы оқушы түлектердің мамандық таңдау мотивациялары қанағаттанарлық деңгейде емес. С.М.Годник еңбектерінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, мектеп түлектерінің мамандықты таңдауда толық мәлеметтері жоқ екені анықталған, оның өзі ЖОО-да оқитындар үшін мазасыздықтың ошағы болуы мүмкін. Бұл зерттеулер білім алушылардың жалпы санының 20,9 пайыздан 23 пайыз деңгейі мектептегі мамандық туралы ойларының нашарлау жаққа өзгергендігін көрсетеді. Ал тек 35,9 пайыз ғана өз таңдауларын дұрыс деп есептейді. Мамандық туралы түсініктері өзгермеген білім алушылардың өзінің де тек 71 пайыз өз таңдауларын қайталаса, ал 20 пайызы білмейді, 9 пайыз жоқ деген жауап қайтарған. Жоғарыда көрсетілгендей, еңбек іс-әрекеті түрінің, оның ішінде мамандықты дұрыс таңдауды ең маңызды мотивтер кәсіпке қызығу немесе кәсіби бағыттылықтың болуы [24].

Көптеген білім алушылардың кәсіби ниеттерінің тұрақсыз, өзгермелі болуы кәсіби бағыттылықтың қалыптаспағандығымен түсіндіруге болады. Кәсіби айқындалудың айтылған көріністері көптеген орта мектептерге тән болып келеді. Оны былайша түсіндіруге болады. Жоғарғы сынып оқушыларында егер де қажеттіліктері, кәсіби айқындалу мотивтері және болашақ кәсіби іс-әрекеттің мазмұны туралы және оған тұлғалық қасиеттері сай болса, онда мамандық та”дауда оның берік ұстанымы болады. Сонымен қатар, болашақ кәсіби іс-әрекеттері туралы түсініктері тек жалған ақпараттар түрінде емес, кәсіпке дейінгі белгілі тәжірибені қалыптастыратын өздерінің іс-әрекетінде анықталған түрде болуы қажет [25].

Білім алушылардың кәсіби бағдар беріктілігі мамандық туралы түсініктерімен қатар, өз мүмкіндіктері және тұлғалық ерекшеліктері мен қасиеттері, қабілеттері туралы сеніміне байланысты. Ал мұндай сенім болуы үшін іс-әрекет кәсіби бағдарланған және мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізілген. Ал оқушы өзін осындай іс-әрекет үстінде сынап көруі қажет. мәселені осылай қарастырудың ғылым негізділігі оқу және тәрбие процесінің кәсіби бағыттылығы мен сабақтастың принципіне сүйенеді. Ал оны тиімді түрде іске асыру мектеп, ЖОО жүйесінде сәтті болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Климов Е.А. Основы производства. Выбор профессии. М., 1987. 102-132 с
2. Климов Е.А. Психолого-педагогические проблемы профконсультации. М., 1983. 125-145 с
3. Ковалев А.Г. Мотивы поведения и деятельность. М., 1988. 129 с
4. Копоминский Я.Л. Человек: профессия. М., 1986. 258 с
5. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. М., 1976. 269-284 с
6. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. М., 1977. 98-109 с
7. Мажитова Л.Х. Қазақ мектептерінде кәсіптік бағдар беру. Алматы., 1994. 97-105 с
8. Мектеп және мамандық таңдау. Алматы., 1973. 203 с
9. Михайлов В.И. Психологические проблемы изучения профессионального жизненного пути в целях профориентации. Ярославль, 1986. 312 с
10. Озганбаева Р.О. Профориентация учащихся общеобразовательных школ в условиях рыночных отношений. Автореферат канд. диссертации. А., 1995.
11. Павлотенков Е.И. Формирование мотивов выбора профессии. Киев, 1980. 256 с
12. Переведенцев В.И. Человек выбирает профессию. М., 1980. 144 с
13. Пермяк Е.А. Кем быть? Путешествие по профессиям. М., 1976 279-290 с
14. Платонов К.К. Структура и развитие личности. М., 1986 216 с
15. Перетятько Л.Г. Профессиональное призвание личности. /Автореферат канд. диссертации. М., 1991. 56 с
16. Решетова З.А. Психологические основы профессионального обучения. М., 1985. 300 с

17. Сейтешов А.П. Пути формирования личности будущего молодого работника. М., 1982. 98-110 с
18. Скаткин М.Н., Костяшкин Э.Г. Трудовое воспитание и профориентация школьников. М., 1984 236 с
19. Ткачева Н.Ю. Профессиональная направленность как личностное новообразование юношеского возраста. М., 1983. 93-150 с
20. Түрікпенұлы Ж. Кәсіптік бағдар. Алматы, 1995 201-230 с
21. Чистякова С.Н. Основы профориентации школьников. М., 1983. 150-171 с
22. Чистякова С.Н., Захарова Н.Н. Профориентация школьников. М., 1987. 289 с
23. Чебышева В.В. Психологические проблемы профориентации школьников./Вопросы психологии, 1971, №1
24. Шадриков В.Д. Проблемы систомогенеза профессиональной деятельности. М., 1982. 254 с
25. Ярошенко В.В. Школа и профессиональное самоопределение учащихся. Киев, 1983. 211-240 с.

Резюме

В статье рассматривается важность учета личностных характеристик учащихся в системе профориентации. В современной системе образования сознательный выбор будущей профессии учащимися напрямую связан с их личностными психологическими качествами, способностями и ценностными ориентациями. Важную роль в процессе профориентации играют социальные, педагогические и психологические факторы. К социальным факторам относятся среда проживания учащегося, местонахождение школы, профессия и социальный статус родителей, а также организация профориентационной работы в школе. Кроме того, влияние этих внешних факторов тесно связано с внутренними субъективными характеристиками учащихся, то есть возрастом, полом, темпераментом, способностями и личностными качествами. В статье научно обосновывается тот факт, что учет личностных характеристик учащихся в процессе профориентации способствует их профессиональному самоопределению и правильному выбору будущей профессии.

Ключевые слова: *профориентация, личностные характеристики, учащиеся, профессиональное самоопределение, способности, темперамент, ценностные ориентации, психологические факторы, профессиональный выбор.*

Summary

The article considers the importance of taking into account the personal characteristics of students in the career guidance system. In the modern education system, the conscious choice of a future profession by students is directly related to their personal psychological qualities, abilities and value orientations. Social, pedagogical and psychological factors play an important role in the career guidance process. Social factors include the student's living environment, the location of the school, the profession and social status of parents, as well as the organization of career guidance work at school. In addition, the influence of these external factors is closely related to the internal subjective characteristics of students, that is, age, gender, temperament, abilities and personal qualities. The article scientifically substantiates the fact that taking into account the personal characteristics of students in the process of career guidance contributes to their professional self-determination and the correct choice of a future profession.

Keywords: *career guidance, personal characteristics, students, professional self-determination, abilities, temperament, value orientations, psychological factors, professional choice.*

ОӘК: 159.9

КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕР МЕН ТОПТЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Еркінбекова Мейірім Анарбекқызы
психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Түйін. *Бұл мақалада тұлғааралық қарым-қатынас пен коммуникативтік қабілеттерді зерттеуге бағытталған психодиагностикалық әдістемелер қарастырылады. Зерттеу барысында топтың ұйымшылдығын анықтауға арналған Сишор әдістемесі, мәдени-құндылық бағдарын анықтауға арналған Дж. Таусенд тесті, тіл табысқыштық деңгейін бағалау әдістемесі (В.Ф. Ряховский), қарым-қатынаста өзіндік бағалауды анықтау тесті (М. Снайдер), коммуникативтік іскерлікті бағалау тесті және вербалсіз коммуникацияны бағалаудың эксперттік әдістемесі (А. Кузнецова)*

қолданылды. Бұл әдістемелер тұлғаның коммуникативтік қабілеттерін, әлеуметтік бейімделу деңгейін және топтағы өзара әрекет ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігі оның әлеуметтік қатынастар жүйесінде тиімді әрекет етуіне және топтағы психологиялық ахуалдың қалыптасуына ықпал ететінін көрсетеді.

Түйін сөздер: *коммуникация, қарым-қатынас, коммуникативтік қабілет, топтық ұйымшылдық, тұлғааралық қатынас, вербалсыз коммуникация, психодиагностика.*

Қазіргі қоғамда тұлғааралық қарым-қатынас пен коммуникативтік қабілеттер адамның әлеуметтік бейімделуінің маңызды факторларының бірі болып табылады. Әсіресе білім беру ортасында тиімді қарым-қатынас орнату, топта жұмыс істеу, өз ойын еркін жеткізу және басқа адамдарды түсіне білу маңызды кәсіби және тұлғалық қасиеттердің қатарына жатады.

Коммуникативтік қабілеттер адамның әлеуметтік белсенділігіне, кәсіби жетістіктеріне және тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан психология ғылымында тұлғаның коммуникативтік ерекшеліктерін зерттеуге арналған түрлі психодиагностикалық әдістемелер кеңінен қолданылады.

Бұл мақалада тұлғааралық қарым-қатынасты және коммуникативтік құзыреттілікті зерттеуге бағытталған бірнеше психологиялық әдістемелердің мазмұны мен қолдану ерекшеліктері қарастырылады.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, тұлғааралық қарым-қатынасты және коммуникативтік қабілеттерді зерттеу үшін түрлі психодиагностикалық әдістемелер қолданылады.

Сишор, Таусенд, Ряховский, Снайдер және Кузнецова әдістемелері тұлғаның коммуникативтік ерекшеліктерін, әлеуметтік бейімделу деңгейін және топтағы өзара әрекет сипатын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл әдістемелерді қолдану нәтижесінде тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін анықтап қана қоймай, сонымен қатар топтағы психологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған практикалық ұсыныстар жасауға болады.

Зерттеу әдістемелері:

1. Топтың ұйымшылдық индексін анықтау (Сишор әдістемесі бойынша);
2. Дж.Таусендтің «Мәдени-құндылық бағдарын анықтау» тесті;
3. Тіл табысқыштық деңгейін бағалау тесті (В.Ф. Ряховский бойынша);
4. Қарым-қатынаста өзіндік бағалауды анықтау тесті (М. Снайдер бойынша);
5. Коммуникативтік іскерлікті бағалау тесті;
6. Вербалсіз коммуникацияны бағалаудың эксперттік әдістемесі (А. Кузнецова бойынша).

Енді осы зерттеу процедураларына және оларды қолдану, өңдеу т.б. жолдарына тоқталып өтеміз.

Топтың ұйымшылдығы – оның мүшелерінің біртұтастығын көрсететін ең маңызды өлшем болып табылады. Сондықтан зерттеу жұмысымыздың бастапқы кезеңінде курс тыңдаушыларының полиэтностық құрамына қарай психология ғылымының даму тенденциясына сәйкес топтың ұйымшылдығын көптеген әдістемелердің (социометриялық, референтометриялық және т.б.) көмегімен анықтауға болады. Сонымен қатар, топтың ұйымшылдық индексін анықтауда Сишор әдістемесін пайдалана отырып, анықталады. Әдістеме сұрақтарының жалпы нәтиже көрсеткіштеріне (жоғарғысы-19; минималды-5) қарай:

- «жоғары» (19-15 ұпай);
- «орташа» (14-10 ұпай);
- «төмен» (9-5 ұпай) деңгейлерге бөлінді. Тыңдаушыларға арнайы нұсқау беріледі. Жауаптар жақша ішінде берілген ұпайлармен есептеледі. Бірақ жауап алу барысында ұпай сандарын көрсетудің қажеті жоқ. Максималды ұпай-19, ал минималды - 5.

Психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Джакупов «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты еңбегінде моноэтникалық және полиэтникалық оқу топтарындағы бірлескен таным әрекетінің нәтижелері әр түрлі болатындығына тоқталады. Біздің ойымызша, көп жағдайда бұл нәтижелер ұлттық мәдениет көрсеткіштеріне тікелей байланысты. Сонымен қатар, ғалым Т. Сәрсенбаев ұлтаралық қатынас мәдениеті ең алдымен көпэтносты, не моноұлттық болып келетін қатынас ортасына тығыз байланысты болады дейді. Осы айтылған пікірлерге байланысты курс тыңдаушыларының мәдени және құндылық бағдарларын анықтау мақсатында Дж. Таусендтің „Мәдени-құндылық бағдарын“ анықтау тесті жүргізілді.

Тест құрылымы жағынан өте қарапайым және пайдалануға қолайлы. Тест 5 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа үш нұсқалы жауап берілген. Тест нәтижесі төмендегі кілт бойынша есептеледі:

Сұрақ №	ДМ	ҚМ	ДДМ
1	a	b	c
2	a	b	c
3	a	b	c
4	a	b	c
5	a	b	c

Тест нәтижесін өңдеуде респондент жауаптарының мәдениет типтеріне қарай орташа пайыздық көрсеткішін шығару қажет. Алынған нәтиже бойынша топ мүшелерінің қай мәдениет типіне жатқызу керектігін анықтауға болады.

Тест интерпретациясы төмендегідей үш деңгейді анықтауға мүмкіндік береді:

Бірінші тип – дәстүрлі мәдениет (ДМ) – адамдардың тарихқа, мәдени-тарихи мұраларға, салт-дәстүрге, ұлттық мәдениетке деген жоғары қызығушылық деңгейімен сипатталады. Мәдениеттің осы типіне жататын адамдар табиғатттың тылсым күштеріне, құбылыстарына өызығады, дегенмен оларды шешуге ұмтылыстары жоқ деп айтуға болады. Отбасын, діни наным-сенімдерін жоғары қояды. Мұндай мәдениет типінде адамдардың ішкі жан дүниесінің бостандығына жол берілмейді, өйткені адамдар теріс қылыққа бармау үшін, оғат қылық жасамауы үшін өз қоғамдастарының қатаң бақылауында болуы тиіс деп санайды. Шешімді қауым болып табады, ал шешімнің нәтижесі аға ұрпаққа байланысты болады.

Екінші тип – қазіргі мәдениет (ҚМ) – заман ағымына қарай өзгеріске ұшырауға бейім. Табиғатпен үйлесімде өмір сүруге, табиғат заңдылықтарын сақтауға тырысады. Бұл мәдениет типінде басты фактор – адам және оның құқтары, тұлға ретінде дамуы, өмірлік орнын табуы. Адамдар арасындағы өзара қатынастар әлеуметтік жүйедегі ролі мен статусына байланысты қалыптасады. Достық қатынастар өте баяу дамығанымен, уақыт өткен сайын терең мағынаға ие болады. Мұндай қоғамда адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін адамгершілік, этикалық нормалар мен ережелер арқылы реттеп отырады. Тұлғааралық қатынаста өздерін ұстай біледі, ролдік және әлеуметтік қашықтық сақтауға тырысады. Қандай да жеке шешімдерді қабылдау барысында топтардың, отбасының, еңбек ұжымы мүшелерінің қызығушылығы, жоспары, қажеттіліктері, келісімдері ескеріледі. Өз жұмыс нәтижесіне материалдық емес, моралдық марапат (атақ-даңқ, мойындау, табысқа жету) алуға тырысады.

Үшінші тип – динамикалық дамушы мәдениет (ДДМ) – адамдардың болашаққа көзқарастарын, нәтижеге жылдам жетуді көрсетеді. Өз жоспарларын қысқа және тез шешімге жетуге болатындай етіп жоспарлауға тырысады. Бұл типтегі адамдар үшін «уақыт, ол - ақша». Табиғатқа «жұмбақ», тылсым дүние ретінде қарамайды, керісінше табиғат адамға бағынуы қажет деп есептейді. Еркіндікті жоғары қояды, тәуелсіздікті, жеке даралықты, дербестікті маңызды деп түсінеді. Жұмыс нәтижесін материалдық тұрғыда бағалау қажет деп есептейді. Көбіне өзін саналы түрде табысқа жету жолында, материалдық құндылықтардың жолында құрбандыққа шалуға дайын.

Американдық әлеуметтік психологияда интеракционистік бағдар шеңберінде референтті топтарды зерттеу 1940 жылдардан басталған. Референтті топтар мәселелерін талқылауда алғашқылар ретінде Т. Хаймен, Т. Ньюком, М. Шериф, Р. Мертон, Т. Келли, Т. Шибутани жіне т.б. зерттеушілерді атауға болады. Олардың жұмыстарының нәтижесі бойынша референтті топ теориясы белгілі деңгейде танымал болды.

Қарым-қатынас процесінде жеке адамның дамуына бөгет жасайтын әлеуметтік пихологиялық факторларды (бұйығылық, ұялшақтық, сенімсіздік) меңгеру. Олай болса, тыңдаушылардың тіл табысқыштық деңгейлерін дамытудың маңызы зор болып табылады. Зерттеу жұмысымызда В.Ф. Ряховскийдің «Тіл табысқыштық деңгейін бағалау» тестін алуымыздың басты мақсаты – полиэтностық және моноэтностық топтардағы тыңдаушылардың өзара тіл табысқыштық деңгейлері қандай деңгейде екендігін анықтау. Тест 16 сұрақтан тұрады және оның нәтижесін тест классификаторы арқылы көруге болады. Тест екі тұрғыда қолданылды:

1) топ мүшелерінің тіл табысқыштық деңгейлерін бағалау;

2) топтардағы этностардың тіл табысқыштық деңгейлерін бағалау.

Тыңдаушыларға алдын-ала келесі нұсқау берілді: Тест адамның қарым-қатынас құзыреттілігін анықтауға көмектеседі. Берілген сұрақтарға «иә», «кейде» немесе «жоқ» деп жауап қайтару қажет.

Нәтижені бағалау төмендегідей жүргізіледі:

-«иә» - 2 ұпай;

-«кейде» - 1 ұпай;

-«жоқ» - 0 ұпай.

Тест классификаторы 7 деңгейден тұрады:

30-31 ұпай – коммуникативтілігі өте төмен. Топтық жұмысқа мүлде қатыса алмайды. Бұл тек өзіне ғана емес, өзгелерге де зиянын тигізетіні бар.

25-29 ұпай – тұйық, жалғыздықты ұнататын адам. Жаңа ортаға ауысу деген сияқты пікірлерден бойын қорқыныш билейді. Дегенмен, өзіне көңілі толмайды.

19-24 ұпай – қарым-қатынасқа барынша ашық, бөтен ортада өзін еркін сезіне алады. Дегенмен, топтағы басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуде өзін абайлап ұстауға тырысады. Пікірталаста өзінен-өзі маңғаздық танытып жататын сәттері кейде болып тұрады.

14-18 ұпай – коммуникативтілік құзыреттілігі жеткілікті. Басқа адамдармен қарым-қатынаста қызығушылық таныта біледі, тіл табыса алады. Жаңа адамдармен таныстыққа қуанады, дегенмен шулы ортаны және тым көп сөйлейтін адамдарды онша ұнатпайды.

9-13 ұпай – мұндай адамдар өте коммуникативті. Кейде тіпті шектен де шығып кететін кездері болады. Қызыққыш, көп сөйлейді; түрлі сұрақтарға оған тіпті қатысты болмаса да жауап қайтарып отырады. Өзін көпшілік назарының ортасында болғанды ұнатады. Тез ашуланып, тез қайтады. Бірақ шыдамды болуды естен шығармағаны абзал.

4-8 ұпай – кез-келген істе, кез-келген сұраққа жауабы дайын тұрады. Пікірталастарға аса белсенділікпен қатысады. Шешімін білмейтін істермен де шұғылдана беруге мақұл. Жұмысты аяғына дейін жеткізуге еркі жетпейді. Осыған байланысты басшылары тарапынан көп жағдайда сенімсіздік танытатын жағдайлар болып тұрады.

3-одан төмен ұпай – өзіне қатысты болмаса да басқалардың әрекетіне араласқанды ұнататын адамдар. Құзыретіне жатпайтын мәселелердің шешімін табуға ұмтыла береді. Ашуланып, ренжіп, көп жағдайда шектен шығып жатады. Мұндай адамдармен қарым-қатынасқа түсу басқаларға оңай еместігін естен шығармаған жөн.

Бірлестікке объективті қажеттілік және қарым-қатынасқа субъективті қажеттілік адамдардың ерекше ұйымдарының құрылуына алып келеді, олар топтар деп аталады. «Топ» ұғымының өте көп қолданылуына қарай, оған нақты бір анықтама беруге мүмкін емес. Адамның бүкіл өмірі қандай да шартты немесе нақты топтарда өтеді.

Тұлғаның өзін-өзі таныту процесі мен оның этномәдени сәйкестілігі арасындағы байланысты қарастыру тұлға дамуының жекедара және әлеуметтік шартталу мәселесін талдауға алып келеді. Өзіндік бағалау және қарым-қатынас процесі өзара тікелей байланысты, ажырамас процестер болып табылады. Осы тұрғыда, зерттеу жұмысымыздың келесі бөлімінде біліктілікті арттыру курстарына қатысушы тыңдаушылардың өзіндік бағалау деңгейлерін анықтауды жөн көрдік. Осы мақсатта М. Снайдердің «қарым-қатынаста өзін-өзі бақылауын анықтау» тестін қолдандық.

Тест құрылымы жағынан өте қарапайым және өңдеуге өте қолайлы.

Нәтижесін өңдеу төмендегідей :

1, 5 және 7 сұрақтарға «Б» жауабы сәйкес келсе 1 ұпайдан, ал қалған 2, 3, 4, 6, 8, 9, 10 сұрақтарға «Д» жауабы сәйкес келсе 1 ұпайдан беріледі. Алынған нәтиже көрсеткіштерінің ортақ қосындысы есептелінуі қажет.

Тест алдында қатысушыларға келесі нұсқау берілуі қажет: төменде берілген 10 сөйлеммен жақсылап танысып, жауап беріңіз. Әр сұрақты «дұрыс» немесе «бұрыс» деп белгілеп шығыңыз. Дұрыс деп тапсаңыз «Д» әріпін, ал керісінше болса, «Б» әріпін әр сұраққа қойыңыз.

Тест классификаторы бойынша келесі үш деңгей анықталады:

0 – 3 ұпай – коммуникативтік бақылау деңгейі төмен. Мінез-құлқы бірқалыпты және жағдайға қарай өзін өзгертуге тырыспайды. Қарым-қатынаста шынайы ұстайды. Мұндай адамдардың тікбақайлығына қарай көп адамдар ұната бермейді.

4 – 6 ұпай – коммуникативтік бақылау деңгейі орташа. Шынайы болуға тырысқанмен, эмоциясын игере алмайды. Айналасындағы адамдармен санаса біледі.

7 – 10 ұпай – коммуникативтік бақылау деңгейі жоғары. Кез-келген ролге оңай кіріп, жағдайдың өзгеруіне қарай бейімділіп отырады. Кез-келген ортада өзін жақсы сезінеді және ортаның өзі туралы ой-пікірін алдын-ала білуге мүмкіндігі жетеді.

Көптеген зерттеушілер құзырлы қарым-қатынас - субъектілердің танымдық іс-әрекеттерін дамытуда, айналасындағы адамдармен тиімді қатынас жасауда, өмірде өз орнын табуда оң ықпалын білдіреді. 12 жылдық білім беру жүйесіндегі педагогтың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатын қояды. Құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Яғни, тыңдаушының коммуникативтік құзырлылығы – білім жүйесінің және басқа да субъектілермен еркін, үйлесімді, белсенді қарым-қатынасқа түсе алуы. Осы жағдайға байланысты тыңдаушыларға «коммуникативтік іскерлікті бағалау тесті» жүргізілді.

Тесттің екі нұсқасы бар. Зерттеу жұмысымызда біз тесттің алғашқы нұсқасын пайдалануды ұйғардық.

Тесттің осы нұсқасында барлығы 25 сұрақ берілген. Тыңдаушыларға алдын-ала дайындалған жауап бланкілері таратылып беріледі және келесі мазмұнда нұсқау берілуі тиіс: «өз көңіліңіз толмайтын және кез-келген адаммен қарым-қатынасқа түскен жағдайда ашуландыратын жағдайлардың тұсына белгі қойып шығыңыз».

Тест нәтижесін өңдеуде адамды мазасыздандыратын және реніш туғызатын жағдайлар бойынша пайыздық көрсеткіш шығарылады.

Нәтижесін өңдеу барысында белгі қойылған жағдайлардың пайыздық көрсеткішін шығару қажет.

Тест төмендегі классификаторлар бойынша төрт деңгейде бағаланады:

70 – 100 % - коомуникативтілік іскерлігі төмен. Өзгелерді тыңдауға және өзіңізді ұстай білуді үйрену қажет.

40 – 69 % - қандай да кемшіліктер кездеседі. Айтылған сындарды найзаның ұшымен қабылдайды. Жақсы әңгімелесуші болу үшін әлі де біраз іскерліктерді меңгеру қажет. Асығыс шешім қабылдауға бейім.

10 – 39 % - жақсы әңгімелесуші болғанмен, кейде өзгелерді тыңдауға шыдамы жетпейді. Ойды аяғына дейін, толық тыңдауға дағдылану қажет.

0 – 9 % - өте жақсы серіктес бола алады. Өзгелерді тыңдай біледі. Мұндай адамдардың қарым-қатынас стиліне өзгелер үнемі қызығушылықпен қарайды.

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде А.М. Кузнецованың «вербальды емес коммуникацияны бағалаудың эксперттік» әдістемесін пайдалануда алдымызға мынадай мақсаттар қойдық:

1. әр этнос өкіліне тән вербалсіз коммуникация сигналдары туралы жалпы түсінік деңгейлерін анықтау;

2. этнос өкілдерінің көзқарастарының үйлесімділігін, басқа адамдардың вербальды емес әрекетін танудағы сезімталдықтарын анықтау;

Әдістеме 20 сұрақтан тұрады және әр сұраққа төрт вариантты жауап берілген. Тыңдаушылар әр сұрақта бір ғана жауап вариантын таңдауы тиіс. Сәйкесінше, әр вариантқа 1-ден 4-ке дейін ұпай беріледі. Әдістеме нәтижесін өңдеуде келесі өлшемдер бойынша нәтиже көрсеткіштері алынады:

1. Көзқарастың жан-жақтылығы мен үйлесімділігінің көрсеткіштері – 1, 5, 8, 12, 15, 17 сұрақтар.

Жалпы ұпай саны +9 –дан -9 –ға дейін болуы мүмкін.

2. Басқа адамның вербальды емес әрекетіне деген сензитивтілік пен сезімталдық көрсеткіштері – 2, 4, 7, 11, 14, 18, 20 сұрақтар.

Жалпы ұпай саны 28 –ден 7 –ге дейін болуы мүмкін.

3. Қарым-қатынас жағдайына байланысты өз вербалсіз әрекетін басқара алу көрсеткіштері – 3, 6, 9, 10, 13, 16, 19 сұрақтар.

Жалпы ұпай саны 23 –тен 2-ге дейін болуы мүмкін.

Әр берілген өлшемдер бойынша респиенттің жеке-жеке нәтижелері есептеліп, 5, 8, 12, 19 сұрақтардың ұпайлары өз өлшемдерінің жалпы көрсеткіштерінен алынып тасталынады.

Әдістеме нәтижесі әр респиентті үш тұрғыдан және перцептивті-коммуникативтік даму деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Соңғы жағдайда жалпы ұпай саны 0 –ден 60 –қа дейін болуы мүмкін. Сонымен қатар, зерттелушінің вербалсіз коммуникациясы құрылымының сапалық талдауын жасауға болады.

Тыңдаушыларға берілуі тиіс нұсқау: «Сізбен қарым-қатынасқа түскен адамның іс-әрекетіне сәйкес әр сұраққа жауап бланкіндегі берілген 4 нұсқасының біреуін таңдаңыз».

Тесттің бірнеше өлшемдерді қамтуына байланысты, өңдеуде өте мұқият болуды және біршама уақытты қажет етеді.

Тесттің жауап бланкі қосымшада көрсетілген формада алдын ала дайындалады.

Сонымен тәжірибелік диагностика жүргізуге алынған жоғарыдағы әдістемелерді іріктеуде әдістемелер бірқатар өлшемдер бойынша таңдалды. Олар:

- әдіснамалық ұстанымдарға сәйкестілігі;
- әдістемелердің нақтылығы;
- түсініктілігі;
- қарапайымдылығы;
- өңдеуге ыңғайлығы
- әдістемелердің өзара бірін-бірі толықтырушылық функциясы және т.б.

Яғни, осы анықталған өлшемдерге байланысты әдістемелер бойынша алынған нәтижелердің шынайы және нақты болуына айтулы септігін тигізді деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Фресс П., Пиаже Ж. Экспериментальная психология. Книга 6/ Перевод с французского. Предисловие и общ. ред. А.А.Леонтьева. – М.: «Прогресс», 1978. - 300 с.

2. Стрелков Ю.К. Инженерная и профессиональная психология: Учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений / Юрий Константинович Стрелков. -2-е из., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. - 360 с.

3. Арестова О.Н., Пахомов И.А. О соотношении физических и смысловых параметров коммуникативного пространства // Вопросы психологии, №2. 2002. С. 112-123.

Резюме

В данной статье рассматриваются психодиагностические методы, направленные на изучение межличностных отношений и коммуникативных способностей. В ходе исследования использовались метод Шорша для определения групповой сплоченности, тест Дж. Таунсенда для определения культурной и ценностной ориентации, метод оценки уровня коммуникативных навыков (В.Ф. Ряховский), тест самооценки в общении (М. Снайдер), тест оценки коммуникативной компетентности и экспертный метод оценки невербальной коммуникации (А. Кузнецова). Эти методы позволяют всесторонне изучить коммуникативные способности человека, уровень социальной адаптации и особенности взаимодействия в группе. Результаты исследования показывают, что коммуникативная компетентность человека способствует его эффективному функционированию в системе социальных отношений и формированию психологического климата в группе.

Ключевые слова: *коммуникация, общение, коммуникативные способности, групповая сплоченность, межличностные отношения, невербальная коммуникация, психодиагностика.*

Summary

This article considers psychodiagnostic methods aimed at studying interpersonal relationships and communicative abilities. During the study, the Seashore method for determining group cohesion, the J. Townsend test for determining cultural and value orientation, the method for assessing the level of communication skills (V.F. Ryakhovsky), the test for determining self-assessment in communication (M. Snyder), the test for assessing communicative competence and the expert method for assessing non-verbal communication (A. Kuznetsova) were used. These methods allow for a comprehensive study of a person's communicative abilities, the level of social adaptation and the features of interaction in a group. The results of the study show that a person's communicative competence contributes to his effective functioning in the system of social relations and the formation of the psychological climate in the group.

Keywords: *communication, communication, communicative ability, group cohesion, interpersonal relations, non-verbal communication, psychodiagnostics.*

ӨМІРІ ӨНЕГЕ



ҰЛАҒАТТЫ ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ

Ұстаз – қай кезде де мемлекет болашағын қалайтын білікті маман иесі. Ұстаздық ету – әлемдегі құрметті, сыйлы, әрі мәртебелі мамандық. Еліміздің болашағы жас ұрпаққа сапалы білім беруде өз үлесін қосатын, өз уақытын аямайтын, өзгенің уақытын аялайтын ұстаз үнемі ағымдағы жағдайға жас ұрпақты бейімдейді, кез келген ортаға дайындайды, өз саласының білікті кәсіп иесі болуға тәрбиелейді. Білікті мамандарды дайындауда өз үлесін қосып жүрген жандардың бірі – шәкірттердің сүйікті ұстазы, өз ортасында сыйлас әріптес, білікті басшы-жетекші, отбасында аяулы жар, ардақты ана Шохаева Қарлығаш Нұрланқызы деп айта аламыз.

Қарлығаш Нұрланқызымен алғашқы таныстығым Абай атындағы ҚазҰПУ қабырғасында басталған еді. Одан кейін Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, халықаралық және республикалық Форумдар, семинарларларда жиі кездесіп, түрлі тақырыптарда талқылау жасап, пікір алмасып жүрдік. Халықаралық конференцияда шетелдік ғалымдар мен отандық ғалымдар болып бас қосып, пікір алмасу жүргізіп жүрдік. Осы таныстығымыз үлкен достыққа, әрі әпкелі-сіңлілі қарым-қатынасқа ұласқан еді. Содан бері он жылдан астам уақыт өткен екен. Әлі күнге дейін өмірде де, қызметте де, ғылыми жолда да қатар қызмет етіп келеміз. Қарлығаш Нұрланқызы мені жан-жақтылығымен, терең білімімен, жаңалыққа құмар ізденімпаздығымен, жайдары мінезімен және айналасымен тез тіл табыса алатын қабілетімен, кішіпейілділігімен баураған еді. Осыдан кейін де біз үнемі ғылыми-шығармашылық жұмыстар бойынша түрлі семинар, форумдарда да үздіксіз ынтымақтаса жұмыс жасап келеміз.

Шохаева Қарлығаш Нұрланқызы — көптілді кәсіби маман, филология ғылымдарының PhD докторы, қауымдастырылған профессор, жоғары санатты оқытушы, халықаралық деңгейдегі ғалым және Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан тәжірибелі педагог-зерттеуші. Білім саласында шәкірттерге білім беру мен тәрбиелеуде адам шын жүрегімен болашақты өзгертуге жан-тәнімен қалайды және шәкірттерді оқытуға ынталы болады. Алдындағы шәкірттеріне білімді тереңдетіп оқытуда ғалым-ұстаз Қарлығаш Нұрланқызының білім мен ғылым саласына қосып келе жатқан үлесі зор.

Шохаева Қарлығаш Нұрланқызы 1977 жылы 30 қаңтарда Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданында дүниеге келген. 1985-1995 жылдар аралығында Жаңақорған ауданында Сұлтанбек Қожанов атындағы № 55 қазақ орта мектебін үздік аяқтап, ары қарай Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде 1995-1999 жылдар аралығында білім алып, 1999 жылы «ағылшын және француз тілі маманы» біліктілік дипломын алып шығады. Диплом алған сәттен бастап, аталған осы оқу орнында 28 жылдан астам үздіксіз қызмет етіп келеді. Сонымен қатар, Қарлығаш Нұрланқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде де оқытушылық қызмет атқарады. Бұл оқу орындары Қазақстанның жетекші жоғары білім беру мекемелері болып саналатынын білеміз. Қарлығаш Нұрланқызы жетекші орында келе жатқан еліміздің жоғары оқу орындарында тәжірибесін көтере отырып, ғылым мен ұстаздықты қатар алып келеді. Жоғары білім беру орындарында ғалым-ұстаздың үнемі ізденісте болуы, шет елдермен жиі қарым қатынас жасауы, үздіксіз шәкірттер тәрбиелеуде сапалы жұмыс жасауы тәжірибесін арттыра түсті. Қазақстан ғылымының дамуына өз үлесін қосып келе

жатқан, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған, көптілді мамандар дайындауда өзіндік орны бар тәжірибелі ғалым-ұстаздың шәкірт тәрбиелеуде жемісті еңбек атқарып келеді. Бүгінгі күнде Қарлығаш Нұрланқызы Scopus, Web of Science, ККСОН сияқты беделді ғылыми базаларда 70-тен аса ғылыми мақалалар жариялаумен қатар әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу құралдарының авторы болып табылады. Ғалым-ұстаздың 2025 жылы «Іскерлік коммуникациядағы сөйлеу стилінің прагматикалық қырлары» атты монографиялық еңбегі жарыққа шықты.

Қарлығаш Нурланқызы – қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерін кәсіби деңгейде меңгерген көптілді ғалым, DELF B2 және TOEFL, IELTS, TKT халықаралық сертификаттарының иегері. Ғалым Қарлығаш Нұрланқызы халықаралық, республикалық конференциялар мен форумдарда баяндама жасап, Қазақстан ғылымын әлемдік деңгейде танылуына өз үлесін қосып келеді. Сондай-ақ ғалым-ұстаз халықаралық іс-тәжірибелер мен біліктілік арттыру бағдарламалары негізінде түрлі елдерде, атап айтқанда:

– 2012ж. - Франция, Перпиньян университеті;

– 2016ж. - Франция, Пуатье университеті;

– 2018ж. - Түркия, Эгей университеті, Измир қаласы;

– 2019ж. - Бельгия, Брюссель, «Modern Research» институты;

– 2019ж. - Түркия, Анкара университеті,

– 2022ж. - ERASMUS бағдарламасы: Франция, Пуатье университеті; Қырғызстан Ұлттық университеті,

– 2023ж. - АҚШ, University of Massachusetts Boston (жоғары білімдегі технологиялар бойынша 180 сағаттық халықаралық семинарлар),

– 2024ж. - Қытай, Гуйянь, “China–Asian Education Cooperation Week” университеті;

– 2024ж. - Түркия, Стамбул университеті;

– 2025ж. - Сербия, Новый Сад университеті;

– 2025ж. - Англия, Стаффордшир университеттерінде біліктілік арттыру және түрлі іс-тәжірибе алмасуларда қатысып келеді.

Тәжірибелі көптілді маман Карлығаш Нұрланқызы — Қазақстандық Ғалым Әйелдер Ассоциациясының, Бельгиядағы Modern Research Institute ұйымының және Халықаралық француз тілі оқытушылары қауымдастығының (FLE) белсенді мүшесі болып табылады. Қызмет атқарған жылдарында:

– СДУ ректорының Алғыс хаты (2024 ж);

– Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ ректорының Алғыс хаты (2025 ж);

– ЮНЕСКО ұйымының арнайы Алғыс хаты (2024 ж);

– МИТУ университеті ректорының Алғыс хаты (2021 ж);

– Алматы қалалық Білім басқармасының директорының Алғыс хаты (2023 ж);

– Республикалық «Дарын» РҒПО орталығының Алғыс хаты;

– 2019 жылы білім саласындағы жоғары еңбегі үшін «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі;

– 2025 жылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі зор үлесі үшін «Ұлы Жеңістің 80 жылдығына» арналған төсбелгісімен марапатталады.

Ғалым-ұстаз Қарлығаш Нұрланқызының ғылыми және педагогикалық қызметіне тоқталатын болсақ, қазіргі таңда ЮНЕСКО алаңында белсенді жұмыс атқарып келеді. Франция, Англия, Түркия, т.б. шетелден келген шетелдік студенттерінің ғылыми жобаларын басқарып, олардың білімдерін тереңдетіп, жоғары нәтижелер көрсетуіне үнемі жетекшілік етіп келеді. Қарлығаш Нұрланқызы жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Дарын», «Зерде» және тағы басқа да республикалық пәндік олимпиадаларда қазылар алқасының төрайымы ретінде басқарып, ғылыми жобалардың әділ бағалануын қадағалап отырады. Ол PhD докторанттар мен магистранттардың диссертациялық жұмыстарына ресми рецензент ретінде баға беріп, өз ұсыныстарын беруден жалықпаған емес. Сонымен қатар докторлық кеңестер құрамында тұрақты мүшелік етіп келеді. Қазіргі таңда ізденімпаз ұстаз-ғалым Қарлығаш Нұрланқызы көптеген магистранттардың ғылыми жұмыстарын табысты қорғауына жетекшілік етеді. Қазіргі таңда ғалым 5 докторанттың ғылыми жетекшісі болып бағыт бағдар беріп келеді.

Ғалым-ұстаз Қарлығаш Нұрланқызы «Tutorials for Bachelors and Masters of All Technical Specialties: Communicating in Business Language» (№34718, 13.04.2023) «Teaching Aid: Professional Foreign Language for Technical Specialties» (№34738, 17.04.2023) авторлық құқықпен оқу құралы бекітіледі. 2026–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы, Ғылым және Жоғары білім министрлігінің ғылыми жобасы AP 26104473 бойынша «Жасанды интеллект арқылы іскери коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту» бағытындағы зерттеу тобының қатысушысы атанды.

Қарлығаш Нұрланқызы Отандық ғалымдармен қатар шетелдік Англия, Франция, Қытай, Моңғолия, Түркия, Сербия университеттерінің ғалымдарымен халықаралық

ғылыми әріптестік орнатып, бірлескен жобаларда және конференцияларда белсенді жұмыс атқаруда. Қазіргі таңда ол төрт тілді жетік меңгерген тәжірибелі ғалым-оқытушы Халықаралық инженерлік-технологиялық университеттің «Халықаралық ынтымақтастық департаментінің» директоры болып қызмет атқарып келеді.

Шохаева Қарлығаш Нұрланқызы – төрт перзент тәрбиелеп отырған үлгілі отбасының аяулы анасы. Жолдасы Киргизалиев Ерлан Алибекұлы ҚР ІІІМ қызмет атқарған жоғары білімді маман иесі, қазіргі таңда білікті кәсіп иесі ретінде табысты еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Тұңғыш ұлы Алмат Ерланұлы жоғары білікті маман иесі, магистр, ал қызы Айгерім Ерланқызы анасының жолын қуған ағылшын тілі пән мұғалімі, аудармашы, жоғары білімді білікті маман иесі атанса, Айзере Ерланқызы мен Абай Ерланұлы мектепте үздік оқушылар қатарында. Қарлығаш Нұрланқызы яулы жар, ардақты ана әрдайым отбасылық құндылықтарды дәріптейтін, отбасы мен ғылым жолын қатар алып жүрген нағыз қазақ АНАсының үлгісін көрсетіп жүрген ЖАН деп айта аламыз.

Құрметті ғалым-ұстазымыз Қарлығаш Нұрланқызы!



Сізді 50 жастың асқаралы белесіне шығып, өміріңіздің жаңа қырына аяқ басуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мерейлі 50 жас – өміріңіздің ең асыл да, мерейлі шақтың бірі. Осы уақытқа дейінгі жылдарыңыз қуаныш пен жетістіктерге толы болса, алдағы басар жылдарыңыз одан да бақытты, берекелі де шығармашылыққа толы табысты жылдарға айналсын! Алдағы уақытта да осы мәртебеңіз бен абыройыңыз арта берсін! Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, абыройлы ұзақ ғұмыр, қызметіңізге жемісті күндер тілейміз. Ғылым жолында ел игілігіне пайдалы жазарыңыз молынан болсын!











2024 — Қытай, Гуйянь, “China–Asian Education Cooperation Week” университеті;





ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР

ҰЛТ ӨНЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН ШЕБЕР

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ұлттық қолөнердің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, өнерімен ел жадында қалған қолөнер шебері Қарамұқан Басшыұлының еңбегін насихаттау мақсатын көздеген, 125 жылдығына орай **«Ұлт өнерін ұлықтаған шебер»** тақырыбында еске алу сағаты өтті.

Жалпы қолөнер - қастерлі қазына, ұлт мұрасы. Ал, ұлт мұрасы – шебер қолында. Талант пен табандылық тоғысқан шебер әлемі өз алдына бір бөлек. Қарамұқан Басшыұлы өмірін қолөнерге арнаған, өз ісіне адал, шеберлігімен көпке үлгі болған жан. Ағаштан түйін түйген ісмер, күйші. Жасынан қолданбалы өнер түрлерін үйренуге құмар болып өскен. Ат әбзелдерін, сандық, кебеже, адалбақан сияқты тұрмыста қолданылатын заттар мен киіз үй жабдықтарын жасаған. Шын есімі – Мұхаммедия. 1901 жылы 1 қаңтарда Маңғыстау облысы, Тұщыбек аулында туған, өмірінің біраз уақытын Ақтөбе, Байғанин ауданы, Қараукелді аулында өткерген, Қазан төңкерісінен кейін, 1930 жылдары колхозға мүше болып кіріп, көп жыл бойы Ақтөбе өңірінің «Аманкелді» колхозында ұста, малшы, ферма меңгерушісі, кейін дүкенші болған. 22 наурыз 1982 жылы дүниеден озған. Оның қолынан шыққан домбыралар қазіргі таңда Ақтөбе, Алматы мұражайларында сақтаулы.

Шара барысында шебер ұрпағы - Мауыт Қарамұқанқызы әке өсиеті, өмірлік ұстанымы турасында әңгіме өрбітіп, «...бала күнімде әкемнің «Ортеке» қуыршағын жасап отыратынын жие көретін едім...Музыкаға ерекше жақын болған әкем қамыстан сырнай жасап, оны өз қолымен ойып, тілше шығарып, музыка аспаптарын дайындайтын. Домбырамен қатар сазсырнай жасап, оны да шебер ойнайтын.» -деп ерекше сағынышпен еске алды. Тілге тиек еткен «Ортеке» қуыршағы 2022 жылы ортекенің ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материялдық емес мұрасының репрезентативті тізіміне енгізілген болатын. Саусақ пен ішектің ырғағынан туған бұл би жай ғана спектакль емес, тарихты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің бір түрі болып саналады. Балаларға домбыра үйрету үшін қызықтыру мақсатында жасалған деген пікірлер бар. Бізді бірегей ететін нәрсені сақтау өте маңызды. Дана халқымыз «Әке көрген оқ жонар..», қанмен келген қасиет тартпай қоймайды деп бекер айтпаса керек, бойына сіңген қанмен дарыған қолөнер шебері - Мауыт Қарамұқанқызы шараға өзінің қолынан жасаған «ортеке» қуыршақтарын ала келді.

Мауыт Қарамұқанқызы Қарауылкелді поселкісіндегі №2 мектепте 31 жыл қызмет атқарған. Қазіргі таңда келіні Ақмарал осы мектепте музыка пәнінен сабақ береді. Қолдан жасаған «ортеке» қуыршақтарын сабақ барысында пайдаланады екен. Шараға Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледж студентті Мұхамбетсағаров Батыр Мауыт Қарамұқанқызының жасаған «ортеке» қуыршағын ойнақтатып, күй тарту етті. Мауыт Қарамұқанқызының немересі Аманбек Ақерке шебер Қарамұқан атасына арнау туындысын оқып берді. Сөз кезегін алған, Роза Қарамұқанқызы: «...Әкем өте қасиетті, қадірлі адам болды. Олардың уақытында қиын жағдайлар болды ғой, соғыс болды, тапшылық болды. Сол кезеңдерде ауылдағылардың сынған дүниелерін бүтіндеп, жамап-жасқап елге қызмет қылды. Солай, елге абыройлы, ардақты болып өмірден озды. Әкеміз жанына домбыраны серік еткен күйші еді. Ата-анадан өрбіген балалардан басқа, бізбен бірге бауырларының да балаларын тәрбиелеп, бірге өстік. Өнерге баулыды. Қолымыздан бәрі келеді, қолөнермен айналысып келеміз, немерелерге де дарыған,»-деп ой түйді.

Маңғыстау облыстық Мұрат Өскінбайұлы атындағы филармонияның “Ақжарма” этно фольклорлық ансамблінің әртісі, Маңғыстау өнер колледжінде ұстаз, оқытушы, шебер Қарамұқан Басшыұлының немересі - Әлия Қарамұқан ата жолын жалғап, домбыраны серік етіп келеді. Маңғыстау облысынан бейне сәлемдеме жолдап, «...бұрындары консерваториядан студенттерді жан жаққа материал жинауға жіберген екен,сонда жобамен 1980 жылдары атамыздан бірнеше күйлерді үнтаспаға жазып алған көрінеді,қазіргі таңда өнер зерттеуші ағаларымыздың арқасында атамыздың төрт күйі жетіп отыр, солардың бірі халық күйі «Ілме» деп, шара қатысушыларының назарына күйді тарту етті.

Шебердің жиені - Толыбаева Баян Сатыбалдиевна: «...Нағашым өте қолы ашық, мырза болды, тоғызқұмалақ, шахматты жақсы ойнайтын еді – деп естелік әңгімесін айтып өтті.

Ақтөбе облыстық өлкетану музейінің қор қызметкер Зейнеп Жақсылықова: «...музей қорында сақталған шебердің екі бала домбыра сақтаулы. Оның бірі-қалақ, екіншісі жұмыр шанақты. Соңғысы этнография залының экспозициясына қойылған.

Сонымен қатар, шебердің көрігі, оның қолынан шыққан сүйектен жасаған ер-тұрманы туралы» айтып өтті. Музей қорындағы әр сақтаулы жәдігер - халық қазынасы.

Еске алу сағатына «Қолөнер - мәңгілік мұра» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Ақтөбелік қолөнер шеберлері туралы деректер, соның ішінде шебер Қарамұқан Басшыұлының фотосуреттері, *еңбектері мен өмірдеректері* қойылды.

Шараға кітапхана, музей қызметкерлері, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері қатысты.

Гүлмайрам Алатаева,
С. Бәйішев атындағы
облыстық әмбебап ғылыми кітапхананасының
өнер бойынша әдебиеттер бөлімінің
меңгерушісі, Ақтөбе қаласы









«КІТАПТАН ҚҰНДЫ СЫЙЛЫҚ ЖОҚ...»

Ақпанның 14-і – халықаралық кітап сыйлау күні. Атаулы күнге орай Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп жүрген акцияға өңірге белгілі зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер, түрлі сала мамандары мен оқырман жастар қатысты. Қадірлі қонақтар өздерінің ізгі тілектерін ақтарып, түрлі жанрдағы кітаптарды тарту етті. Соның ішінде Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Мәншүк Балмағамбетова кітапханаға қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованың өмір жолына арналған «Өшпес ерлік» кітабын сыйға берсе, «Құрмет», «Парасат» орденінің иегері, Қазақ ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, философия ғылымдарының докторы, профессор Алтай Тайжанов «Білім мен тәрбиенің этномәдени аспектілері», «Қ. Жұбанов және қазақ руханияты» және «Күміс нұр» секілді ғылыми бағыттағы кітаптарды, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Бижан Қалмағанбетов өзінің «Қарлығаштың ұясы» кітабына қоса бірнеше көркем әдеби туындыларды табыстады.

– Баршаңызды 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күнімен құттықтаймын! Кітап – білім мен тәрбие көзі. Ол ойымызды кеңейтіп, дүниеге тереңірек үңілуге, өмірге басқа қырынан қарауға үйретеді. Сондықтан балалар мен жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру – бүгінгі күннің маңызды міндеті.

Белгілі жазушы, қазақ әдебиетінің біртуар талантты қаламгері Асқар Сүлейменовтің «Жақсы кітап – ұяттың антологиясы» деген керемет сөзі бар. Қанша ғасыр, қанша дәуір өтсе де өзінің маңызы мен салмағын жоғалтпаған және адамзаттың рухани-эстетикалық сезімдерін оятқан қазына – кітап. Адам жүрегіне изгіліктің гүлін еккен жақсы кітаптардың келешек ұрпаққа да азық болары анық. Күллі пендені ортақ мүдделер мен адами қасиеттердің төңірегіне ұйыстырған және солай ортақ құндылықтар қалыптастырған кітаптың әр парағында мәңгілік сәуле бар екені сөзсіз. Бәріңізге рухани әсер, сәтті бастамалар тілеймін! Кітап сыйлау дәстүрі жылдан жылға жалғаса берсін, – деді Мәншүк Сәлімқызы.

Расымен де, бұл күннің жөні бөлек, маңызы зор. Себебі дәл осы күні жалпы оқырман қауым жаңа әлемге жол ашып, бір-біріне рухани байлық сыйлайды. Әр кітап адам ойының өрісін кеңейтіп, көркем ойлауға жетелейтіні айтпаса да белгілі. Осы бір түсініктің бүгінде маңыз-салмағы артқаны байқалады. Өйткені қазіргі кезде оқырмандардың қатары қалыңдады. Соның ішінде жастардың оқуға ден қойғаны көңіл қуантады. Міне, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясының негізгі мақсаты да осы – оқырмандар мен кітапхананың байланысын нығайтып, кітап оқудың маңыздылығын насихаттау, еркін кітап алмасу дәстүрін қалыптастыру еді. Осы үрдіске бой үйретіп келе жатқан оқырмандардың қатары күн санап өсіп жатыр. Мерекелік шараға келген қонақтар мен оқырмандардың көптігі де осыны анық аңғартты.

Қадірлі қонақтардың тағы бірқатары, атап айтсақ, композитор, Мәдениет қайраткері Мақсым Меңкешов, кәсіпкер Ғибат Қыдыралин, ақын, аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Гүлімай Қуанышева, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Назарбек Нұрмағанбетов, «Шатлық» Ақтөбе облыстық татар және башқұрт этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Эльвира Хабибуллина және «Славян» этно-мәдени бірлестігінің жетекшісі Любовь Пинаева, «Тахауи Ахтанов кітап үйі» ЖШС-ның директоры Варвара Аркадьевна акцияға үлестерін қосып, кітапхана қорын бір байытты.

– Алдымен біздің осы күні «кітап оқымайды» деген қасаң түсініктен арылып келе жатқанымыз қуантады. Қазіргі кезде түрлі жанрда еңбектеніп жүрген қаламгерлер жаңа шығармаларымен қазақ әдебиетінің алтын қамбасын толтырды. Балалар әдебиетінде де жағымды жаңалықтар көбейіп, балалар арасында аңыз-әңгіме, қазақ ертегілерін оқу қайта үрдіске айналды. Жас буынның оқу мен зердесіне тоқудың мәнін түсініп, кітапханаға жиі қатынауы осылай кең көлемде насихаттаудың ықпалынан екені сөзсіз. Анығында кітаптан құнды сыйлық жоқ, – деген ақын Гүлімай Әбішқызы балалар әдебиетіне былтыр ғана қосқан жаңа «Ер Едіге» кітабын және өзге де авторлардың еңбектерін сыйлады.

Айта кетейік, осы мерекелік шара қарсаңында Қазақстанның құрметті жазушысы Төрежан Мәндібай облыстық кітапханаға 2004 жылы жарық көрген «Қазығұрт Қорасан» кітабының қолжазбасын тарту етіп, шара қатысушыларына арнайы бейнежазба жолдады. Сонымен бірге журналист, ғалым, филология ғылымдарының докторы Серікқали Байменше «Мұрагер», «Тағызым», «Дәнекер» және «Тары тариххаты» сияқты бірнеше зерттеу еңбегін берсе, айтыскер ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жұлдыз Қожабекова «Қазақтың дәстүрлі 100 әні», «Күй анасы Дина» және Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабын сый ретінде ұсынды.

Мерекелік шара барысында ақын Бауыржан Жақыптың «Кітап туралы ой», Әубәкір Нілібаевтың «Кітап» атауындағы өлеңдері оқылды. Әсем әндер шырқалып, қонақтар мен оқырмандар қошемет көрсетті. Сонымен бірге республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясына таңдалған Қабдеш Жұмаділовтің, облыстық «Оқитын өлке» акиясына таңдалған қаламгерлер Бәкір Тәжібаевтың, Ертай Ашықбаевтың шығармашылықтарына арналған және «Тахауи Ахтанов кітап үйінің» жаңа кітаптарынан жасақталған кітап көрмелері таныстырылды.

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында облыстық кітапхана қорына 350-ден астам кітап келді. Солардың әрқайсысы әр жанр, әр бағыттағы кітаптар екенін ескерсек, кітапханаға келген әр оқырманның іздегенін көп ұзатпай табатынына сенуге болады. Демек, бұл акция кітапхана қызметінің қашанда оқырман игілігі үшін екенін, ал көрелерден орын алатын кітаптардың білімге жол ашып тұратынын тағы бір айқындады. Шараны қорытындылаған кітапхана директоры Сұлушаш Хакимова осы айтқанымызды кеңінен тарқатып, барша қатысушыға алғысын айтты.

– Мерекелік шара барысында кітап оқудың маңызы, жалпы ізденістің адам өміріндегі жаңа мүмкіндікке жетелейтіні турасында аз айтылмады. Баланың білімді болуы ата-анаға байланысты екені анық. Кітапхана мамандарының осы топырақта туған тарихи тұлғалар, ақын-жазушылардың рухани-мәдени мұраларын көздің қарашығындай сақтап, соны келешек ұрпаққа жеткізу жолында еңбегі орасан. Бұл іште кітапханашылар еш уақытта аянып қалған емес. Қолжазбалар қорына белгілі қаламгерлердің қолжазбалары келіп

жатқаны да біз үшін жағымды жаңалық. Мұның бәрі де уақыт алдындағы жауапкершілікті ұғынып, болашақ жас буынның сұранысына жауап беру мақсатында атқарылып жатыр.

Қазақтың саналы, зерделі, ойлы ұрпағының қатары арта берсін, – деп тілегін ақтарды Сұлушаш Максимқызы.

Аманжол Исламғали,
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық
әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері








МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР - МҰҚАҒАЛИ ЖЫРЫ

С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ақиық ақын, аудармашы, драматург Мұқағали Мақатаевтың 95 жыл мерейтойына арналған «**Мәңгілік ғұмыр - Мұқағали жыры**» жыр байқауы өтті

"Ойлы жас!
Өлең менің сырласымдай,
Сырлассам да құмарым жүр басылмай.
Айтып өткен ақында арман бар ма
Жүрегінің түбіне кір жасырмай..."
М.Мақатаев

Бұл жолдар – Мұқағали жанының айнасы, ақындық болмысының айғағы. Осындай терең де мөлдір жырлар жас өрендердің жүрегіне жол тауып, олардың шығармашылық шабытын оятқаны байқау барысында айқын сезілді.

Жыр доданың әділ қазылар мүшесінде Журналист, ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі - Индира Кереева; ақын, "Ақтөбе-Дарын" өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы" әдіскері - Бекжан Асанов; ақын, С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері Аманжол Исламғали төрелік етті.

ІІІ кезеңнен тұратын Мұқағали байқауының нәтижесінде:

І орын - №45 орта мектебінің 11 класс оқушылары Әмина Аманғос – Жанерке Нұржанқызы («Шабыт» жұбы);

II орын - Ақтөбе Жоғары гуманитарлық колледжінің 2 курс студенттері Меруерт Болатқызы-Нұрдана Әміржан («Qalam Duo» жұбы);

III орын - Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ 2 курс студенттері Қуаныш Жангүл-Рахымжанова Альбина («Жұбановшылар» жұбы);

Алғыс хат - Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ 1 курс студенті Дәулет Бақытқали.

Байқауға қатысқан әрбір үміткерге жазушы Әлихан Жақсылықтың «Сені іздедім» кітабы табысталды.

Жеңімпаздарға Т.Ахтанов атындағы драма театрында өтетін «Мама» драмасын, Қалалық мәдениет сарайында өтетін «Бақыт деген...» музыкалық поэзия кешін ұйымдастырушы тараптан билеттер тарту етілді.

Қазақ поэзиясының заңғар биігі – Мұқағали Мақатаевтың рухына тағзым етіп, оның мөлдір жырларынан нәр алған жас дарындардың өнеріне куә болдық. Байқауға қатысқан әрбір үміткер өз жүрегінің лүпілін, өз ой-толғанысын Мұқағали жырымен үндестіре білді.

Сонымен қатар **«Мұқағали мұрасы – мәңгілік»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған әдебиеттерге библиографиялық шолу жасалды. Бұл көрме жас оқырманды Мұқағали әлеміне терең бойлауға жетелеген рухани қазынаға айналды.

Байқау соңында ашық микрофон ұйымдастырылып, қатысушылар мен көрермендер ақын жырларын еркін оқып, жүрек түкпіріндегі сырларын поэзиямен өрнектеді.Бұл кеш – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа аманат. Мұқағали жыры оқылған сайын, оның рухы арамызда тірі, ал қазақтың сөзі мәңгі жасай бермек.

Әсел Еркінқызы,
С.Бәйішев атындағы
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасының қызметкері





Абай даналығына жүгінсек, рухани ұстанымы айрықша: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,сонда толық боларсың елден бөлек», –дейді. Хакім Абай тағы бір сөзінде «Егер мал керек болса,қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды.Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерші– қазақтың әулиесі сол», –дейді. Таза еңбегімен ғана күнелтетін қолөнершілерді Абай қазақтардың ішіндегі әулиесі деп бағалайды. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнердің алуан түрін ойлап тауып, қолданған. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Өз ұрпағының «сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі, өнерлі болып өсуін мақсат еткен ата-анамыз өз бойындағы бар асыл қасиеттерін ұрпақтан ұрпаққа үйретіп келген.

Бүгінде халық шеберлері жасаған бұйымдар жоғары бағалануда. Жаңа заман өз сұранысын алға шығарып, жаңа талаптарын қойып отыр. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерімізді дәріптеп, мәдениетіміздің өркендеуінеөз үлестерін қосып жүрген шеберлеріміздің еңбегін насихаттау мақсатында, сондай-ақ жастарды еңбекқорлыққа, шеберлікке, мейірімділікке тәрбиелеуді көздеген **«Қолөнер – тәрбие көзі, жүрек жылуы»** кездесу кеші өтті.

«Әке көрген оқ жонар...»демекші, *рухани ордамызда қонақта* әкелі-балалы қос шебер – Жақсыбай Халмұратұлы Төлегеновмен *Орынбасар Жақсыбайұлы Төлегенов қатысты.*

Жақсыбай Халмұратұлы Төлегенов – *Өзбекстан суретшілер академиясының мүшесі,* Өзбекстан Президенті Ислам Кәрімовтің қолынан «Даңқ» медалін алған, Нөкіс қаласындағы жалғыз қазақ мүсіншісі. Жүзден астам туындының авторы. Ел тәуелсіздік алғалы тарихи отанына мыңдаған қандасымыз қоныс аударған кездері, атамекенге табан тіреп, Қарақалпақстанның Нөкіс қаласынан Ақтөбеге 2005 жылы қоныс аударған.

Орынбасар Жақсыбайұлы Төлегенов – Қазақстан Республикасының Қолөнершілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспозициялық-көрмелік қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі. Ғасырлар бойы сақталған құнды жәдігерлерді жаңғыртумен айналысады. **Қазіргі кезде өңірге танымал қолөнершілердің бірі. Әсіресе, қыштан бұйым жасайтын шебер.** Жасаған ұлттық кәдесыйлары ЭКСПО көрмесіне қойылды. Өңірде ұйымдастырылған «Рухани қазына–2022» іс-шарасындағы үздік номинация иегері.

Кездесу барысында Жақсыбай Халмұратұлы ..– Қанмен келген қасиет тегіне тартпай қоймайды деп дана халқымыз айтқандай, шеберлік әкемнен дарыса керек. Менің әкем теріден, ағаштан түрлі мүсіндер, бұйымдар жасаған қолөнерші болған екен. Ол кісінің ұсталығын танытқан – «ортеке» аспабы. Саусаққа ілінген жіп арқылы ағаш ортеке домбыра ойналғанда ойнақтап билейді. Өз балаларымның ішінде Орынбасар өнерден құр алақан емес,– деп әкелік ризашылық сезімен жеткізді.

Оқырмандар тарапынан қойылған сауалдар барысында Орынбасар *Жақсыбайұлы* «Бұл өнерге бет бұруымның тікелей себебі – мен жастайымнан әкемнің жанында жүріп, осы өнердің қыр-сырын үйрендім. Әкемнің жолын қуғым келді. Әрі бойымдағы ерекше дарындылықты байқаған әкемменің осы өнерді таңдауымды қалады. Сөйтіп мен 2001 жылы Ташкент қаласындағы Камолиддин Бехзодатындағы ұлттық сурет және дизайн институтына түстім. Оқу орнын 2005 жылы «қышшебері» мамандығы бойынша аяқтап, Ақтөбеге көшіп, осы қалада Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспозициялық-көрмелік қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүрмін. Ал, отбасыма келсем, зайыбым екеуміз үш ұл, екі қыз тәрбиелеп отырмыз. Балаларымның ішінде үшінші ұлым Әнет Жақсыбаев қолөнерге ерекше қызығады. Өнерден құр алақан емес талабы зор,бар білгенімді үйретіп, әкелік қамқорлығымды білдіріп отырамын. Болашақта балам ата, әке жолын қуса, әрине, қуанамын, – деп үмітпен айтып өтті. Бұйырса әулеттің алтыншы ұрпағын жалғастырушы – шебер болады деген үміті бар екен.

Қос шебер халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болған бай қолөнері мен шеберлік сырларына тоқталып,сомдаған туындылары мен жеке шығармашылық жолындағы ізденістері туралы әңгімелеп берді.Жастарға кітап оқуға құштар болу керектігін,кітап оқу білімді тұлғаны қалыптастыратынын, ал нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білімнің маңызды екенін айтты.

Қыш бұйымдарының жасалу технологиясы мен ерекшеліктерін түсіндіріп, шеберлік сағатын өткізді. Оқырмандар тарапынан қойылған сауалдарға шынайы әрі тиянақты жауап берді. Жастар ерекше қошемет көрсетіп, қышпен жұмыс жасаудың сырына қанықты.

«Халық қолөнері – өркениеттің мәдени мәйегі» кітап көрмесі жасақталып, өнер әдебиеттері бойынша бөлімінің кітапханашы Гүлбану Какенова библиографиялық шолу жасады. Көрмеге Шайзада Тохтабаева мен Рисалят Каримованың қазақтардың шетелде сақталып тұрған материалдық мәдениетінің үлгілеріне арналған «Қазақтың сәндік қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері» альбом-кітабы, XIII-XVI ғасырлардағы Сарайшық қалашығынан 1996-2000 жылдары Иманғали Тасмағанбетовтың ұйымдастыруымен және Зейнолла Самашевтың жетекшілігімен Батыс Қазақстан экспедициясының жүргізген зерттеулері кезінде жинақталған бірегей материалдардың ғылым тарихындағы тұңғыш әрі толық жариялымы «Сарайшық» кітабы және тағы да басқа еңбектері, Ақтөбелік қолөнер шеберлері туралы деректер, кездесу шарасының қонақтары мүсінші Төлегенов Жақсыбай мен қыш шебері *Орынбасар Жақсыбайұлының туындылары, мүсін эскиздері* қойылды.

Қос шебердің «Көрісу»,«Дана ой» аталатын ақсақал қарттың бейнесін жасаған мүсін, Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына арналған «Үміт» мүсіні, «Ару ана» деп аталатын туындылары бар. «Ару ана» туындысының биіктігі тұғырымен қосаалғанда 2 метр болады. Бұл – көп еңбекпен, ұзақ уақыт жасаған мүсін. Әкелі-балалы шеберлер 2021 жылы граниттен Төлеген Айбергеновтің ескерткішін жасаған, бүгінде ескерткішАқтөбе қаласындағы «Ғашықтар» гүлзарына қойылған. Сонымен бірге Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Т.Жүргенов ауылына қойылған Темірбек Жүргеновтің кеуде мүсінін жасаған. Жастар жергілікті қолөнершілердің шығармашылығын жаңа қырынан танып, біле жүрсе деген тілек бар.Таланттарын қадірлейтін халық аман болсын!

Кездесу кешіне Ақтөбе көпсалалы «АГУ Тарлан» колледж студенттері **қатысты.** Ахмет Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің студенті Батыр Ғаниұлы жырау, күйші Кетбұғаның «Ақсақ Құлан» күйін тарту етті. Кітапхана директоры Сұлушаш Максимқызы Хакимова қонақтар мен оқырмандарға алғысын айтты.

Гүлмайрам Алатаева,
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе
облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының
өнер бойынша әдебиеттер бөлімінің
меңгерушісі



СҰЛУ САЗДЫҢ ЗЕРГЕРІ

Кеңес Дүйсекеев – қазақ эстрадасы мен кәсіби музыка өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Ол ұлттық әуен мен заманауи музыкалық стильдерді шебер ұштастырып, қазақ музыкасына жаңа тыныс әкелген тұлғалардың бірі. Ол 1946 жылы 10 ақпанда Қызылорда облысында дүниеге келген. Әлімұлы тайпасының Төртқара руынан шыққан. 1974 жылы Алматы консерваториясын бітірген. 1974-1976 жылдары "Гүлдер" ансамблінің бас дирижері және музыка жетекшісі, 1976-1979 жылдары "Қазақконцерт" гастрольдік-концерт бірлестігінің музыка жетекшісі, 1975-1984 жылдары Қазақ теледидары музыка редакциясының бас редакторы болып қызмет атқарған. Дүйсекеевтің жетекшілігімен "Тамаша", "Халық — талант қайнары", "Шабыт", "Жастарға арналған музыкалық кештер", "Музыка әлемінде", т.б. теледидарлық

бағдарламалар шығарылды. 1984- 1997 жылдары Қазақстан мемлекеттік телерадио комитеті эстрадалық-симфония оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері болды. 1997 жылдан "Қазаққонцерт" гастрольдік-концерт бірлестігінің көркемдік жетекшісі болған.

Композитор өз естелігінде: «– Менің музыкаға әуестігім домбырадан басталған. Оқушы кезімде домбыра тартып үйрендім. Орта мектепті бітірер тұста алғашқы ән-күйлерімді шығара бастадым. Мұны байқаған Рахатдин ағам мектепті бітіретін жылдың көктемінде мені Қазақстан ғылымдар академиясына – қазақтың даңқты композиторы Ахмет Жұбанов ағамызға апарып, тырнақалды туындыларымды – бір-екі әнім мен күйімді орындатты. Ол кісі менің шығармаларымды тыңдап болды да, мені шығарып жіберіп, ағаммен сөйлесіп қалды. Ағама: «Баланың қабілеті бар екен, сондықтан оған жақсы білім алу керек. Сол үшін, менің тілімді алсаңдар, алдымен музыкалық училищені бітіргені жөн. Сосын консерваторияны дайындық курсынан бастап оқып бітіруі керек. Сонда ғана білімі толық болады», – депті. Сөздің қысқасы, мектепте жақсы оқысам да басқа институтқа мойын бұрмай, музыкалық училищеге ырғақты есту қабілетінен (слух, ритм) емтиханды ойдағыдай тапсырып, оқуға кірдім. Сонымен училищеде бес жыл, консерваторияда бес жыл – он жыл бойы музыкалық білім алып, 1974 жылы 28 жасымда композитор және музыка пәні мұғалімі деген мамандықтың дипломы қолыма тиіп, оқуды бітірдім. Әрине, арнайы білім алғасын композитор саналасың, бірақ менің ойымша композиторлығыңды ең алдымен халық танып, сені солай атаса ғана композитормын деп ұялмай айтуға болатын шығар. Оған қол жеткізу үшін сенің жазған туындыларың елдің көңілінен шығуы керек.Оқуды бітіргесін үш жыл өткенде (1977 жылы) КСРО Композиторлар одағының мүшесі болдым. Одаққа мүшелікке өту үшін арнайы білімің және классикалық жанрларда жазған бірнеше үлкен шығарман болуы тиіс. Оны және Мәскеуге жіберуің керек. Сол жақта оны оркестрлерге салып орындатады, сосын шығарманы тыңдап, авторын Композиторлар одағына аламыз ба, алмаймыз ба деген мәселе шешіледі», - деп еске алады.

Композитордың шығармашылығы ән, симфониялық және камералық музыка жанрларын қамтиды. Ол – "Толғау" симфониясының (1984), "Жалаңтөс батыр" симфония поэма-картинасының (1996), "О, дүние" кантатасының (1997), "Жыл мезгілдері" романстар циклінің (1991), "Мәди", "Аққу Жібек" мюзиклінің, "Алдар көсе" опереттасының, симфония-концерттер, аспаптарға арналған концерттер, камералық оркестрге шығармалар, соната, рапсодия, вариациялар және 200-ден астам әндердің авторы. Кеңес Дүйсекеевтің әндері терең лиризмге, философиялық ойға және ұлттық болмысқа бай. Оның туындыларында адам жанының нәзік сезімдері, туған жерге деген махаббат, уақыт пен тағдыр тақырыптары кеңінен көрініс табады.

Әндерінің тарихына тоқталсақ, «Қарағым-ай» – тағдырлы ән. Мұны былайғы көпшілік ғашықтық, махаббат әні деп ойлайды. Композитордың Гүлшат есімді жалғыз әпкесі КазПИ-де оқып жүріп, 19 жасында кенеттен қайтыс болады. Өзі өте сұлу болса керек. Көп ұзамай артынан әкесі де шын дүниесіне аттанады. Кеңес Дүйсекеев ол кезде бар болғаны бес жаста ғана екен. Уақыт өте келе ол жалғыз әпкесіне арнап ән шығарады. «Қарағым-ай» әні осылайша әпкеге, әкеге деген сағыныштан туады. «Әкем тірі болса, әпкем тірі болса, қызын ұзатып әкем осы әнді шығарып салу кезінде орындар ма еді?» деп отырушы еді Кеңес аға. *«Мен сол «Қарағым-айды» жазған кезде елдің бәрі «о, Дүйсекеев қайтадан ғашық болыпты» деп ойлапты»*, — деген екен сазгер «Бенефис» бағдарламасында әннің тарихын айта келе. Ал негізі бұл туынды әкенің қызын тұрмысқа беріп жатқан кезде айтатын әні екен. Қызымен қоштасу ретінде орындалатын шығарма.«Осы әнмен талай менің достарым қыздарын ұзатқан кезде еңіреп жылағандарын көрдім. Кейбір кезде бұл әнді қазақтың халық әні деп айтып жатады. Ол композитор үшін үлкен бақыт шығар», — деген екен композитор. Қазақтың ұлттық рухын көтеретін және сол әндерімен қазақты шетелдерге таныта білген әндері бар. Кеңес Дүйсекеевтің:– Маған Алматы облыстық филармониясынан әнші Галина Невара ән сұрап келді. Бүкілодақтық байқауға қатысайын деп едім деді. Мен «Домбыра туралы балладаны» ұсындым. Ұнатты. Ансамбльдері бар екен. Аранжировкасын жасап беріп, «бұл әнді кіжініп айту керек!» дедім. Ташкенттегі іріктеу турына Қазақстаннан баратын әншілерді таңдадық. Мен жюри мүшесімін. Галина шығып, орыстың қызы, тура мен айтқандай шырқап берді. «Күй ойнайды қазағымның қанында, Күй ойнайды қазағымның жанында» дегенде тыңдаушыға қатты әсер берді! Роза жүгіріп келді: «Аға, мына әнді мен айтуым керек!» Тасқын қасымда отыр. «Мен сендерге көрсеттім ғой «Сәлем, саған, туған ел», «Еркеледің сен» деген әндерімді алдыңдар, «Домбыраға» көңіл бөлмедіңдер. Мен кінәлімін бе соған?..» Галина Невара өтпей қалды... Нағима өтті. «Домбыраны» Розаға бердім. Аранжировкасын Мәскеуде жазатын болдық. Роза Түркиядағы халықаралық «Алтын микрофон» байқауына «Домбырамен» баратын болған. Мәскеуде түрік тіліне аудардық. Төрт сағатта жазылуы тиіс дүниенің аранжировкасын оркестр ойнай алмай, бір апта отырдым Мәскеуде! Өзіміздің оркестр бірден ойнап кеткен. Аналар ойнағысы келеді, қолдарынан келмейді.

Шығыстың сарыны ғой өйткені. Оған тағы да джаз-рокты қосқанмын. Джаз-рокты бізде тыңдауға болмайтын, американдық радиостансаны түнде тыңдайтынбыз. Содан Роза Түркиядан «Алтын микрофонды» алып қайтты! Алдыңғы орында отырған қазақтар орындарынан тұрып кеткен! Оларға түріктер қосылған! «Сәлем, саған, туған ел» әніне бүкіл зал болып билеп кеткен! Роза маған да грамота алыпкелді: «За претворение национальных традиций в современную эстраду». 1979 жыл, біздіңмырқымбайлар «Дүйсекеевқазақшамузыка жазбайды» деп жүрген кез, – деп айтқаны бар.

Кеңес Дүйсекеев көптеген танымал әндердің авторы ретінде елге кеңінен танылды. Оның шығармаларын қазақ эстрадасының белгілі әншілері, Нағима Есқалиева, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Сембек Жұмағалиев, Жексен Жұбаныш орындап, бұл әндер халық арасында үлкен сүйіспеншілікке ие болды. Композитордың музыкасы тыңдарманды қарапайым әуенімен ғана емес, терең мазмұнымен баурайды.



Композитордың өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау, дарынды тұлғаларымызды құрметтеуге және өнерін қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап кітапханасы Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің өнер бөлімімен бірлесіп, композитор Кеңес Дүйсекеевтің 80 жылдығына орай оқырмандар арасында «Сұлу саздың зергері» атты әдеби әуен кеші ұйымдастырылды. Мәдени шарада композитор Кеңес Дүйсекеевтің өмірі мен шығармашылық жолы туралы айтылып, бейнебаян көрсетілді. Композитордың әндеріне арналған «Әнді тап!» ойыны ойнатылды. Ақын Ш.Сариевтің сөзіне жазылған «Анаға хат» Оралов Мейірім, Тұрақбаев Нұржан «Ойлайсың ба, жаным» Сейтмұханбет Сунар, , Базарбаева Әселай, «Өкінбе сен» Жақсылықова Жансая, «Қарағым - ай» Жексенбі Әсет, «Ғашықтар жыры» Серікбол Саматұлы, Әйгерім Амерқанқызы, «Ана» «Зерім» тобы, «Анаға хат» студенттер аралас хоры орындады. Оқытушы Булекеева Назгүл Сериковна студенттермен бірігіп, караокеде жазылған балаларға арналған «Жау – жау жаңбыр», «Қазақы дастархан», «Туған жер» әндерін орындады. Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжінің «Мәдениет және саз бөлімі» оқытушысы Шумакова Шолпан Ахметқызы шараға қатысқан студенттер мен кітапханашыларға өз алғысын білдіріп, қорытындылады .Іс-шараға жиналғандар композитор К.Дүйсекеевтің өмірі мен шығармашылығына арналған ««**Дарынды тұлға**»» атты кітап көрмесімен танысты. Өнер иесі тек композитор ретінде ғана емес, қазақ музыкасының эстетикалық деңгейін көтеруге үлес қосқан мәдени қайраткер ретінде бағаланады. Кеңес Дүйсекеевтің шығармашылығы – ұлттық музыка тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі.

Какенова Гүлбану Қуанышқызы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық
әмбебап – ғылыми кітапханасының өнер әдебиеттер
бөлімінің кітапханашысы

ҚР ОУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 24 АҚПАНДАҒЫ №20-3-20-7/1428-И ХАТЫНА СӘЙКЕС ҮЗДІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ЖАРИЯЛАУ ҮШІН ҰСЫНЫЛҒАН БАСЫЛЫМДАР ТІЗІМІНЕ ЕНГЕН ЖУРНАЛ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!
АҚ «Қазпоштаның» 2026 жылға арналған каталогында қате кеткен, содықтан осы кесте арқылы төлемақы жасауларыңызды сұраймыз!

Редакция

Индекс	Басылым аты, редакция телефоны Наименование изданий, телефоны редакций	Жылына шығарылым саны Периодичность в год	Жазылу мерзімі Срок подписки	Жазылу бағасы Подписная цена	
				Қала/город Заңды тұлға/юр.лицо жеке тұлға/физ.лицо	Қала/город жеке тұлға/физ. лицо
					Ауыл/село жеке тұлға/физ. лицо Заңды тұлға/юр.лицо
75737	**ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ** *қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде на казахском, русском и английском языках ғылымипедагогикалық әдістемелік материалдармен тәжірибе, ғылыми педагогикалық жаңалықтар жарияланады тел. 8 (702) 372-33-12 Алматы*	**12**	**3 ай**	**3 607,11**	**3 470,13**
			6 ай	**7 214,22**	**6 940,26**
			12 ай	**14 428,44**	**13 880,52**